

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі  
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**Бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдыларын  
қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Астана, 2024

БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2024 жылғы 10 маусымдағы № 5 хаттама)

**Бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024 ж. –80 б.**

Бұл әдістемелік ұсынымда бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру бойынша бірқатар маңызды әдістемелік кеңестер ұсынылған. Ұсынымдар оқу үдерісін оңтайландыруға бағытталған және білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға, оқу белсенділігін ынталандыруға көмектеседі. Осы әдістемелік ұсынымдар арқылы бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдыларын тиімді дамытуға болады.

Әдістемелік ұсынымдар орта білім беру ұйымдарының басшыларына, білім басқармалары мен бөлімдерінің, оқу-әдістемелік орталықтардың/ кабинеттердің әдіскерлеріне, бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған.

## Кіріспе

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 21 қазандағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысы барысында Қазақстан білім алушылары PISA зерттеуінің нәтижелері бойынша ЭЫДҰ елдеріндегі өз құрдастарынан оқу сауаттылығы жағынан айтарлықтай артта қалғанын атап өтіп, жаппай кітап оқитын ұлтқа айналу үшін жоғары оқу мәдениетін қалыптастыру жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды.

Өзгермелі заманның қарқынына ілесіп, адам өмір бойы оқып-үйренуге бейім болуы керек. Ғылым мен техниканың үнемі алға жылжуы, инновациялық технологиялардың дамуы бізден білімді үздіксіз толықтыруды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, оқырмандық құзыреттілік – өз бетімен білім алу жолындағы негізгі шарттардың бірі. Әрбір баланың оқуға деген құлшынысы, әлемді кітап арқылы тануға деген қызығушылығы дәл мектеп қабырғасында қалыптасады. Бұл асыл мақсатқа жету үшін отбасы, мектеп және кітапхана бірлесе жұмыс істеп, баланың танымдық көкжиегін кеңейту жолында күш біріктіруі қажет [4]. Осы мақсатта 2021-2022 оқу жылынан бастап барлық білім беру ұйымдарында кітап оқуға қолдау көрсету және кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында білім алушылар арасында «Оқитын мектеп» жобасы енгізіліп, мектептерде сабақ аралығында кесте бойынша 20 минуттық кітап оқу ұйымдастырылып келеді.

Бастауыш мектеп – әр баланың өміріндегі ерекше кезең, себебі дәл осы уақыт аралығында оның оқу қабілеті мен іс-әрекетті ұйымдастыру дағдыларының негізі қалыптасады. Толыққанды оқу дағдысын игерген бала жаңа білімді өз бетімен меңгеруге қабілетті болып, болашақта жоғары сыныптарда және өмір бойы өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік алады. Оқуға деген шынайы қызығушылық тек баланың саналы түрде оқу процесін игеріп, оқу-танымдық мотивтері дамыған кезде ғана пайда болады. Алайда оқу әрекеті өздігінен қалыптаспайды. Оны меңгеру үшін бала оқу әдіс-тәсілдерін, мәтінмен мағыналық жұмыс жасаудың жолдарын, сондай-ақ басқа да маңызды дағдыларды үйренуі қажет.

Бұл әдістемелік ұсынымда бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру бойынша бірқатар маңызды әдістемелік кеңестер ұсынылған. Ұсынымдар оқу үдерісін оңтайландыруға бағытталған және білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға, оқу белсенділігін ынталандыруға көмектеседі.

Негізгі ұсынымдар:

*Оқуға ынталандыру:* білім алушыларды қызықтыру үшін түрлі ойын әдістерін, интерактивті тапсырмаларды, суреттер мен бейнематериалдарды қолдану ұсынылады.

*Оқу үдерісін жүйелеу:* Күнделікті оқу кестесін құру, білім алушыларға түсінікті және ыңғайлы оқу мақсаттарын белгілеу маңызды.

*Деңгейіне қарай материал ұсыну:* Әр білім алушының жеке оқу деңгейін ескеру, қажеттілігіне қарай дифференциацияланған тапсырмалар беру ұсынылады.

*Жан-жақты қолдау көрсету:* білім алушыларды жігерлендіріп, қолдап отыру олардың оқу белсенділігін арттырады.

*Оқу барысын бақылау:* білім алушылардың жетістіктерін үнемі бақылап, кері байланыс беру арқылы оқу дағдыларының дамуына септігін тигізу керек.

Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін бастауыш сыныптардан бастап әртүрлі мәтіндерді, соның ішінде электронды мәтіндерді қолдану қажет, өйткені білім алушылар әртүрлі формада: диаграммалар, суреттер, карталар, кестелер мен графиктер түрінде ұсынылған әртүрлі жанрдағы мәтінді түсіну қабілетін көрсетуі қажет, мәтінді түсіндіру, оның мазмұны туралы ойлау, оның мәні мен мағынасын бағалау.

Тілдік пәндер бойынша оқу бағдарламаларының оқыту мақсаттарын пысықтау PIRLS және PISA халықаралық зерттеулерінде бағаланатын оқу сауаттылығы дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға мүмкіндік береді:

- нақты түрде берілген ақпаратты табу;
- тікелей қорытындылар жасау;
- ақпараттың идеясын түсіндіру және кіріктіру;
- мәтін элементтерінің мазмұнын бағалау және сынау.

Оқу сауаттылығы дағдыларын тек тілдік пәндердің сабақтарында ғана емес пәнаралық контексте де дамыту қажет, ол үшін:

- оқуға үйретуді басқа пәндермен кіріктіру (интеграциялау);
- тілдерді және басқа пәндерді оқытатын мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықты нығайту;
- оқудың әртүрлі стратегияларын қолдану дағдыларын дамыту, атап айтқанда, білім алушылардың оқығанын біріктіру, жинақтау және бағалау дағдыларын дамыту;
- өз пікірін білдіруді қажет ететін тапсырмаларды қолдану (ашық сұрақтардың көмегімен);
- оқылатын мәтінді таңдауда сараланған тәсілді қолдану, белгісіз сөздердің үлесі немесе оның байланысы мен құрылымы арқылы мәтіннің күрделілігін анықтауға болады;
- цифрлық мәтіндермен, соның ішінде интернет-ортада жұмыс жасау дағдыларын дамытуға машықтандыру;
- оқу және цифрлық сауаттылыққа үйрету бағдарламаларын кіріктіру және т.б. [2].

Әдістемелік ұсынымда бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдыларын қалыптастырудың негізгі бағыттары мен тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылған. Бұл ұсынымдар білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын оятып, дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

## **1. Бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдыларын дамыту жолдары**

Балалардың дүниетанымын кеңейтумен қатар, оқу олардың сезімін, еркін, логикалық ойлауын және тілін дамытатын маңызды құрал болып табылады. Оқу білім алушының сезімін тәрбиелеп, ерік-жігерін шыңдайды, сонымен қатар логикалық ойлау мен тілін дамытуға ықпал етеді. Білім алушылар шапшаң, мәнерлеп және түсініп оқуды меңгерген сайын, оқудың маңызы арта түседі. Сондықтан оқу процесі бір жағынан, білім мен тәрбие беру міндеттерін орындауға, екінші жағынан, білім алушыларды оқу дағдыларына машықтандыруға бағытталған күрделі іс-әрекет ретінде қарастырылады.

Бастауыш сынып білім алушылары әр сабақта оқу дағдыларын жетілдіріп, білім мен тәрбие алуына қажетті түрлі дағдыларды қалыптастырады. Оқу – күрделі психологиялық процесс, ол тілдің дамуының барлық аспектілерімен, оның ішінде әдеби жазба тілімен және ауызша сөйлеу тілімен тығыз байланысты. Оқу барысында көру, есту және сөйлеу мүшелері бір мезгілде жұмыс істеп, түсіну әрекетімен үйлеседі. Алайда, білім алушылардың мүдірмей шапшаң оқуы олардың оқу дағдыларының толық қалыптасқанын білдірмейді. Бала шапшаң оқығанымен, мәтінді саналы түрде түсініп, дауыс ырғағын сақтап, мәнерлеп оқи алмауы мүмкін. Оқу дағдысын дамытуға арналған жаттығулар тіл заңдылықтарын, оның ішінде грамматикалық, орфографиялық және тыныс белгілерінің ережелерін толық меңгергенде ғана тиімді болады. Осыған орай, оқу сабағын ұйымдастыру және оған қажетті әдіс-тәсілдерді таңдау кезінде осы жайттарды ескерген жөн.

Бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдысының жетілдірудің бір шарты – білім алушының дұрыс және мүдірмей оқуын қамтамасыз ету. Олай етпеген жағдайда білім алушының мәтінді толық түсінуі мүмкін емес. Мәтінді толық түсіну үшін сабақ процесінде оқудың мына түрлерін жүргізуге болады:

- мәтінді толық оқу;
- мәтінді бөлімдерге бөліп оқу;
- мәтінді дайын жоспар бойынша оқу;
- мәтін бойынша жоспар құру;
- абзац бойынша оқу;
- мәтінді жартылай дауыстап оқу;
- мәтінді рольге бөліп оқу;
- мәтінді оқып, мазмұндау;
- мәтінді қысқартып оқу;
- мәтіннің негізгі ойын білдіретін бөлікті тауып оқу
- ертегілерден қиял мен шындықты бейнелейтін үзіндіні түсініп оқу.

Оқу сабағында ойлау қабілетін, қызығушылығын, байқаушылығын, салыстыра білетін қабілетін, ой - өрісін дамыту үшін мына оқу түрлерін пайдалануға болады:

- мәтіннен қатты, ақырын, жылдам, баяу оқылатын сөйлемдерді табу;
- мәтіннен логикалық ықпалы бар сөйлемдерді тауып оқу;
- мәтіннен ереже бойынша сөйлем тауып оқу;

- мәтіннен нақыл сөздерді тауып оқу;
- мәтіннен көтеріңкі көңіл-күйге байланысты сөйлемдерді тауып оқу;
- мәтіннен мағынасы жақын сөздерді тауып оқу;
- мәтіннен автор сөзін алып тастап оқу;

Оқу сабағында білім алушының шығармашылық қиялына әсер ете білу үшін келесі оқу түрлерін қолдануға болады:

- мәтіннен суретке сәйкесті үзіндіні тауып оқу;
- мәтіннен сұрақтарға жауап тауып оқу;
- мәтіннен көркем бейнеленген үзіндіні тауып оқу;
- мәтіннен мақал-мәтелге сәйкес үзінді тауып оқу;
- мәтіннен кейіпкердің жағымды бейнесін суреттейтін үзіндіні тауып оқу;
- мәтіннен жағымсыз кейіпкерді суреттейтін үзіндіні тауып оқу. [5]

Жалпы жылдам оқыту барысында балаларды оқудың 2 түрін –*дауыстап және іштей оқу формаларын* қалыптастыру қажет.

*Дауыстап оқу* – оның кідіріссіз және әрбір сабақ бағдарламасына сәйкес оқу темпінде, мәтінді мәнерлеп оқудан тұрады. Дауыстап оқу көбінесе 1-2-сынып білім алушыларына тән. Іштей оқу – көзбен оқудан тұрады. Іштей оқу 1- сыныптан басталады. Содан былай қарай, оқудың бұл көрсетілген екі түрі де бір-бірімен ұштастырыла жүргізіледі. Білім алушылар дауыстап оқу арқылы алған дағдылары іштен оқуға тасымалдана береді (2-3-сыныптардан бастап дауыстап оқылған материалдар іштей оқуға беріледі), 3-сыныпта жаңа материалдар алдын ала дайындық жұмыстарынан кейін іштен оқуға тапсырылады. Мұнда мәтіннің мазмұнын білім алушылардың түсінуін қамтамасыз ететін түрлі тапсырмалар беріледі: мәтін мазмұны бойынша сурет салу тақырып қою, бөлімдерге бөлу т.с.с. 3-4-сыныптарда іштей оқылған мәтіндерге білім алушылардың түсінген-түсінбегендерін түрлі сұрақтар қойып, жауап алу арқылы немесе мәтіннің мазмұнын айтқызу арқылы, мәтіннен тірек сөздерді тапқызу арқылы т.б. тексеріледі. Оқудың бұл түрлерінің екеуінде де дұрыс оқу, шапшаң оқу және түсініп оқу талаптары орындалуға тиіс. Дауыстап оқуға бұларға қосымша мәнерлеп оқу талабы қойылады. Бұл талаптар бір-бірімен тығыз байланыста іске асады. Өйткені түсінбей, мәнерлеп оқи алмайды, ал дұрыс оқымаса, түсінбейді.

Дұрыс оқудың негіздері алғашқы оқу-жазуға үйрету кезінде-ақ қалана бастайды. Осы кезде мұғалім әрбір жеке сөзді балаларға жеке әріптеп оқытпай, буындап оқуға жаттықтырғаны жөн, бірақ мұнда балаларды сөздің сыртқы түрін ғана меңгеріп, мағынасын жаңылыс ұғынудан немесе тіпті түсінбей оқудан сақтандыру керек. Егер бала буындап оқығанда қателессе, дереу түзетіп, оған қиын тиген сөздерге талдау жасап отырудың дұрыс оқуға дағдылану үшін пайдасы зор. Бастауыш сынып білім алушыларының оқу сабақтарында жіберетін қателері:

1. Әріп, буын немесе сөз қалдырып кетіп оқу;
2. Кейбір буындарды, сөздерді екі рет қайталап, ежелеп оқу;
3. Тілі келмегендіктен немесе әдеттеніп кеткендіктен бір әріпті екінші әріппен алмастырып (оңда-оңға, күзет-күжіт т.с.с.) оқиды.

Мұндай кемшіліктерді мұғалім алдын ала есепке алып, түзету жолдарын ойластыру керек. Білім алушыларды дұрыс оқуға үйрету үшін мынадай жұмыстарды ұйымдастыруға болады:

1. Білім алушыны оқуға жаттықтырып, дағдыландыру. Мұндай жаттықтыру жұмысының түрлері әр қилы. Бірде оқулықтан әр білім алушыға арнаулы тапсырмалар берілсе, екінші бір жағдайда таратпа материалдардағы мәтіндерді оқытып дағдыландыруға, енді бірде дидактикалық материалдар, әдеби кітаптар пайдалануға болады. Осындай тапсырмаларды орындау үйге де тапсырма ретінде беруге болады;

2. Қате оқыған сөздерді буынға бөліп оқытып немесе тақтаға буындап жазып көрсетіп, дұрыс оқу талап етіліп, ол сөзге талдау жасалып, кеспе әріптерден құрыстыруға да болады;

3. Қате оқыған сөздерді қайта оқыту;

4. Қате оқыған жерін сыныпта тыңдап отырған білім алушыларға түзеттіру;

5. Жаңылтпаштар айтқызып жаттықтыру;

6. Зейіндері тұрақсыз немесе көздері нашар көретін білім алушылар мәтінді оқыған кезде сұқ саусақ пайдалану, бұл олардың оқып отырған сөздерінің кітап бетінің қай жерінде екенін бағыт беріп, сөзді дұрыс оқуға көмектеседі;

7. Орфоэпия заңын басшылыққа алу [3].

Оқу техникасын жеделдетуге Федоренко мен Пальченко мынандай жаттығуларды ұсынады:

1. Қайталай бірнеше рет оқу;

2. Жаңылтпаш қарқынмен оқу;

3. Оқып келе жатып оқымаған бөлімге ауысып мәнерлеп оқу;

4. Қиын сөздер мен сөз тіркестерімен жұмыс;

5. Суреті көп кітаптарды көрсету, балалар оқығысы келеді;

6. Сыныптан тыс оқуды ұйымдастыру;

7. Слайдтарды пайдалану;

8. «Түсіп қалған сөздерді тап» ойынын ойнату;

9. Жұптасып оқу (2 адам оқу);

10. Сабақта үйге берілген мәтіннен үзінді оқу;

11. Мәтінді түгел оқу;

12. Мәтінді оқу, бөлімдерге бөлу, жоспар құру;

13. Белгіленген жоспар бойынша оқу;

14. Мысалдардан мақал-мәтел, нақыл сөзге айналған жолды тауып оқу;

15. Мәтіннен лепті, сұраулы, хабарлы сөйлемдерді табу;

16. Мәтінді іріктеп көркем сөз, тенеулерді тауып оқу;

17. Мәтін ішіндегі ең ұзын сөзді оқу;

18. Мәтіннен 2 (3,4) буынды сөздерді табу;

19. Мәтіннен сұраққа жауапты іздеу, үзіндіні табу;

20. Мәтінді оқу, әңгіменің ұнағанын, ұнамағанын және себебін айту;

21. Мәтінді оқу, оқығанын қимыл-қозғалыс арқылы әңгімелеу;

22. Мәтінді рөлге бөліп оқу;

23. Мәтіннен жылдам, жай, көтеріңкі дауыспен оқылатын сөйлемдерді табу;

24. Мәтінді оқу, шағын мазмұндама жазу;

25. Мәтінді оқу, шағын шығарма (эссе) жазу;

26. Мәтінді оқу, жай, күрделі жоспар оқу;

27. Мәтінді оқу, мағынасы түсініксіз сөздерді белгілеу;

28. Мәтіннен өкінішті, аянышты, мысқылмен, қуаныш, ренжіп, т.б. эмоционалды кейіппен оқылатын сөйлем, үзіндіні тауып оқу;

29. Мәтіннен іріктеп көркем сөз, теңеулерді тауып оқу;

30. Оқу арқылы көру диктантын жаздыру.

Оқу дағдыларын қалыптастыруда білім алушыны дұрыс, түсініп, шапшаң және мәнерлеп оқуға үйрету керек. Осы талапты іске асыру, яғни жаттықтыру жұмысын жүргізу жолдары мектеп тәжірибесінде әлі де анықталуда. Оқу дағдысының үш түрі *дұрыс оқу, түсініп оқу және мәнерлеп оқуды қалыптастыру* ғылыми - әдістемелік жолмен анықталып отыр [5].

Түсініп оқу дегеніміз білім алушының оқыған мәтіннің мазмұнын анық, терең ұғынуы болып табылады. Бұл әр сөздің, сөйлемнің мағынасына түсінуден, әр бөлімді логикалық, психологиялық байланыстырудан келіп шығады. Оқығанын толық түсіну білім алушылардың мәтіндегі негізгі ойды таба алуларынан, оның мазмұнына өзінің көзқарасын білдіруінен көрінеді.

Түсініп оқуда білім алушылардың назары шығарманың идеялық мазмұнына аударылады. Түсініп оқу барысында білім алушыларды елес, ұғым, бейне т.б. жоғары сезімдер пайда болады. Түсініп оқуды жүзеге асыруда алғашқы кезде оларға жеңіл, өздері түсіне алатын, сюжетті мәтіндер оқытылады.

Білім алушыларды түсініп оқуға дағдыландырудың бір жолы алдын ала дайындық әңгіме өткізу болып табылады. Сондай-ақ мәтін оқылмас бұрын бақылау, экскурсия жасау, тәжірибе жасау жұмыстары да түсініп оқуға жәрдем етеді. Түсініп оқуда қорытынды әңгіменің де тигізетін пайдасы мол.

Шығарманың негізгі ойы мен мазмұнын білім алушыларға ұғындыру үшін сөздік жұмысын жүргізудің көп көмегі бар.

Сөйтіп, білім алушыларға оқу техникасын игерумен бірге білім, тәрбие беру, олардың жеке басын қалыптастыру, дағдылары мен шеберліктерін жетілдіру мақсаты оқығанды саналы түсінгенде ғана нәтиже бермек.

Шапшаң оқу дегеніміз – мәтіндегі сөздерді қалай болса солай бастырмалатып немесе сөздердің ара жігін айырмай оқу емес. Бұл – оқығанды түсінетіндей қалыптағы шапшаңдықпен оқу. Мәтінді тым баяу оқыған білім алушы мәтіннің мазмұныны түсінбек түгел, бір сөйлемнің өзінде не айтылғанын да аңғара алмай қалады. Сондықтан мәтінді шапшаң оқу талабы да маңызды болып табылады. Шапшаң оқу барысында әр білім алушының оқу қарқыны әр түрлі, осыған орай, олардың 1 минутта оқитын сөздерінің саны да әртүрлі болып келеді.

Шапшаң оқу, дұрыс оқу, түсініп оқу бір-бірімен тығыз байланысты. Сөзді дұрыс, түсініп, белгілі бір қарқынмен оқығанда ғана шапшаң оқу талабы орындалады.



Мәтінді шапшаң оқуға дағдыландыру барлық сабақтарда жүзеге асырылып отырады, алайда бұл дағдыларды тереңірек бекіту үшін арнайы уақыт бөлу қажет. Мұндай арнайы жаттығулардың түрлері келесідей болуы мүмкін:

- кітап пен көздің арасындағы дұрыс қашықтықты сақтау;
- мәтінді алдын ала іштей шолып оқу;
- оқудың қажетті жылдамдығын мұғалімнің өзі үлгі ретінде көрсетіп, оқып беруі;
- барлық білім алушыға бірдей мәтінді беріп, оларды бір уақытта оқуды бастау, бір уақытта аяқтау (әр білім алушы оқыған жерін белгілейді, педагог әрқайсысының қанша сөз оқығанын жүріп есептейді).

Шапшаң оқуға дағдыландырудың тағы бір түрі – сыныпта дауыстап оқыту. Мұндай жұмыста орындатқанда педагог білім алушыларды тақтаға біртіндеп шығарып, әрқайсысына тапсырма береді де, дауыстап оқытады (кейде әрқайсысына әр түрлі мәтін, кейде бірдей мәтін беруге болады).

Шапшаң оқуға білім алушылардың жүйелі түрде күнде оқыту арқылы ғана дағдыландыруға болады. Шапшаң оқу білім алушылардың сөйлеу мүшелерінің жетілуіне де байланысты. Мұғалім әр баланың сөйлеу мүшелерінің қалай жетілгенін байқау үшін білім алушыларға мәтінді хормен де, жеке-жеке де оқытып көреді. Айтылуы қиын жаңылтпаштарды қайта-қайта айтқызып жаттықтыру дұрыс, әрі шапшаң оқуға септігін тигізеді [3].

Оқу дағдыларын қалыптастырудың нормалары:

- 1) оқу дағдыларын сыныптар бойынша қалыптастырудың міндетті деңгейі:
  - 2-сыныптың бірінші жартыжылдығында – 40-50 сөз, екінші жартыжылдықта – 50-60 сөз;
  - 3-сыныптың бірінші жартыжылдығында – 60-70 сөз, екінші жартыжылдықта – 70-80 сөз;
  - 4-сыныптың бірінші жарты жартыжылдығында – 80-90 сөз, екінші жартыжылдықта -90-105 сөз.

2) оқу дағдыларын сыныптар бойынша қалыптастырудың мүмкіндік деңгейі:

- 2-сыныптың бірінші жартыжылдығында – 50-60 сөз, екінші жартыжылдықта – 60-70 сөз;
- 3-сыныптың бірінші жартыжылдығында – 70-80 сөз, екінші жартыжылдықта – 80-90 сөз;
- 4-сыныптың бірінші жартыжылдығында – 90-100 сөз, екінші жартыжылдықта -100-120 сөз.

Көмекші сөздер, шылаулар, одағай сөздер жеке сөз ретінде қарастырылады [1].

Мәнерлеп оқу дегеніміз – дауыс интонациясы арқылы автордың ойын білдіру, мазмұндық ой екінін дұрыс қоя білу, оқығанды түсініп, кейіпкердің көңіл-күйін сезіне оқи білу.

Білім алушылар сөйлемдегі сөздердің мәнін (әсіресе, омоним сөздер), шығарманың көркемдігін және оның әсерлілігін мәнерлеп оқу арқылы байқайды.

Мәнерлеп оқу үшін әр сөздегі ойдың ара жігін ескере отырып, дауысты құбылтып, тиісті жағдайда өздерге реңк беріп оқиды.

Мұғалім көбінесе өзі мәнерлеп оқу арқылы оны білім алушыларға үйрете алады. Мәнерлеп оқуды радио мен теледидарды, компьютерді пайдалану арқылы да үйретуге болады.

Мәнерлеп оқуды үйрету үшін әр мұғалім оқу сабағына немқұрайлы қарамай, жан-жақты дайындалу керек. Ол үшін мұғалім қандай мәселені жете білуге тиіс? Мәнерлеп оқуды дұрыс ұйымдастыру үшін, білім алушы сөйлемді немесе мәтінді оқығанда, қалай дем алу керек, дауыс қалай шығуға тиіс, дикцияның қандай болуы қажет – осының барлығын мұғалімнің өзі айқын білгені жөн. Өйткені мәнерлеп оқу үшін кеуде қуысына толған ауаны орынды пайдаланып, дұрыс дем ала білудің мәні зор. Өкпедегі ауаны сарықпай, оқу процесінде үнемі дер кезінде дем алып, ауаны керегінше жұтып отырған білім алушы мәнерлеп дұрыс оқу алуына жағдайы бар.

Мәнерлеп оқу дауыстың өзіне де қатысты. Дауыс неғұрлым таза, күшті шықса, оқу да мәнерлі болады. Ол үшін әр білім алушы дауысын күте білуі қажет. Дауыс желбезегіне онша күш келтірмеу, суық күндерде далада азырақ сөйлеу, суыққа шалдықпау – дауыс күші мен оның тазалығын, үнін сақтаудың басты шарты.

Дауыстың өзіндік белгілері бар. Олар: күші жоғарылығы, қарқыны (шапшаңдық), тембрі (құбылуы). Мәселен, «Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген сөйлемді оқығанда, «оқу», «білім», «өмір шырағы» сөздері жай, баяу дауыспен айтылады. Сөйлегенде адам бірде жылдам, бірде баяу сөйлейді. Бұлар әр адамның дауыс қарқынына байланысты. Мұғалім жаттығу арқылы өз даусының орташа қарқынын анықтай алады. Ол жылдам сөйлеуден аулақ болғаны жөн. Егер жай сөйлеу алмайтын болса, жаттығуы қажет.

Дауыстың тыңдаушыға әсерлі болуы тембріне (құбылуына) байланысты. Құбылта оқу, дауыс ырғағына келтіре оқу да жаттықтыру, дағдыландыру арқылы қалыптасады. Мәнерлеп оқуда дикцияның мәні зор. Сөйлеушінің ашық, анық, айқын айтуы соның айтқанын ұғуға, оның әсерлі болуына ықпалын тигізеді. Дикциясында ақау болса, оны арнаулы жаттығулар арқылы түзетуі қажет. Дикциядағы кемшілік – сөйлеу мүшелеріне дұрыс жұмыс істете алмаудың салдары, сондықтан да сөйлеу мүшелерінің дұрыс қызмет атқаруын қадағалау керек. Мәнерлеп оқу үшін орфоэпия заңдарын сақтап, сөз екпінін дұрыс қойып оқу керек.

Мәнерлеп оқуда зор рөл атқаратын – интонация. Интонация дегеніміз сөйлеу сазы. Ол сөйлеудің ритмі мен үнін, дауыстың бірде жоғарылап, бірде төмендеуін білдіреді. Интонация мына элементтерден тұрады: сөз бен ой екпіні, сөйлеудің қарқыны, ритмі (ырғағы), пауза (кідіріс), сазы.

Сөз екпіні және ой екпіні. Сөз екпіні – фразалық екпін, ал ой екпіні – логикалық екпін. Сөйлемді айтқанда немесе оқығанда, оның ішіндегі сөздер интонация мен мағынасына, айтылу ырғағына қарай, өзара топ-топқа бөлінеді. Ол топ синтагма деп аталады. Синтагмада бір немесе одан да көп сөздер болады.

Әр синтагмада бір сөз көтеріңкі дауыспен ерекшелене айтылады. Міне, сол сөз екпін түскен сөз деп аталады.

Сөз екпіні түскен сөздер ой екпіні түскен сөздерден көп төмен айтылады. Кейде олар екпін түсіп тұрғаны сезілмейтін кездері де болады. Бұдан шығатын қорытынды – екпін түскен сөздердің бәрін көтеріңкі дауыспен айта бермеу керек. Тек ой екпіні түскен сөзді ғана даралай айту керек.

Пауза сөйлеуді сөйлемге сөйлемді синтагмаға, синтагманы сөзге ажыратып, ара жігін көрсету үшін қолданылады. Сонымен қатар пауза сөздердің басын біріктіріп, бір синтагма жасай да алады. Паузаны сақтамау оқып отырған мәтіннің мазмұнын дұрыс түсінбеуге әкеліп соғады. Мысалы, «Ол үй емес» деген сөйлемді паузасыз айтсақ, айтып тұрғаным басқа үй деген ұғымды білдіреді, яғни ол сөзі сөйлемде үй сөзіне анықтауыш ретінде қолданылады. Ал сол сөйлемде ол сөзінен кейін пауза жасасақ, онда айтып тұрғаным үй емес, қора немесе басқа бірдеңе дегенді білдіреді. Мұнда «ол» бастауыш қызметін атқарады.

Көркем шығарманы мәнерлеп оқу үшін, онымен алдын ала танысып, содан соң оқығанда ғана автордың идеясын жеткізе оқып шығуға болады. Көркем шығармада адам психологиясы жан жақты суреттеледі. Оны өз мәнінде тыңдаушысына жеткізу үшін, педагог оқитын мәтіндегі қай сөздің, сөйлемнің қандай мағынаны, қандай көңіл күйді білдіретінімен алдын ала таныс болуға тиіс.

Сабақ процесінде мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру үшін мына оқу түрлерін жүргізуге болады:

- мәтінді тыныс белгілеріне сәйкес дауыс ырғағын келтіре оқу;
- леп белгісі бар сөйлемдерді дауыс ырғағымен оқу;
- өлеңді мәнерлеп оқу;
- өлеңді дауыс кідірісімен мәнерлеп оқу;
- өлең жолдарын дауыс кідірісімен тізбектей оқу;
- өлеңнен немесе мәтіннен үзінділерді мәнерлеп оқу [13].

Білім алушылар оқыған материалдарының мазмұнын дұрыс қабылдап ондағы негізгі ойды жақсы ұғыну үшін, оқу сабақтарында алуан түрлі жұмыстар ұйымдастырылады. Мұндай жұмыстар оқылатын материалдардың сипатына, білім алушылардың жасына, дайындықтарына, білімі мен дағдылану дәрежесіне байланысты іріктеледі. Білім алушылар мәтінді дұрыс қабылдау үшін жүргізілетін жұмыстар:

- 1) мәтінді қабылдауға білім алушыларды психологиялық дайындау;
- 2) мәтінге байланысты сөздік жұмысын жүргізу;
- 3) шығарманы оқу;
- 4) әңгіменің жоспарын жасау;
- 5) оқыған шығарманың мазмұнын айту;
- 6) шығарманың мазмұны бойынша жүргізілетін шығармашылық жұмыстар.

*Мәтінді қабылдауға білім алушылардың психологиялық дайындау.*

Көркем шығарма жазушының сөзі арқылы жасаған көркем бейнесі, суреті арқылы қабылданады. Шығарманы оқыған кезде білім алушыда елес (адамдардың портреті, табиғат суреті т.б.) туады. Бұл білім алушының сезімін де қозғайды. Балалар қояннан қорыққан қасқыр туралы оқығанда күледі. Бомба түсіп: « - Ей, тілсіз жануарлар. Мені де, сені де балапанынан айырған американдық қарақшылар ...» деген сөздерді оқығанда, көздеріне жас келеді. Осы ішкі көрініс айқындала түсу үшін, білім алушының санасында осы бейне анық жасалу үшін шығарманы оқымас бұрын білім алушылармен алдын ала дайындық жұмысы жүргізіледі. Бұл көбіне әңгіме түрінде ұйымдастырылады. *Дайындық әңгіме* оқығалы тұрған шығармадағы оқиғаға ұқсас, балалардың өз өмірінде болған оқиғаларды еске түсіру сияқты тәсілдермен өткізіледі.

Алдын ала жүргізілген әңгімеде мұғалімнің оқылатын мәтінде кездесетін жаңа сөздер мен қиын ұғымдарды түсіндіруді ұмытпағаны жөн. Әңгіменің ішіндегі түсініксіз сөздердің мән-мағынасын біліп алмайынша, оны оқығанда мазмұнын ұғу балаларға өте қиынға соғады. Әрбір әңгімедегі осы түсініксіз болады-ау деген сөздердің барлығын теріп алып, мәтіндердің аяғына сөздік ретінде бере беруге болмайды.

Дайындық әңгіменің ұзақтығы оқылатын материалдың ауыр-жеңілдігіне байланысты.

Сонымен шығарманы оқуға дайындық жұмысы, біріншіден, балаларды оқылатын әңгіменің мазмұны мен ондағы кейіпкерлердің ісін саналы түсіне білуге дайындау, екіншіден, оқылатын әңгіменің мазмұнына қызықтыру, үшіншіден, ондағы түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру мақсатында жүргізіледі. Дайындық жұмысының мақсаты – балаларға шығарманы толық та саналы қабылдауға мүмкіндік туғызу. Дайындық жұмысында қолданылатын әдіс-тәсілдер:

а) білім алушылардың өздеріне әңгіме айтқызу. Кейбір шығармаларды оқуға дайындау барысында балаларға өздерінің басынан кешірген немесе естіп, көріп, оқып білген оқиғалары жөнінде әңгіме айтқызу. Мұндай әңгіме балалардың ойы мен сезімін қозғауға жәрдем етеді.

ә) мұғалімнің әңгімесі. Кейбір жағдайларда, егер оқылатын материалды түсінуге қажетті фактілерді балалар білмейтін болса, педагог өзі кіріспе әңгіме айтып береді.

б) ұжымдасқан түрде әңгіме айту. Біреу білмегенді біреу біледі демекші жеке білім алушыдан гөрі сыныптағы барлық білім алушылардың білетіндері көп болады. Сондықтан кейбір жағдайда оқылатын материалға қажетті мағлұмат ұжымдасқан түрде айтылатын әңгіме ұйымдастыру арқылы анықталады. Мұнда балалар өз беттерімен біреулері екіншілерінің айтқанын түзетеді, толықтырады. Педагогтің міндеті – балаларға басшылық жасау, егер қажет болса, олардың айтқандарын қорытындылау.

Әңгіменің барысында бұрын оқылып өткен материалдардағы фактілерді немесе балаларға басқа кітаптардан, күнделікті тәжірибелерінен белгілі фактілерді пайдаланған тиімді.

в) экскурсияда байқағандарын пайдалану. Білім алушылардың әңгімесі болсын, педагогтің әңгімесі болсын – қай-қайсысын да балалардың экскурсияда көргендерімен байланыстыру өте тиімді нәтиже береді. Бұл айтылғаннан бір әңгімені немесе өлеңді оқыр алдында арнайы экскурсия ұйымдастыру керек деген ой тумауы керек. Бірақ педагог жыл бойы өтетін жоспарлап алғаннан кейін, балаларға табиғатты тану материалдарына байланысты шығарма жаздыру үшін материал жинату мақсатында әртүрлі экскурсиялар ұйымдастырады. Экскурсияда көрген-білгендерін білім алушыларға оқулықтағы шығармалармен танысу барысында қолдануды үйрету өте пайдалы.

г) суреттерді қарау. Шығарманың мазмұнына сай суреттер берілсе, олар оқуға дайындық кезінде пайдаланылады. Мысалы, табиғатты бейнелейтін суреттерді шығарманы оқымас бұрын қолдануға болады.

### *Сөздік жұмыс*

Сөздік жұмысы мәтінде кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндірумен ғана бітпейді, сонымен қатар ол жаңа ұғымдар жасау, заттың жаңа қасиеттерін табу, жаңа ұғымдар жасау, заттың жаңа қасиеттерін табу, жаңа көріністерді байқау сияқты жұмыстармен тығыз байланысты. Мұндай жұмыстар білім алушылардың ойын, тілін дамытады, эстетикалық талғамын арттырады. Осы мақсатпен мұғалім түсініксіз сөздерді түсіндірумен және оны білім алушылардың түсінген-түсінбегендерін тексерумен ғана тынбайды, сонымен бірге білім алушылардың сөздік қорына енгізуге тиіс сөздерді алдын ала белгілеп алып, балалар сөйлегенде сол сөздерді кірістіре отыратындай жағдай жасайды.

Білім алушылардың ойын, тілін дамытуды синоним сөздерді пайдалануға үйрету жұмыстарының рөлі күшті. Ол үшін мәтінді оқуға дайындалу жұмыстары кезінде:

1) мәтінде синоним сөздер бар ма, болса, олардың мағыналарын қалай ұғындыру керек, балалар жауаптарында ол сөздерді қолдану үшін, қандай сұрақтар қою керек екенін анықтайды;

2) егер мәтінде синоним сөздер болмаса, ал мұғалім балаларға синоним сөздерді таныстырғысы келсе, оны қалай ұйымдастырған жөн: оқу барысында сөздің синонимін айтып түсіндіре ме, қорытынды әңгімеде кірістіре ме, сурет арқылы ма, әңгімелесу барысында қарастырады.

Сөйтіп, мұғалім мәтінді оқуға дайындалу кезінде, біріншіден, мәтінді дұрыс қабылдауға қажетті сөздерді, екіншіден, оқу барысында білім алушыларға мағынасы түсіндірілетін сөздерді, үшіншіден, білім алушылардың сөздік қорына енгізілуге тиісті сөздерді іріктеп алады.

Сөздердің мағынасын ашып түсіндіру тәсілдері алуан түрлі. Оның ішіндегі бастылары:

1) затты табиғи жағдайда бақылау немесе оны сыныпта көрсету, экскурсия ұйымдастыру;

2) заттың өзін немесе суретін, түрлі картиналар көрсету арқылы сөздердің мағынасын ашып көрсету;

3) синоним сөздер қолдану: «Қандай сөздермен алмастыруға болар еді? Басқаша қалай айтар едік?» сияқты сұрақтар қою арқылы синоним сөздерді табуға білім алушылардың өздерін қатыстырып отыру;

4) сөзді кейде морфологиялық құрамына қарай талдау арқылы түсіндірген де пайдалы. Мысалы, тетелестері сөзінің түбірі қайсы? т.б.;

5) сөздерге анықтама беру арқылы түсіндіру;

6) абстракциялық ұғымдарды түсіндіру үшін тұрмыстан мысалдар, фактілер келтіріп, әңгімелеу;

7) сөз мағынасын түсіндіруде түрлі техникалық құралдарды қолдану.

Сөздік жұмысын жүргізгенде мұғалімнің есінде болатын жағдай — сөздік жұмысын балалардың өз өмірімен, нақты елестерімен байланыстыру.

Сөздік жұмысын түрлендіріп жүргізуге болады, оны бірі INSERT стратегиясы пайдалану:

«+» — жаңа білдім;

«-» — білмедім;

«?» — мен үшін жаңалық;

«V» — білемін.

### *Шығарманы оқу*

Мәтінді дұрыс қабылдауға байланысты жүргізілетін жұмыстың үшінші түрі – шығарманы оқу. Мұнда көпшілік мұғалім шығарманың мазмұны күрделі, көлемі ұзақ болмаса, оны әуелі өзі дауыстап оқып шығады. Осыған орай, шығарманы алдымен тұтас оқыған дұрыс па, әлде бөліп-бөліп оқыған дұрыс па деген сұрақ туады. Шығарма бірінші рет оқылғанда білім алушылар ондағы кейіпкерлердің істерімен танысуға тиіс. Егер мәтін бөлініп оқылатын болса, балаларға оның мазмұнын түсіну оңай болмайды. Сондықтан шығарма алғаш рет тұтас оқылғаны дұрыс. Шығарманың мазмұнын бір оқығаннан-ақ тыңдаушылардың көкейіне қондырып, санасына жеткізу үшін, оны нақышына келтіріп, мәнерлеп оқу керек. Сондықтан оны әуелі педагогтің өзі оқиды немесе оқу техникасын меңгерген, мәнерлеп, дұрыс оқи алатын балаға оқытуға болады. Бірақ әсіресе ырғағы қиын немесе жолдары ұзақ, бала демі жетіңкіремейтін өлеңдер, көркем фразалар мен сөз өрнектері кездесетін шығармаларды педагогтің өзі оқығаны жөн. Кейбір оқуға жеңіл қысқа үзінділер мен мақала стилімен жазылған шағын әңгімелерді білім алушыларға оқытуға болады. Ондай шығармаларды оқу арқылы балалар оқу дағдысына төселеді, келе-келе мәнерлеп оқитын болады.

Мәтінді білім алушыларға бөліп оқытқанда оны кез келген жерден үзбей, әр бөлінді белгілі бір аяқталған ойды білдіргені дұрыс.

Шығарманы бір рет тұтас оқып шыққанда балаларда жалпы ұғым ғана қалыптасады, енді оны тұтас қабылдаудан бірте-бірте оның жеке бөліктерін талдауға көшу қажет. Бірақ қайталап оқуға кіріспес бұрын білім алушылардың мәтінді алғашқы қабылдау дәрежесін тексеріп алған жөн. Педагог мәтіндегі негізгі фактіні анықтау үшін екі-үш сұрақ қояды. Жауаптарына қарай, әңгіменің қай жері күштірек әсер еткенін, баланың ой жүрісінің бағытын т.с.с. анықтайды.

Бастауыш сынып бағдарламасы тілдің көркемдік құралдарымен практикалық таныстыруды да міндеттейді. Бұл міндетті орындау үшін бақылау жүргізу керек. Мұндай жұмыстар мәтіннің мазмұнын талдау барысында қоса жүргізіледі.

Шығарманың көркемдік қасиетін таныту жұмысы дұрыс жүргізілсе, оның мазмұнын толық та терең түсінуге жағдай жасалады. Бұл жұмыс өте күрделі, сондықтан мұғалімнен үлкен шеберлікті, жан-жақты ойластыруды ( белгілі бір шығарманың құрылысы мен тіліне білім алушылардың зейіндерін қандай жолдармен аудару керек, қандай бақылаулар жүргізуге болады, білім алушыларға қалайда эстетикалық әсері күшті болу жағын ойластырған дұрыс т.б.) қажет етеді. Бұл тұрғыда тек оқулықта берілген тапсырмалармен шектелмей, мұғалім өз тұрғысынан біраз жұмыстар жоспарлауына тура келеді.

Шығармаға жоспар жасау. Жоспар шығарманың мазмұнын көрсететін оқиғалар жүйесін білдіреді. Жоспар жасау жұмысы екі түрлі жолмен жүзеге асады:

- 1) әңгімені бөлімдерге бөлу;
- 2) бөлімдерге ат қою.

Білім алушылар әңгімені бөлімдерге бөлу үшін, ондағы негізгі ойды және қосымша мәселелері анықтайды.

Жоспар жасау шығарманың мазмұнын толық та терең түсінуге мүмкіндік береді. Бөлімдерге бөлу процесі шығарманы бір рет толық оқып шыққаннан кейін, қайталап оқу кезінде іске асады. Жоспар қорытынды әңгіме кезінде жасалады, кейде оны үйге тапсырма ретінде беруге болады.

Шығарманы бөлімдерге бөліп оқыған сайын әр бөлімге ат қоя беруге болмайды. Өйткені шығармағы ат қою – күрделі жұмыс, ойлануды қажет етеді. Сондықтан қай шығармаға жоспар жасату керек, қай шығарманы бөлімдерге бөлгізіп, бірақ ат қойғызбай оқытуға болады, қай шығарманы білім алушылар өздері бөлімдерге бөледі, қай шығармаларды педагогтің көмегімен бөлімдерге бөлетіні туралы мұғалім алдын ала ойластырып, жоспарлауы керек.

Шығармаға жоспар құру тапсырмасына дайындық ретінде суретті жоспар құрастыруға болады. Ол үшін төмендегідей жұмыстар жүргізіледі:

- 1) берілген суреттердің қайсысы мәтіннің қай бөліміне жататынын анықтау және оған ат қою. Егер суреттер мәтінді толық қамтитын болса, тағы қандай суреттер салуға болатынын ойлау. Қиялындағы суретке ат қою;
- 2) берілген бірнеше суретті шығарманың желісі бойынша реттеу;
- 3) бөлінген бөлімдерге қандай суреттер салуға болатынын білім алушылар өздері айтады және оған ат қояды;
- 4) берілген тақырыптарды шығарма желісі бойынша реттейді;
- 5) мұғалімнің ұсынған тақырыптары бойынша мәтінді бөліктерге бөледі;
- 6) мұғалімнің жоспарын талдайды.

4-сыныпта мәтінді бөліктерге бөлу жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі:

- 1) мұғалім білім алушыларды оқып келе жатқанда тоқтатып, не туралы оқығанын, нені білгендерін, негізгі ой туралы сұрайды;

2) білім алушыларға бөлімді неліктен аяқталды деп ойлайтынын дәлелдетеді;

3) мұғалім өзі бір бөлімді оқиды, білім алушылар сол бөлімді неше бөліктерге бөлуге болатынын табады;

4) білім алушылар кімге, қай бөлімнің ұнағанын айтады, содан соң барлығының айтқан бөлімдері ретке келтіріледі;

5) білім алушылардың өздері бөлімге бөледі және әр бөлімге ат қоюды.

Жоспар немесе бөлімдерге ат қою 3-сыныпта әуелі хабарлы сөйлем түрінде, кейін бірте-бірте сұраулы сөйлем түрінде айтылады. Ал 4-сыныптан бастап атаулы сөйлем түрінде жасалады.

Оқылған шығарманың мазмұнын айту. Шығарманың жоспарын жасау мазмұнын айтумен тығыз байланысты. Оқылған мәтіннің мазмұнын жүйелі, байланыстырып айтып беру сияқты синтетикалық жаттығудың үлкен тәрбиелік мәні бар. Шығарма мазмұнын айту барысында балалар оны алғашқыда қабылдаумен туған эмоцияны басынан қайталап кешіріп қана қоймайды, сонымен қатар әңгімелеу арқылы дауыс ырғағының, бет бейнесінің көмегімен оған өзінің көзқарасын да білдіруге тырысады. Білім алушының баяндау барысында шығарманы қаншалықты терең, толық қабылдағанын байқауға болады.

Жақсы ұғынған мәтінді баяндағанда білім алушы сөздерді таңдауға, оларды грамматикалық жағынан дұрыс қолдануға тырысады, яғни дұрыс сөйлеуге жаттығады. Сондықтан баяндаудың тіл дамыту үшін де маңызы зор.

Баяндап беруде бастауыш сынып балаларына шығарманың үлгісі үлкен әсер етеді. 1-2-сынып білім алушылары мәтінді жаттап айтып береді. Мұндай сырттай баяндауға қарсы бірқатар мұғалімдер оқылғанның мазмұнын өз сөздерімен айтқызу үшін біраз әрекеттер жасайды. Ал осының қайсысы пайдалы деген сұраққа – мұның екеуі де пайдалы деп жауап қайтаруға болады (бұл да мәтіннің ерекшелігіне байланысты. Мысалы, ертегілер халықтың қанатты сөздеріне бай, синтаксистік құрылысы да ерекше, белгілі дауыс ырғағын талап етеді. Сондықтан оны мәтіннің тіліне жақын мазмұндату керек. Ғылыми көпшілікке арналған мақалалар жөнінде де осыны айтуға болады).

Мәтінге жақын мазмұндау механикалық түрде өтпеу үшін мұғалім дайындық жұмысын жүргізеді. Онда бейнелі суреттемелерді, сұлу сипаттамаларды көрсетіп, идиомаларды түсіндіреді, оларды қалай қолдану керек екенін айтады. Балалардың зейінін мәтіндегі кейбір сөйлем құрылыстарына аударады. Оны жеңіл, қарапайым айту керектігін көрсетеді.

Тілдің құрылысына жақын мазмұндауда мәтін білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне қалай таңдалады. Әсіресе сөздік қоры тапшы балалар кітап тіліне еліктеп, мәтінге жақын баяндайды. Ал тіл байлығы мол балалар өз сөздерімен айтуларына да болады. Бірақ олар да мәтіндегі жаңа сөздерді, орынды сөз тіркестері мен синоним сөздерді қолданулары керек.

Мәтіннің мазмұнын айтқызу екі түрлі жолмен іске асырылады:

- 1) толық;
- 2) ішінара.



Көлемі шағын мәтіндерді және жазбаша мазмұндамаға дайындық барысында толық баяндаттыру қажет. Ішінара мазмұндау көлемі үлкен мәтіндер бойынша және бөлімге бөліп оқу, жоспар жасау барысында, көбіне қорытынды әңгіме кезінде іске асады.

Шығарманың мазмұны бойынша жүргізілетін шығармашылық жұмыстар. Бұл жұмыстар, біріншіден, оқылған материалды тереңірек түсінуге мүмкіндік туғызса, екіншіден, балаларды өздігінен ойланып жұмыс жасауға талаптандырады. Бастауыш сыныпта ұйымдастыруға болатын шығармашылық жұмыстар:

а) шығарманың баяндалу түрін өзгертіп әңгімелеу, мұнда әңгіменің баяндалу түрі азды-көпті өзгертіледі. Мысалы, әңгіме I жақта баяндалған болса, оны керісінше III жаққа айналдырып, әңгімелеу;

ә) оқылған шығарманың мазмұнын толық өзгертіп әңгімелеу. Бұл жұмысты үй тапсырмасы ретінде беруге болады. Мұнда білім алушылар әңгімедегі оқиғаға ұқсас өз бастарынан өткен оқиғаны немесе өзі қатысқан не көрген оқиғалары жөнінде өз ойларынан әңгіме құрастырып айтады.

Жұмыстың бұл түрі де оқылған шығарманың мазмұнын толық та саналы меңгерген кезде ғана ұйымдастырылады. Мұндай жұмыс балаларды өз бетінше ойлануға, ізденуге және шығармадағы жүйені пайдалана отырып, өз бетінше әңгіме құрыстыруға, оны құрастыру барысында жаңа сөздерді еске түсіріп, ішінен қажеттілерін таңдап алуға үйретеді.

б) оқылған шығарманың мазмұнын аз-кем өзгертіп әңгімелеу. Мұнда білім алушылар оқылған шығарманың аяғын өз ойынан шығарып, әрі қарай жалғастырады немесе ондағы оқиғаның арасында өз ойынан қосып айтады. Бірақ мұнда да шығарманың сипатын ескеру керек, өйткені кез келген шығарманы жалғастырып әкетуге де, сондай-ақ ойына келген оқиғаны қоса салуға болмайды. Шығарманың арасына қосылған әңгіме оның мазмұнын бірігіп кету керек. Сабәк барысында сұрақ-жауап арқылы соған бағыттайды.

Сұрақ қойып және оған жауап алу арқылы білім алушыларға өз ойларынан әңгіме қысқартып, ол – оқылып отырған шығарманың арасына да қосылады да, одан әрі мәтіннің мазмұны айтқызылады. Мұндай жұмыстар арқылы білім алушылар өз ойларын, қиялын дамытуға мүмкіндік алады.

в) оқылған шығарманың мазмұны бойынша сурет салу. Жұмыстың мұндай түрі шығармадағы оқиғаны нақтылай түседі. Оқылған мәтіннің мазмұны бойынша сурет салуға да немесе ермексизден түрлі бейнелер де жасауға да болады. Бастауыш мектеп жасындағы, әсіресе 1-сыныптағы балалар әдетте сурет салуға әуес келеді. Бірақ олар өздерінің салған суреттеріне сын көзбен қарайтындай дәрежеге жете бастаған кезде, сурет салудан бірте-бірте бас тарта бастайды. Дегенмен олардың көпшілігі оқылған мәтінге қандай суреттер салуға болатынын ойлап, дұрыс таба алады. Ол үшін алдымен шығарманың белгілі бір бөлімі (егер шығарма көлемді болса) оқылады. Сонан кейін осы оқылған әңгіме бойынша қандай сурет салуға болатынын ойлануға уақыт беріледі. Білім алушылар 2-3 минут ойланғаннан кейін, олардың қандай суреттер ұсынатыны сұралады. Егер балалардың біреуі қате айтса, қалғандары оны түзейді, ал ол

қатені түзеуге балалардың шамасы келмесе, мұғалім сұрақ қою арқылы көмектесіп отырады.

Мазмұны ойынша сурет салу үшін кез келген мәтінді ұсынуға болмайды. Мәтіннің сюжетінің оңай-қиындығы, оның балалардың өз өміріне жақындығы және ойында айтылған оқиғаны баланың толығымен көз алдына елестете алатын-алмайтыны секілді жағдайлардың барлығы жан-жақты ойластыра отырып, қандай мәтінді ұсынуға болатындығы анықталады.

Әңгіменің мазмұнын бір оқығанда балалар толық қабылдауға қиналатын болса, онда мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қойылып, оған жауаптар алынғаннан кейін ғана тапсырмалар орындалады.

г) мәтін бойынша қорытынды әңгіме ұйымдастыру. Мұндай әңгіме балалардың оқу барысында алған әсерлері мен байқағандарын жинақтайды. Мақсаты білім алушыларға автордың не айтатынын дегенін тереңірек ұғындыру және оқығандарына өз көзқарастарын, пікірлерін білдіруге көмектесу.

Қорытынды әңгіме оқылған шығарманың сипатына қарай екі түрлі жолмен ұйымдастырылуы мүмкін. Мысалы, балаларға белгілі бір шеңберде білім беретін ғылыми мақалаларды, очерктерді оқығаннан кейін қайталау ретінде қорытынды әңгіме ұйымдастырылып, білім алушыларға бағыт беріліп, олардың алған білімдерінің дұрыстығы, дәлдігі байқалады, білімдері бекітіледі.

Көркем әдеби шығармаларды оқығаннан кейін әңгіме эвристикалық сипатта құрылады, яғни шығарманың мазмұнын айту емес, оны бағалау, өз пікірін айту, ондағы негізгі ойды айтуға бағытталады.

Қорытынды әңгімеде себептік байланыстарды табу, басқа шығармалармен салыстыру, нақты құбылыстарды байқау, оларды қосып жалпылау, абстракциялау т.с.с. жұмыстар арқылы жүргізіледі.

Шығарманың мазмұны бойынша жүргізілетін шығармашылық жұмыстың бұл айтылғандарынан да басқа түрлері бар. Мысалы, шығарманы рөлдерге бөліп оқып, оның мазмұны әңгімеленгенде де рөлге бөліп айтуды ұйымдастыру.

Сонымен шығарманың мазмұны бойынша жүргізілетін жұмыстардың барлығы да балаларды өз бетінше ізденуге үйретіп, ақыл ойы мен дүниетанымын кеңейтуге, тілін дамытуға септігін тигізеді [3].

*1-кесте. Бастауыш сынып білім алушыларының оқуына жалпы мынадай талаптар қойылады:*

Сынып	Оқу техникасы	Біліктерге қойылатын талаптар
1-сынып	Тыныс белгілерін, кідірісті сақтау, дұрыс оқу.	Қиын сөздерді буындап оқу. Оқыған мәтін бойынша қойылған сұраққа жауап бере білу; мәтінді бөліктерге бөлу; мұғалімнің көмегімен оқығандарының негізгі ойын анықтау; оқыған әңгімелерінің суретті жоспарын жасау.
2-сынып	Бөлімдердің ара жігін ажыратып, кідіріс жасап, дауыс ырғағын дұрыс қойып оқу.	Дұрыс, түсініп, мәнерлеп оқу, минутына 50-60 сөз. Оқығандарына өз көзқарастарын білдіре оқу. Шағын мәтіндерді оқулықтағы сұрақтар бойынша немесе мұғалімнің берген жоспары арқылы әңгімелеп беру. Оқығандарының жай жоспарын жасай білу.

3-сынып	Дауыс кідірісін ырғағын дұрыс сақтап оқу, эмоциялық бояуларды байқау.	Дұрыс, түсініп, мәнерлеп, шапшаң оқу. Минутына 60-80 сөз. Мәнерлеп оқуға өз беттерімен дайындалу. Мәтіндерді бөлімдерге бөлу, әрбір бөлімдегі негізгі ойды табу, мәтіннің жоспарын жасау.
4-сынып	Мәтіннің мағынасына қарай дауыс ырғағын құбылтып, кідірісті дұрыс сақтап оқыту.	Дұрыс, түсініп, мәнерлеп, шапшаң оқу. Әңгімедегі уақиғаның жүру ретін анықтау, мәтінді мағынасы жағынан аяқталған ойды білдіруіне қарай, бөлімдерге болу; әрбір бөлімдегі және тұтас мәтіндегі негізгі ойды анықтау. Минутына 80-105 сөз оқу. Оқығандарының күрделі жоспарын жасау.

Мәтінді түсініп оқу технологиясы үш кезеңнен тұрады:

I кезең. Оқылғанға дейін мәтінмен жұмыс істеу;

II кезең. Мәтінді оқу;

III кезең. Мәтіннен кейінгі кезең.

*Мәтін оқығанға дейінгі кезең мынадай бағытта жүргізіледі:*

1. Бірнеше бөлімге бөліп оқыту;
2. Бөлімдерге ат қою;
3. Негізгі, жанама ойды таптыру;
4. Мәтін бойынша сұраққа жауап беру;
5. Оқыған мәтіннің мазмұнын айту;
6. Жоспар құру.

*Мәтінді оқығаннан кейінгі кезең:*

1. Жағдаят шешу;
2. Пікірталас;
3. Мәтінге ат қою;
4. Диалог, жағдаяттар құру;
5. Шығармашылық тапсырмалар орындау;
6. Мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша айту.

Мәтінмен жұмыс істеу кезеңінде білім алушыларды жұмыс істеу қабілеттеріне және білім деңгейлеріне қарай топтарға бөлініп, әр топқа лайықты тапсырма берген жөн. Осы үш кезеңде қолданылатын оқу іс-әрекеттерін 2-кестеден көруге болады.

*2-кесте. Оқу іс-әрекетінің кезеңдері*

Оқылғанға дейін мәтінмен жұмыс кезеңі	Мәтінді оқу кезеңі	Мәтіннен оқығаннан кейінгі кезең
«Тақырып бойынша болжам»; «Идеялар себеті» («миға шабуыл»); «Дұрыс-дұрыс емес мәлімдемелер»; «Сұрақтар батареясы»; «Глоссарий»; «Мәтін бейнесі»; «Жазушымен бәсекелесу»; «Қауымдастық (бұта, шеңбер, қатар)»;	«Тізбектесіп оқу»; «Өзіне сұрақтар қоя арқылы оқу»; «Аялдамалармен оқу»; «Түртіп алу-INSERT»; «Мәселені шешіңіз-шешімін ұсыныңыз»; «Жоспар құру»	«Болжау ағашы»; «Сұрақтар ағашы»; «Блум текшесі»; «Синквейн»; «Ақыл-ой карталары» (мәтінді ұйымдастырудың графикалық әдісі)

«Z-X-Y» (Білемін-білгім келеді - білдім)		
--	--	--

Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау мақсатымен жұмыс барысында оқу стратегияларын қолдану дағдысын қалыптастырып, оны қолдана отырып талдау жасауға дағдыландырсақ, білім сапасының артуына жол ашылары анық.

*Оқылымның стратегиялары:*

*Шолып оқу:* мәтін тақырыпшасын, бөлімдер аттарын, абзац сандарын шолу;

*Болжап оқу:* мәтіннің құрылымдық бөліктерін жекелеп оқып, ары қарай не болатынын, автор ойын болжау;

*Көз жүгіртіп оқу:* мәтіннің мазмұны мен құрылымын жылдам, жалпылай көз жүгіртіп оқу;

*Зерттеп оқу:* мәтіннің мазмұны мен құрылымдық бөліктерін шолып оқуға қарағанда күрделі оқу түрі. Зерттеп оқу білім алушыдан назарын шоғырландырып оқуды талап етеді. Оқитын мәтінінің астарлы ойын, автор көзқарасын, мәтіндегі көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты зерделеп ажырату зерттеп оқудың ерекшелігі болып табылады;

*Детальді түрде оқу:* әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз;

*Түсініп оқу стратегиясы:* мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқу;

*Талдап оқу стратегиясы* арқылы стилі мен жанрын, кімдерге арнап жазылғанын талдап оқу;

*Астын сызып оқу немесе белгілеп оқу стратегиясы* арқылы мәтіннің тілін, автордың оқырманмен байланысын анықтау;

*Комментарий жасап оқу стратегиясы* арқылы автордың айтпақ болған ойын, мәтіннің кімдерге арналғандығын анықтау, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну;

*Рөлге бөліп оқу стратегиясы* арқылы мәтін ойын рөлге кіріп оқу арқылы саралау.

## 2. Бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар


Жылдам оқыту деңгейін дамытуға көмектесетін бірнеше жаттығулар ұсынылады.

*«Сегіз сөзді тап» жаттығуы*


Білім алушының ойы ұшқырланып, қызыға орындайтын тапсырма. Әр қадамнан бір немесе бірнеше жаңа сөздер табу мүмкін.

**Тапсырма:** Суретке қарап отырып, жаңа сегіз сөздерді құрастыр.

1 нұсқа



2 нұсқа «Жеті сөзді» тауып көр жаттығуы



- 1) бал-ға
- 2) ға-рыш
- 3) шы-рын
- 4) Рау-шан
- 5) шаң-ғы
- 6) ғы-лым
- 7) ай-на

Осындай тапсырманы мұғалім өз сыныбына сәйкес өзгертуіне болады. Бұл баланың ойлауына мүмкіндік береді.


*«Сиқырлы жіп» жаттығуы*

1 нұсқа

Білім алушы үшін өте қызықты тапсырма. Жіптің бір ұшымен екінші ұшын қосқанда жаңа сөздер шығуы керек. Білім алушылар бірнеше сөздер ойлауы мүмкін.


**Тапсырма:** суретке мұқият қарап алда, буынды буынға қосу арқылы, жіптің екінші ұшын тауып, жаңа сөздер құрастыр.

- 1) алма
- 2) арпа
- 3) әнші
- 4) қора
- 5) мата
- 6) жаға
- 7) ешкі



2 нұсқа

- 1) тау
- 2) лақ
- 3) әнші
- 4) қап
- 5) қар
- 6) тіл
- 7) бес
- 8) жас
- 9) дәм




### «Ғажайып сөздер» жаттығуы

Әр тапсырманы орындаған сайын білім алушының қиялы мен ойлауы арта береді. Тапсырмалар уақыт өткен сайын күрделене береді. Бұл тапсырмада екі жұмысты жасау керек. Біріншісі сөзді оқиды, келесі де сол сөзді суретпен байланыстырады.

**Тапсырма:** Буынды буынға қосып, жаңа сөз шығар. Содан кейін оны суретпен меңзер арқылы қосып көр.

1 нұсқа



2 нұсқа



Осындай тапсырманы жиі орындаған баланың ойы өседі. Жаңа сөздердің мағынасын түсініп, ой қорыта алады.

*«Мәуелі ағаш» жаттығуы*

Педагог мәуелі сөзін түсіндіріп алып, ондағы жемістерді жинауға болатынын айтады. Білім алушылар әр алманы себетке тере отырып, жаңа сөздер айтады.

**Тапсырма:** Буынды буынға қосып, жаңа сөз шығар. Содан кейін оны суретке меңзер арқылы қосып көр.






Осындай тапсырманы өзгерту педагогтің шеберлігіне байланысты. Білім алушы жаңа сөздердің мағынасын түсініп, ой қорыта алады. Жемістердің атауын, буын санын, ол туралы ақпараттарын сұрауға да болады.

*«Сиқырлы үйшіктер» жаттығуы*


Педагог әр үйшікте бір әріптен орналасқандығына көңіл бөлгізеді. Содан кейін сол әріптен басталған сөздерді оқуға уақыт береді.

**Тапсырма:** Әр үйдегі сөздерді шапшаң оқуға тырысып көр. Мағынасын түсіндіріп көр [14].

1 нұсқа



2 нұсқа



### Жылдам оқуға көмектесетін бірнеше тапсырмалар

АЙНА	ҚҰРТ	БАЙЛЫҚ	ШЕЛПЕК	<b>Спорт алаңы</b> Мектеп жанында спорт алаңы бар. Спорт алаңы аса кең. Онда балалар доп ойнайды, жарыстар болады. Мен де жарысқа қатысамын. Жакында спорт жарысы болды. Мен сыйлық алдым. Оған достарым қуанды.	<b>Судың пайдасы</b> Су адам ағзасына пайдалы. Ол дене температурасын тұрақты ұстайды. Азық пен ауаны тасымалдайды. Дәруменнің және минералдардың таралуына көмектеседі. Денені жарақаттанудан қорғайды. Жасушалардың және бұлшық еттердің бірігуін қамтамасыз етеді. Теріні ылғалдандырады және сауықтырады. (32 сөз)
АТТА	ОРАҚ	ЖАУЛЫҚ	ТОРСЫҚ		
ОРАЛ	САНА	МОНШАҚ	ЖАСТЫҚ		
ҰШАҚ	ШАНА	ДОСТЫҚ	БОРСЫҚ		
ҚАРТ	МАСА	ЖАСТЫҚ	ТЫШҚАН		
ЖАҢА	БАҚА	СЕРГЕК	ТЫРНАҚ		
БАЛА	ТИЫН	КӨРКЕМ	САУСАҚ		
ҚОЛА	ДАЛА	СӨЙЛЕМ	ҚАРМАҚ		
ЖЫРА	ТАРА	ЖАЙЛАУ	ТАЛҚАН		
БОТА	НАУА	БІРЛІК	СЫЙЛЫҚ		
		СЫРМАҚ	ҚАЙМАҚ		

мин  сек     
  мин  сек     
  мин  сек     
  мин  сек

### Шульте кестесі

Оқу жылдамдығын нәтижелі арттыру үшін сандарды дыбыссыз санау арқылы іздеу керек, яғни іштей рет бойынша 1-ден 25-ке дейін. Табылған сандар тек көзбен белгіленеді. Алайда бұл іздеудің өзіндік ерекшеліктері бар. Жаттығуды дұрыс орындау үшін, және сәйкесінше, ауқымды көру қабілетін жаттықтыру арқылы барлық сандарды тезірек табу үшін назарды кестенің дәл ортаңғы торына, бірақ барлық кестені көре алатындай қою керек.

Шульте кестесімен жұмыс кезінде көздің көлденең және тігінен қозғалуын барынша азайтуға бағытталған. Ол үшін көз бен кесте ара-қашықтығын дұрыс сақтау қажет. Кесте алыс болған сайын, барлық торын қамтуға болады. Кестеге дейін орташа қашықтық кітап немесе монитордан оқуға ыңғайлы қашықтыққа сәйкес болуы керек. Әдетте бұл 40-50 сантиметр, бірақ көзді алшақ ұстаудың қажеті жоқ, тек кестені толықтай көруге қиын болса ғана [15].



<b>4</b>	<b>18</b>	<b>13</b>	<b>23</b>	<b>19</b>
<b>1</b>	<b>3</b>	<b>10</b>	<b>8</b>	<b>25</b>
<b>20</b>	<b>7</b>	<b>5</b>	<b>6</b>	<b>17</b>
<b>14</b>	<b>11</b>	<b>22</b>	<b>2</b>	<b>12</b>
<b>9</b>	<b>24</b>	<b>21</b>	<b>16</b>	<b>15</b>

### Струн тест

Мидың жұмысын жақсартатын жаттығу. Мақсаты - түстерді атау. Мысалы, «қызыл» деп жасыл түспен жазылған. «Көк» деп ақ түспен. Түстерді жылдам оқып, тез ажырата білу арқылы миымыздың екі жарты шарының жұмысын жақсарты аламыз.

Сары, қара, қызыл, жасыл  
Көк, қызыл, сары, қара  
Қара, сары, қызыл, жасыл  
Қызыл, қара, жасыл, көк  
Көк, жасыл, сары, қызыл  
Сары, қызыл, қара, қызыл



Бастауыш сынып білім алушыларының оқу процесінде мәтінмен шығармашылық жұмыс жүргізудің әдіс-тәсілдерінен мысал келтірейік.

Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
<p>Бірде шаштаразда байқалған жайдың ұшақ жасау ісінде үлкен табыспен пайдаға асқаны туралы білесіңдер ме? Бұл бір-ғибрат аларлық тамаша тарих! Сіз сондай істі өз басыңыздан өткермеген болсаңыз, өмір тәжірибесі кез келген жағдайда кәдеге асатынын ұмытпағайсыз. Айналаңыздағы ортаны бақылап үйреніңіз, көңіл аударуға тұратынын байқап қалуға тырысыңыз.</p> <p>Ұшақ кабинасындағы шуылды азайтудың әдісін іздестіру кезінде осы жағдай авиаконструкторлардың есіне түсе кетті.</p> <p>Мықты матаға желім жағып, оны күшті электр өрісіне енгізді, содан кейін жоғары жағынан бірдей етіп тілінген шыны талшықтарын септі. Шыны талшықтардың бір ұшы желімдеген матаға жабысты да, екінші жағы жоғары қарап тұрды. Ал оның</p>	<p>1) Мәтінде қандай қасиеттен үлгі алуға болатынын анықтаңыз.</p> <p>a) байқампаздық пен өнертапқыштық  b) ойшылдық пен оқымыстылық  c) есте сақау мен қайта жаңғырту  d) қиялдау мен мақсатқа ұмтылыс</p> <p>2) Шуылды азайту әдісінде төмендегілердің қайсысын қолданбады</p> <p>a) мата  b) желім  c) шыны талшықтары  d) резеңке</p> <p>3) Мәтіндегі оқиға желісін реттілігі бойынша белгілеңіз.</p> <p>1) Ұшақ жасау ісінде табысқа жету  2) Шаштараздағы оқиғаның еске түсуі</p>

<p>үстіне желім жағылған матаның екінші қабаты түсті. Бұдан кеуекті резеңке тәрізді материал пайда болды. Ол дыбысты екінші жаққа өткізбеді, ешқандай шу да естілмейтін болды.</p>	<p>3) Ұшақтағы шуылдың азайтудың жолын іздеу</p> <p>4) Шаштараздағы байқағыштық</p> <p>a) 1, 2, 3, 4</p> <p>b) 4, 3, 2, 1</p> <p>c) 2, 1, 3, 4</p> <p>d) 4, 3, 1, 2</p> <p>4) Жоспар құру.</p> <p style="text-align: right;">Жоспар</p> <p>1. _____</p> <p>2. _____</p> <p>3. _____</p>
<p>Бозарал! Аспаны әнге, жері ұяға толы Бозарал! Дүниедегі әнші, әдемі құстардың көктемде бас қосатын жері-Бозарал!</p> <p>Алтыбақан құрып, қой күзеткен ауыл алдындағы жазық, биік жардың құм қабырғасын үңгіп аққан өзен, көктайғақ мұзына доп ойнап, сырғанақ тепкен қара су сезімді шымшымай қоймайды. Машинаның кідіруін пайдаланып жерге түсесің, әрбір жапырақ жаудырап қарай қалады. Оларда манағы бір әзірде жауып өткен жаңбырдың меруерт тамшылары мөлтілдейді. Дүниедегі ең таза тамшылар туған жердің жапырағында тұрғанына жүрек баладай қуанады, іш анадай елжірейді. Қанша үңілгенімен, құмар қанар ма? Қайсыбіріне ғана қарасың, қайсыбірін ғана аларсың. Бір уыс жалбызды жұлып аласың. «Мен де қалмаймын» дегендей, буылдықтың бір тал сабағы да қолыңа іліне кетеді. Жалбызды иіскейсің-ұзақ иіскейсің. Оның қандай жерге өскенін көргің келіп, аяғыңның астына үңілесің. Бір шөкім топырақ аласың.</p>	<p>1) Мәтін не туралы екенін анықтаңыз.</p> <p>a) Көктем мезгілі</p> <p>b) Табиғат тамашасы</p> <p>c) Жастық шаққа саяхат</p> <p>d) Туған жер</p> <p>2) Автордың баладай қуанып, анадай елжіреуіне не себеп болды? Ойыңызды жазыңыз.</p> <p>Жауабы: _____</p> <p>3) Төмендегі сезімдердің қайсысы автордың мәтіндегі көңіл-күйі бола алмайды?</p> <p>a) Туған жерге деген қимастық сезім</p> <p>b) Туған жерге деген сағыныш сезімі</p> <p>c) Туған жерге деген мақтаныш сезімі</p> <p>d) Туған жерге деген қамқорлық сезімі</p>
<p>Данышпанның бірі былай депті: «Ішімдік адамды торт күйге түсіреді. Ә дегенде адам тотыға ұқсайды да, жұрт көзіне түсуге тырысады. Содан соң ол маймылдың қылығын шығарады да, елдің бәрімен қалжыңдасып, қылжақтай береді. Одан кейін арыстан кейпіне кіреді де, тәкаппар, паң, күшіне сенген өркөкірекке айналады. Ақыр аяғында ол шошқаға ұқсайды да, батпаққа аунап</p> <p>Кете барады». Олай болса, адам мұндай күйге түсуден сақ болу керек.</p>	<p>1) Мәтінде қандай тәсіл қолданғанын көрсетіңіз.</p> <p>a) байланыс құру</p> <p>b) салыстыру</p> <p>c) анықтама беру</p> <p>d) мысал келтіру</p> <p>2) Төменде берілген әрекеттердің қайсысы мәтіндегі жануарлар кейшіндегі адамдардың әрекетіне сәйкес келеді?</p> <p>a) Шошқаны жақсы көріп кетеді.</p> <p>b) Әркімге көмектесе береді.</p> <p>c) Ешкімге ырық бермей, өзін ғана күшті сезіну.</p>

	<p>d) Өндетіп, құлап, жығылып жүреді.</p> <p>3) Мәтіндегі арыстан адамға тән қасиетті көрсетіңіз.</p> <p>a) Қылжақбас b) Менмен c) кішіпейіл d) әлсіз</p>
<p>Бала кезімнен естіген, үйренген, білген сөздерімнің ішінен бір сөз көкейімнен ерекше орын алады. Өйткені ол сөзді әжем де, анам де, әкем де мен үшін тілдерімен емес, жүректерімен айтып отыратындай сезілетін. Кейде әжем сол сөзді маған арнап айтқанда, мейірлене кеудесіне қысып, маңдайыма ыстық лебін тигізе иіскейтін. Сондықтан ол сөз маған барлық сөздерден де күдіретті сезілетін. Ол сөз «Айналайын!» деген сөз еді. Осы сөз әжемнің мейірімді кеудесінен шыққан сайын, мен іштей қайталаймын, есейе келе, өзімнен кішілерді мен де «Айналайын» дейтін болдым.</p>	<p>1) Мәтін мазмұнына лайық мақалды анықтаңыз.</p> <p>a) Жылы-жылы сөйлесең, Жылан інінен шығады. b) Кішілерді көріп, қартайғаныңды білесің. c) Жақсы сөз-жан азығы. d) Бала балдан тәтті, Немере жаннан тәтті.</p> <p>2) Мәтінде асты сызылған сөздің мағынасын табыңыз.</p> <p>a) бетін b) алақанын c) маңдайын d) демін</p> <p>3) Мәтінге сай келмейтін қатарды белгілеңіз.</p> <p>a) Жақсы сөз санада жатталып қалады. b) «Айналайын» сөзі кейінгі кезде қолданыстан шығып бара жатыр. c) Айналып, еркелеткен-адамның мейірімділігін танытады. d) Жақсы сөз тілден емес, жүректен шығады.</p>
<p>Жетіген – қазақ халқының өте ерте заманнан келе жатқан жеті ішекті шертпелі музыкалық аспабы. Аспап ағаштан құрастырылып жасалады. Құрылысы өте қарапайым. Жетіген аспабы талай жүздеген жылдар өтсе де, аяғы қарапайым күйінде. Жетілдірілген түрінде он үш ішек байланып, арнайы тиектер қойылған. Аспаптың үні өте нәзік, құлаққа жағымды. Ел арасында аспаптың шығуы жайында көптеген аңыздар айтылады. Сол бір аңыздың бірінде: «өткен заманда өмір сүрген бір қарияның жеті баласынан айырылған қасіретті қайғысынан туындаған» деседі. Бізге «жетіген» деген атау осылай жеткен. Қазіргі кезде жетіген аспабы көптеген ансамбльде ойналып, кеңінен насихатталып келеді.</p>	<p>1) Жетіген аспабы неден жасалады?</p> <p>a) ағаштан b) алтыннан c) қағаздан d) ішектен</p> <p>2) Мәтінде жауабы жоқ сұрақты табыңыз</p> <p>a) Жетіген қандай аспап? b) Жетіген аспабында неше ішек бар? c) Жетіген аспабы туралы ақты қанша ағыз бар? d) Жетіген аспабының үні қандай?</p> <p>3) Музыкалық аспапқа қатысты не айтылмаған?</p> <p>a) аспаптың дыбысы b) аспаптың құрылысы c) аспап атауы туралы аңыз</p>

<p>Бір күні екі дос орманда келе жатады. Кенеттен алдарынан бір аю шыға келеді. Сол кезде біреуі қаша жөнеледі, екіншісі талға өрмелеп жасырынып қалады. Қашқан жігіт ортада қалып кетеді. Алайда, не істерін білмей тұрғанда, ойына «Өлген адам сияқты жерге етпетіммен жата қалсам, бәлкім құтылып кетермін» деп жерге жата қалады.</p> <p>Аю келіп оны иіскелей бастағанда демін жұтып, дем алмай жатады. Аю кеткен соң талға өрмелеп кеткен досы төмен түсіп, досының қасына келіп, күліп: «Айтшы ал, аю сенің құлағыңа не деп сыбырлады?» дейді.</p> <p>Сонда досы: «Досына қауіп-қатер төніп тұрғанда қашып кеткен адамдардан сақтану керектігімді, айтты» дейді.</p>	<p>d) аспапты кімдердің дайындайтыны</p> <p>1) Мәтіндегі негізгі сөздерді теріп жаз:</p> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <p>2) Мәтіндегі негізгі сөздерден сөйлемдер құрастыр.</p> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/>																
<p>Азық-түлік қоры азайып қалған ерте көктем кезі. Үй іргесіндегі төмпешік үстінде Қожанасыр кешкі тамақты қайдағын табады білмей, мұнайлы отырған еді. Жанына бір салт атты келіп сөлем береді.</p> <p>«Өлеңімді қалайсың, қанайымды жігіт! Үйге кір, құрметті қонағым боласың» - деп Қожанасыр асты-үстіне түседі.</p> <p>«Ракмет, қонақжай ағай. Үяқтым жоқ, асығысың» - деп жолаушы бас тартпақ болады.</p> <p>Қинар Қожанасыр қонысын ба күштегендей болып қоярда-қоймай қонақты аттан түсіреді.</p> <p>Атымды қайда байласам екен, қымбатты қожаның? - дейді жолаушы.</p> <p>Осы кезде ғана үйінде қонаққа беретін ештеңе жоқтығы есіне түсіп Қожанасыр: «Атымды менің қылықтың етіміңе байла! - деген екен»</p>	<p>«А» әріпі бар сөздерді теріп жаз:</p> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <p>«Жануарлар» тақырыбына байланысты сөздерді тап:  АФРМҚАСҚЫРУПРОЛЬАЮМИРАТУЛКІ  УВАРПІЛСМИРАНИҚОЯНИЕРНАТИИНВ  ВАПРНЕКИІКСМИРАПВТЫШҚАНСМПА  КИТСИЫРБОРАЫСҚОЙЗУРОАЕГЛАЕНА  ТБОРСЫҚАПРОИМАКЖЫЛҚЫИТАРОА  О</p>																
<p>Бір күні тоңып келе жатқан Алдар Көсенің алдынан үстінде жаңа тоны бар бай кезігіпті. Оны алдауға Алдар Көсенің көңілі кетіп, өзі тоңбаған кісі бола қойыпты. Жаңағы тон киген бай Алдар Көседен:</p> <p>- Әй, Алдар, сен неге тоңбайсың?-деп сұрапты.</p> <p>-Менің тонымның бір жағынан кірген суық екінші жағынан шығып кетеді,-депті Алдар Көсе.</p> <p>Сонда бай Алдар Көсеге: «Тоныңды маған берші»,- деп жабысыпты.</p> <p>Алдар Көсе бермеді. Өлгі кісі жабысып,</p>	<p>Жоқ әріптерді жазып шық:</p> <table border="0"> <tr> <td>1. Б_л_п_н</td> <td>9. Қ_л_м</td> </tr> <tr> <td>2. К_т_п</td> <td>10. Қ_ғ_з</td> </tr> <tr> <td>3. К_г_р_ш_н</td> <td>11. Д_п_т_р</td> </tr> <tr> <td>4. _й_н_ш_қ</td> <td>12. М_н_ш_қ</td> </tr> <tr> <td>5. Д_р_г_р</td> <td>13. М_ш_н_</td> </tr> <tr> <td>6. Т_р_з_</td> <td>14. Ж_лб_р_с</td> </tr> <tr> <td>7. Б_л_қ</td> <td>15. Б_л_л_</td> </tr> <tr> <td>8. Ж_п_р_қ</td> <td>16. М_ғ_л_м</td> </tr> </table> <p>Сөздерді дұрыстап оқы:  Қоыңрау, сағта, меткпе, башқа, ықызл, краныдша, татақ, қақсы, құмйақ, қропа, ажбңыр, саусықна, алқана, қзана, сйылқы,</p>	1. Б_л_п_н	9. Қ_л_м	2. К_т_п	10. Қ_ғ_з	3. К_г_р_ш_н	11. Д_п_т_р	4. _й_н_ш_қ	12. М_н_ш_қ	5. Д_р_г_р	13. М_ш_н_	6. Т_р_з_	14. Ж_лб_р_с	7. Б_л_қ	15. Б_л_л_	8. Ж_п_р_қ	16. М_ғ_л_м
1. Б_л_п_н	9. Қ_л_м																
2. К_т_п	10. Қ_ғ_з																
3. К_г_р_ш_н	11. Д_п_т_р																
4. _й_н_ш_қ	12. М_н_ш_қ																
5. Д_р_г_р	13. М_ш_н_																
6. Т_р_з_	14. Ж_лб_р_с																
7. Б_л_қ	15. Б_л_л_																
8. Ж_п_р_қ	16. М_ғ_л_м																

<p>соңынан қалмаған соң ол үстіндегі ескі тонды шешіп береді. Ал өзі байдың жаңа тонын киіп алып, ауылына қайтыпты.</p>	<p>ағша, қақсыр, тлүік отғрай, атлы, срурақ, кошлатры, ақбақ, әскуеле, армал, рйаса, нбүіг, ышқйа, йназа, идбай, ғажа, патла.</p>												
<p><b>1. Әр түрлі жұпты белгіле.</b> бала кітап балшық зерек балта бала кітап балшық зерек бағта</p> <p>тәтті тиін алша қимыл белбеу тәтті тиін алма қимыл белдеу</p> <p>маймыл алтын өкше майдан кеме маймыл алтын өлше майдан кеше</p> <p>бақыт арман бұлт тесік достық бақыр орман бұлт бесік достық</p>	<p><b>2. Екі қолмен боя.</b></p> <p>Сол қол  Оң қол </p> <p><b>3. Сөздерге антоним тауып жаз.</b></p> <table border="0"> <tr> <td>Ақ-</td> <td>Жаман-</td> <td>Сабақ-</td> </tr> <tr> <td>Аспан-</td> <td>Қисық-</td> <td>Мысық-</td> </tr> <tr> <td>Апа-</td> <td>Күн-</td> <td>Ал-</td> </tr> <tr> <td>Аз-</td> <td>Қыз-</td> <td>Ұзын-</td> </tr> </table>	Ақ-	Жаман-	Сабақ-	Аспан-	Қисық-	Мысық-	Апа-	Күн-	Ал-	Аз-	Қыз-	Ұзын-
Ақ-	Жаман-	Сабақ-											
Аспан-	Қисық-	Мысық-											
Апа-	Күн-	Ал-											
Аз-	Қыз-	Ұзын-											
<p>Брі күні Қажонсары жлоаушлыап жүріп сол мадңы биелп тұрған хамнен кездеісп қалдаы. Хан оытрып:</p> <p>- Мнеің Алашмұбра дгеен айтм бра, шпанқаад кзө іелсйепід, -дпе матақнады.</p> <p>- Ал мнеің ткеіт еесміг бар. Арықса, дасуы айышлық жегре дійен жетдеі,-деді Қоанажсыр. Едні не дре енек денеглей, хағна кзө қығыин соап кодяы.</p> <p>- Мне акрығадна, қыземтші нөкрелермі «Қдүіртеті хнаымыдзың дауусы асыртанынң ақығраныанн да кшүті» дуеші еді, сней есеігң менне де қтаты аыкра ма? – дйеді хан.</p> <p>- Тқасыр, сідзің ақығраныңызды етсіген жқо еді. Айақйлаңышзы, көрейні,- дйеді Қожнаасры.Хна тамғаын қынрап-қынрап алпы, айқйалап қоя бердеі.</p> <p>Содна Қжоансаыр:</p> <p>- Тасқыр, шыныдна да, зөіңіз тура мней есегім саяқты екесніз, - дейді.</p>	<p>«Үй жануарлары» тақырыбына сөздер тауып, жаз:</p> <p>1. _____ 6. _____ 2. _____ 7. _____ 3. _____ 8. _____ 4. _____ 9. _____ 5. _____ 10. _____</p> <p>Тізбекті жалғасыр: қалам, мектеп, парта...</p>												
<p><i>Мәтінді оқы</i></p> <p>Ерт..., ерт..., ертед... масы..., тышқа... жән... торға... өт... тат... ұрыпт... Басқ... а...-құста... оларды... достығы... қызығы... т..., қарайд... еке... Күндерді... күнінд... қылышы... сүйреті... қы... келд... Ү... до... суыққ... тоңы... ашығ... бастайд...</p> <p>- У..., доста..., ая...-мына..., жартқы...анда...-ана..., тарп... ба... салуғ... дая...тұ... Ода... д... бі... адамғ... бары..., қызме... етейі... Сонд... қарнымы... д... то... болад..., өзімі... д... жыл... баспанад...</p>	<p>Жаңылтпаштарды екі-үш рет оқып, жатқа жаз.</p> <p>Омар ора алар, Омар ора алмаса, Орал ора алар.</p> <hr/> <hr/> <p>Шаншар шаршап жатыр, Қайсар жайша жатыр.</p>												

алаңсы... өмі... сүремі...,- де... мысы... торға...  
 ме... тышқанғ...ақы... салат... Ола... әр...  
 ойла..., бер... ойла..., ақыр..., ос... ақылғ...,  
 тоқтайд... Сөйті..., бі... диқанғ... келс..., ү...  
 досты... бұ... ойы... диқа... д... құ... алад... Бі...  
 күнде... мысы... ек... досыны... қонданы...,  
 едәуі... семірі... қалғаны... аңғарад... Бәрін...  
 берілеті... тама... мөлшер... бірде... Сонд...  
 бұ...қала... болд... де... ойлад... мысы... Енд...  
 о... торға... ме... тышқанд...анд... бастайд...  
 Сөйтс..., екеу... қамбада... асты... ұрла... же...  
 жү... еке... Жақсылыққ... жаманды... жасаға...  
 достары... о... қатт... ашуланад... Арқ...  
 жүн...күдірейі..., көзіне... о... шашы...  
 тышқа... ме... торғайғ... қара... атылад...  
 Торға... сә... ашы... тұрға...есікте... лы... еті...  
 шығы..., ұшы... кетед... Тышқа... кө... тесікк...  
 бірін... зы... бері... кірі... құтылад... Сода...  
 бер... торға... ме... тышқа... мысықты... ат...  
 жаулар... болы... қалға...

**Мәтінді оқы:**


Бір мәулі бақта көрі қараған өспі тұрғыны. Көкісімде оның басына қарлығаш ісіп шөме тұрған ұя салып, балапан шығарыпты. Шөме тұрған балапанына құрап оасып сығдыртып, ерк қылып өсіртіп. Ол ісіпек, ойынды ғана ойысды ескі. Қарыны ашса, шешіне келіп тамақ сұрайды. Анасы тапқан-таянғанын балапанының аузына салады. Ал қарлығаш балапанын сіл етсек, еңбеккер етіп тәрбиеленіп. Тақын зымырап өтсе өседі. Күз түседі. Екі балапан да ер жетеді. Енді олар өз өсіттерімен күн көріске кіріседі. Қанаты қатайған соң қарлығаштың балапаны жол қиыншылығынан қорықпай, жылы жаққа ұшып кетеді. Шөме тұрғандың балапаны жерден теріп жетін дән сепіп бақта қалады. Қыс түседі. Жерді қар басады. Ііс азығы, не бақ сұғар балапаны жоқ шөме тұрған жерден ашығады. Ақыры, үскірік аяз соғып, еш іс етсе еш жоқ, тоғышар балапанды үгісітіріп тастайды. Қыс өтіп, көкісім келеді. Қайта оранан қарлығаштың балапаны шырылдап, құрдасын іздеп бастайды. Алыама, - десиді оған көрі қарға. - шөме тұрғандың балапаны еңбек етпеді, сондықтан аштан өлді. Еңбексіз тіршілік жоқ. Соны есітп шығарма.

**Дұрыс сөздер құрап, жаз:**

М А Ш А Х Т – \_\_\_\_\_  
 Н А Х Ш Й А – \_\_\_\_\_  
 Ы Н Л А С Қ – \_\_\_\_\_  
 К Е П Е М Т – \_\_\_\_\_  
 Р Қ Ш А О У – \_\_\_\_\_  
 М А Ш А Т – \_\_\_\_\_

**Қарамен жазылған әріптерді оқы:**

Бйіфр күпнүі Қошжаниасырғяа әжйейлі  
 әбір қуесше ұсытатыпты:  
 - Ниегке жаптырусың, ыбазарға  
 бафруып, мынша қуесекге сұйымқ умашй  
 құйғышзуп әкеил. Былавлароға  
 быауыорссақ пісшірміп бверейікн, -адеуп  
 тапсырамды. Қжожя бапзарға  
 аиттанжады. Сватуфшрыға келіп,  
 ма йдоы тәкеулгеын ыдуышыноын  
 шоамажсынан көөбфірек ажлады.  
 Мтайяды құшйғызған клезоде кезжсешге  
 ссылймжай, арттыулиып қажлаюды. Сол  
 ыжеорден сбатуюшы:  
 - Қхалғуанын қажйдоа құфямйыз?-  
 адейді. Қжожя жғлмұа-әжеан көөсесйін



**Артық сөзді сызып таста.**

Биші	Нан	Кітап	Жүзім
Әнші	Бауырсақ	Кино	Қияр
Ұрлықшы	Тоқаш	Жарнама	Құрма
Жазушы	Кәмпит	Теледидар	Өрік

<p>туөңкерліп үжібыеріп:</p> <p>- Қжалғаныйын мыынат жаағуына құой,- деп ікелсейсіннің теубің этосады. Малдығыңе қаулғануың кйесеінің туубіне күшйғоызышп, Қуожоекеың сол абофйымнда үбйікне коелыедіф. Аолдоынеан әшіеліә шоығуып:</p> <p>- Мафйдды мүшнша нуегруе азд аплдаық? – депт сроұрыайлыды.</p> <p>-ӨЖаплрғсыз ибүенгл еиемпес, мыынша жлағырнглдаа дар блар, -детпр Қобажоа тһлөңокеипре суалаыады. Сөптейтап, Қложаекаең туубіндагергі азр оғарна маддайдан да агийырыдлрып қуалыпиматы.</p>	
<p><i>Мәтінді оқы</i></p> <p>ріб інүк рысанажоҚ немайаб пысаджлажнаж, ағнах іденігүж. ңыдйаБ ағнах қылыыс піреб, ңінізә нізәс нінитетелйәс негліб ажоҚ нах аныдла анынйок неклү сат алас ыдараб. наХ іке ытқаж падңыт, мікү ағутйа едресірік, рысанажоҚ іденіріктөж. наХ тлаж ыдалыруб. адноС ажоҚ ного немығырыдүж нынйок ідетесрөк. ңыннаХ ізөк ңынажоҚ анығырыдүж ессүт, ынйок пыйапмот рүт неке, наХ адрисанажоҚ пөк нытла раб пед іденелемәд. «ңінеМ ідмізәс ңеселйәс, ысо ыднытла нағас нимереб», -інегед ралоб пед ыдйалйо. наХ нізәс йатқамлас пілек, ңыдрысанажоҚ нызыра ыдйатсырүд. егмікҮ ызар нағамлоб йаб пыналуша, пітек ыдалақ. лА нах ыдрысанажоҚ пырықаш ыдала ад:</p> <p>- лА, екежоҚ, нағам ңысазир йоғ, ыдйаб нағас пығыж мідреб. іднЕ ығадңынйок ыдңынытла реб! – ідйед.</p> <p>- рысқат, егзіс нем нытла мінектесрөк кож. ығадмынйок нытла семе, сат іде, - пед ажоҚ ытсат пырағыш аныдла йатсат ыдалас.</p> <p>- килиБ адратйа нес ідңізөк пысық, ыдңынйок ңіттесрөк, ло ен ңінегед?- пед ыдйарұс нах.</p> <p>- аУ, рысқат! ңінеМ ыдмынйок мінектесрөк: «наХ, лідә килиб тйа, есептйә, аным непсат пырұ нымағыж» мінегед іде, - ідйед.</p>	<p><i>Мына сөздерден мәтін құрап жаз:</i></p> <p>Қыдыру, мектеп, демалыс, оқушы, Асыл, Гүлім, жақсы, көңілді.</p> <p><i>Сөздерге антоним тауып жаз.</i></p> <p>Ұсақ - Шеңбер - Төбе -  Ашық - Өтірік - Темір -  Дос - Жауыз - Қасқыр -  Күлкі - Қол - Әріп -</p> <p><i>Сөздерге рифма тауып жаз.</i></p> <p>Торғай- Саусақ - Махаббат -  Ғалым - Өрік - Шеге -  Кеме - Кеңсе - Саңырауқұлақ -  Ұстаз - Әлем - Береке -</p> <p><i>Мына сөздерді аяқта</i></p> <p>Тор____, ко____, ко____, тас____, қа____,  та____, қас____, түл____, ақ____,  жа____, ала____, бәй____, оқу____, қы____,  бала____, үй____, шах____, жай____,  жыл____, ба____.</p>

**«Әдебиеттік оқу» пәні  
2-сынып**

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
<b>Тыңдалым</b>		
<p>2.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беру</p>	<p style="text-align: center;"><b>Бақша ағаштары</b></p> <p>Жаздың әдемі бір күнінде, таңертең бір төре өзінің баласымен бақшаға барып, екеуі де егілген ағаштары мен гүл жапырақтарын көріп жүрді.</p> <p>- Мынау ағаш неліктен тіп-тік, ана біреуі неге қисық біткен? - деп сұрады баласы.</p> <p>- Оның себебі, балам, анау ағашты бағу-қағумен өсірген, қисық бұтақтары болса өсіп. Мынау ағаш бағусыз, өз шығу қалыбымен өскен,- деді атасы.</p> <p>- Олай болса, бағу-қағуда көп мағына бар екен ғой,-деді баласы.</p> <p>- Бағу-қағуда көп мағына барында шек жоқ, шырағым; мұнан сен де өзіңе <i>ғибрат</i> алсаң болады; сен жас ағашсың саған да күтім керек; мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзік кісі болып өсерсің, бағусыз бетіңмен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсерсің,- деді.</p> <p style="text-align: right;">(Ыбырай Алтынсарин)</p> <p style="text-align: center;"><i>Ғибрат- тәрбие, үлгі алу.</i></p>	<p><b>Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәтін не туралы?</li> <li>2. Баланы қандай сұрақ мазалады?</li> <li>3. Ағаштың қисық біткеніне не әсер етті?</li> <li>4. Төре ағаштарды кімге теңеді?</li> <li>5. Баланың түзік кісі болып өсу үшін не қажет?</li> </ol> <p><b>Ағаштың тік болып өсуіне қандай күтім жасау керек? 3 ереже жаз</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. _____</li> <li>2. _____</li> <li>3. _____</li> </ol> <p><b>Дұрыс жауапты тап</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Төре баласымен қайда барды?             <ol style="list-style-type: none"> <li>а) Қалаға</li> <li>б) <i>Бақшаға</i></li> <li>с) Көрші ауылға</li> </ol> </li> <li>2. Бала бақшада не байқады?             <ol style="list-style-type: none"> <li>а) <i>Ағаштардың тік және қисық біткенін</i></li> <li>б) Бақшаға жемістердің шірігенін</li> <li>с) Құстардың әдемі ән салғанын</li> </ol> </li> <li>3. Егер бала қате істерін түзеп, айтқанды ұғып жүрсе қандай кісі болып өседі?             <ol style="list-style-type: none"> <li>а) Қисық, тәрбиесіз</li> </ol> </li> </ol>



		<p>б) Ерке, жалқау  с) Түзік, тәрбиелі  <b>«Ұқыпты тыңдағаннан үйренері көп» мақалының мағынасын қалай түсінесің?</b>  Жауабыңды жаз</p> <hr/> <p>Мәтін бойынша 3 сұрақ құрастыр, парталас досыңа қой</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.</li> <li>2.</li> <li>3.</li> </ol> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;</li> <li>- үш ереже жазады;</li> <li>- тесттің дұрыс жауаптарын белгілейді: 1.б, 2.а, 3.с;</li> <li>- мақал мағынасына түсінігін жазады;</li> <li>- мәтін мазмұны бойынша 3 сұрақ құрастырады, парталас досына сұрақ қояды.</li> </ul>
--	--	---

Бұл тапсырмада білім алушы мәтінді «Дирижер» әдісі арқылы оқиды. Оқылған мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақтар білім алушының ашық, сын тұрғысынан ойлай отырып жауап беруіне бағытталған. Келесі тапсырмада баланың функционалды сауаттылығын арттырып, өмірмен байланысты тұстарын анықтауға, алған білімді қолдана алуға итермелейді.

Дұрыс жауапты көрсету арқылы білім алушы мәтіннен ақпаратты іздеу және табу қабілеттерін жетілдіреді. Мақалдар арқылы көркем әдебиетке қызығушылығы туып, мақалдардың өмірде маңызын түсіне алады. Оқу процесінде қарым-қатынас, коммуникация маңызды рөл атқарады. Сол себепті білім алушылардың оқу процесі барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасауға арналған жұмыстарды ұсыну керек.

Тыңдалым		
2.2.8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі	<p align="center"><b>Отырар қаласы</b></p> <p>Отырардың бұрынғы аты Фараб болған. Отырар қаласы Ұлы Жібек жолының достық дәнекеріне айналды. Жібек</p>	<p><b>- Мәтінді оқығанда Отырар қаласы көзіңе қалай елестеді? Сурет арқылы бейнеле</b></p>

(иллюстрация, мультфильм) нұсқасымен салыстыру

жолы Батыс пен Шығыс елдерін екі мың жылдай уақыт ішінде үзбей жалғастырып жатты.

Саяхатшы Марко Поло: «Отырар қаласының үш базарында жер жүзі саудагерлерін түгел жолықтырасың», - деп жазды.



Қалада бірнеше медресе, базар, ұстахана, мешіт, монша, кесене, сауда дүкендері, сәнді күмбезді сарай болған.

Қала негізінен екі қорғанмен қоршалған. Сыртқы қорған қаланың жалпы аумағын қамтитын балшық дуал болатын. Мұның сыртындағы бос жерде шаруалар егін салып, мал өсіреді. Ал екінші қорған байлар мен әкімшілік үйлерін ғана қоршаған биік мұнаралы, сәнді күмбезді, берік қыш қорған еді.

Отырар қаласында белгілі ғұлама философ Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келген.

(Дүкенбай Досжанов)



- Өзіңнің салған суретіңді көре отырып Отырар қаласы туралы баяндап бер



Мәтін мазмұнына сай ақпаратты анықта

Ақпарат	Белгіле «+»,«-»
Отырардың бұрынғы аты Фараб болған	
Қалада бірнеше мектеп, ойын-сауық орталықтары болған.	
Отырар қаласында белгілі ғұлама философ Ахмет Байтұрсынұлы дүниеге келген.	
Философ Әбу Насыр әл-Фараби Отырарда дүниеге келген	
Отырардан жер жүзіндегі барлық саудагерлерді жолықтыруға болады.	

[https://youtu.be/n\\_Rbp3ORxWg](https://youtu.be/n_Rbp3ORxWg)

Бейнематериалмен танысып, Отырар қаласын неліктен тарихи қала деп айтады деп ойлайсың өз ойыңмен бөліс

**Дескриптор:**

		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Отырар қаласының суретін салады;</li> <li>- сурет бойынша қала туралы ақпаратты баяндайды;</li> <li>- мәтін мазмұнына сай ақпаратты анықтайды;</li> <li>- видеоны қарайды;</li> <li>- өз ойымен бөліседі.</li> </ul>
--	--	---

Бастауыш білім алушысының таным процестерінің жұмысына тікелей әсер ететін процесс ол - визуализация. Білім алушы қиялдағанды, суреттегенді жақсы көреді, сол себепті сабақ барысында шығармашылыққа бағытталған тапсырмалар болуы тиіс. «Отырар қаласы» мәтіні ақпараттық мәтін білім алушылардың көп жағдайда тұтас мәтіндерді оқуға және ол жерде берілген ақпаратты есте сақтауға құлшынысы болмай жатады. Осындай жағдайларда шығармашылық тапсырмалар мұғалімге көмек бола алады. Бұл мәтін бойынша берілген тапсырмалар алдымен оқығанын сурет арқылы жеткізіп детальдарды ескеруіне мүмкіндік береді. Осы кезде білім алушыда саналы оқу жүреді. Білім алушы өз суретін неғұрлым қанық қылып салу үшін әр бір бөлігін мұқият оқиды. Көп жағдайда білім алушылар мәтіннен тыс ақпарат қосуы мүмкін. Бұл олардың бұрынғы өткенін еске түсіру немесе қосымша ізденіс жасау арқылы алынған ақпараттармен байытылады. Ерекшелену, жақсы бағаға лайық баға ұсыну мақсатында жасалатын бұл іс-әрекеттер білім алушының ойын жетілдіреді. Қазіргі таңда білім алушылардың сөйлеу қабілеттері өте төмен болып отыр. Қазақ тілінде ойын жеткізу, мазмұндауда көп жағдайда қиналады. Ал, өз салған суреттерін баяндауда бұл мәселені жеңілдетеді. Біріншіден білім алушы еркіндік сезінеді және оқып айтқаннан көзімен көріп тұрғанын оның үстіне өзі бейнелеп салғанын оңай айтып бере алады.

Білім алушы келесі тапсырмада ақпаратты қорытындылай бастайды. Дұрыс-бұрыс жауапты табу арқылы маңызды тұстарын бекітеді. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар ХІ ғасыр білім алушысы үшін ең маңызды құрал. Сондықтан АКТ-ны сабақтарда қолдану міндетті. Бейнематериалды көріп, ол жердегі ақпаратты мәтін мазмұнымен салыстырады. Салған суретіндегі Отырар мен видеода көрген шынайы Отырар қаласының бейнесіне талдау жасайды.

Соңында ойланады және Блум таксономиясындағы анализ, синтез процестерінің жүруіне мүмкіндік береміз. Білім алушы үшінші формада берілген ақпаратты таразылап «неліктен?» деген сұраққа жауап іздейді. Сабақ соңында «Ашық микрофон» әдісін қолданып түрлі тұжырымдарды тыңдай аламыз. Білім алушылар бір-бірін тыңдай бастайды, бір оймен келісіп, басқаларға қарсы шығуы мүмкін.

## Тыңдалым

2.3.1.1 мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру

### Басқаның рөлінде

Амантай мектептен үйіне боздап кірді. Екі көзінен жас парлап, көпке дейін өксігін баса алмай, бұрын-соңды болмаған мінез көрсетті.

- Амантай, саған не болды? Кім жәбірледі? - деді шешесі.

- А-па, бү-бүгін... қазақ тілінен «екі» қойды.

- Кеше аулада көбірек ойнап жүріп алып ең. Сабағыңа дайындалмағаның ғой. Мұғалімнің дұрыс істеген: жақсы оқитын оқушы еді деп кешірім жасамай, екілік қойғаны орынды. Намыстансаң, қорланып жыласаң, екінді тез жоясың!

Шешесі баласының сөзін сөйлемей, қайта ұрысып, қателігін мойындата бастады. Амантай күліп жіберді. Шешесінің мойнынан құшақтап, бетінен сүйді:

-Апа, менің жылағанымға рас нандыңыз ба? Нанымды шықты ма?

- Нанбағанда ше? Бұрын жылап көрген бала емес едің. Боздап отырсың.

- Апа, мен мектеп сахнасына қойылатын пьесаның басты рөлінде ойнайтын ем. Ол бала жылауық болады. Бір пьесаның барысында үш жерде жылайды.

- Амантай, сен ол рөлде ойнай алады екенсің. Қашан болады? Мен де барып көрейін! - деді шешесі.

(Мәдіхат Төрежанов)

### Мәтінді 3 бөлікке бөл, жоспар құр

- 1.
- 2.
- 3.

### Дұрыс жауапты тауып белгіле

1. Амантай бұрын соңды болмаған қандай мінез көрсетті?

а) Анасына қатты сөздер айтып, көңілін қалдырды

б) *Өксіп жылап келді*

с) Қолындағы заттарын тастап, енді мектепте оқымаймын деді

2. Анасы Амантайдың екі алуының себебі не деп ойлады?

а) Мұғаліміне қарсы сөз айтқаны

б) Кітабын жоғалтып алғаны

с) *Көп ойнап сабаққа дайындалмағаны*

3. Амантай неге күліп жіберді?

а) Анасы Амантайдың көңілін көтеру үшін тәтті берді

б) Анасы екі де жақсы баға деп қуантты

с) *Ол анасының алданып қалғанына күлді*

4. Амантай неліктен үйіне жылап келді?

а) Мектепте екі деген баға алды

б) Мектепте достары мазақтан

с) *Пьесада ойнайтын рөліне жаттығып жатты*

### Мәтіндегі басты кейіпкерлерге мінездеме бер



		<p><b>Қалай ойлайсың Амантай өзіне берілген рөлді сомдай алады ма? Неліктен? Екі тұжырымдама жаз</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.</li> <li>2.</li> </ol> <p><b>Жоспарға сүйене отырып мәтінді сахналандар. Амантайдың сияқты сыныпта пьесада ойнай алатын оқушылар бар ма анықта.</b></p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін бойынша жоспар құрастырады;</li> <li>- тесттің дұрыс жауаптарын белгілейді: 1.б, 2.с, 3.с 4.с;</li> <li>- мәтін кейіпкерлеріне мінездеме береді;</li> <li>- екі тұжырым жазады;</li> <li>- сахналайды, пьесада ойнай алатын білім алушылар бар ма анықтайды.</li> </ul>
--	--	---

Мәтінді бөліктерге бөлу, бөліктерге ат қою. Көбіне балалар бөлікке бөлудің не үшін керек екенін түсінбей жатады. Бөліктерге ат қояды алайда оны тиімді қолдана алмайды. Осындай жағдайлар болмау үшін бұл процесті тиімді қолдану керек. Білім алушы жоспарды өзі үшін құрып жатқанын оның баяндағанда немесе мазмұндама жазғанда пайдасы бар екенін түсінуі керек. Мұғалім осы кезде нұсқаулықты дұрыс беріп түсіндіре алуы керек.


Дұрыс жауапты белгілеу тапсырмаларын бергенде қойылған сұрақтардың мәтіндегідей сөзбе сөз қою үлкен қателік болады. Қарапайым сұрақтың жауабын табуда да білім алушы ойлануы керек. Мәтінде бар ақпарат пен жоқ ақпаратты ажырата алуға бағыттаған жөн. Көп жағдайда іс-әрекетке, эмоция мен сезімге, автор ойын анықтауға арналған сұрақтарды қолдану керек. Сұрақтар жоспар негізінде басынан аяғына қарай жүргені дұрыс бұл білім алушының басынан аяғына дейін тағы да көз жүгіртіп оқуына немесе мәтін алдында болмаса сюжеттің реттілігімен ойша картина құруына көмектеседі. Шашыраңқы болса білім алушы зейінін ақпаратты табуға ғана жұмсайды ал оны есте сақтауы қиын болады.

Кейіпкерге мінездеме беру басқаның бойынан қасиеттерді таба білу, жақсы қасиет пен жаман қасиетті ажыратуына мүмкіндік береді. Білім алушы басқаны жақсы адам деп сипаттай отыра өзімен салыстырып, өз бойынан сол қасиеттерді іздей бастайды және де қарапайым өмірде өз басынан өткен жағдайларда сол кейіпкермен ұқсас тұстарын көре бастайды. Адамгершілік тәрбие алып, мәтіннің мәнісін, автордың жеткізгісі келген ойын мінездеме бере отыра түсінеді.

Тұжырымдама жасау балаға оның ойының маңызды екенін көрсетуге, ойлануға мүмкіндік жасайды. Білім алушы ойлаудың жоғары деңгейіне көшеді бұрын болған көргенін негізге алып, өмірмен байланыстырады. Тұжырым жасауға бергеннен кейін міндетті түрде әр білім алушының ойына кері байланыс берілуі керек. Кері байланыс жазбаша түрде берілсе, жазбаша кері байланыс, егер ауызша болса сол сәтте бірден білім алушының көз қарасына өз пікіріңізді білдіріңіз.

Тапсырма құрастыруда тақырыпқа негіздеген дұрыс болады. Ол баланың толық картина көруіне мүмкіндік береді және құрылған жоспарыңызды сабақтың барлық бөлігінде қолдану. Білім алушылар мәтінді жауып қойып, тек жоспармен жұмыс жасап, бір-біріне ұмытылған жерлерін айтады, бейнеге енеді. Келесі жолы жоспарды ойлана отырып құрады, маңыздылығын түсінеді. Топтағы балалар өз потенциалдарын танып, рөлдерге бөлінеді. Балалар бір-бірінің қабілеттерін көріп, оларды жаңаны ашуға көмектеседі. Мысалы, осы тапсырма арқылы бір білім алушы өзінің сахнада ойнай алатын қабілеті барын анықтауы мүмкін.

<b>Тыңдалым</b>		
<p>2.2.9.1 сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі, кестеге салу</p>	<p><b>Бостандық</b></p> <p>Қорғанбай екеуіміз жақсы доспыз. Күні бойы бірге ойнаймыз. Олардың үсті қамыспен жабылған қорасы бар. Күн түсіп тұрсын деп төбесінің ортасын әдейі ашық қалдырған. Біз қораның ішіне жасырынбақ ойнағанда сол ашық жерден алақандай аспан көрініп тұрады. Қуыс-қуыстарға ұя салған шымшықтар да ұшып келіп, ұшып шығып кетіп жатады.</p> <p>Бір күні Қорғанбай шымшық ұстаудың қызық тәсілін көрсетті. Кәдімгі шылапшынның бір жақ ернеуіне ұзындығы бір сүйем таяқша тірейді де, оған жіп байлайды. Астына арпаның дәнін сеуіп қояды. Қораға келіп қонған шымшықтар секектеп жүріп шылапшынның астындағы дәнге қарай жақындай бастайды. Шымшық жан-жағына жалтақтауын қойып, дәнге бас қойған кезде жіпті тартып қалсаң, бітіп жатыр. Шылапшын даңғыр етіп құлайды да, шымшықтар ішінде тыпырлап қалады.</p> <p>Қорғанбай тіпті пысық екен. Төңкерілген шылапшынның астына қолын сұғып жібереді де, шап беріп алып шығады. Мен болсам мүлде ұстай алмаймын. Бір-екі</p>	<p><b>Мәтіннен мағынасы түсініксіз сөздерді теріп жаз.</b></p> <hr/> <p>- Сыныптастарыңнан сөздердің мағынасын сұрап жазып ал. Қалған сөздерді <a href="https://sozdik.kz/">https://sozdik.kz/</a> сайтына жазып мағынасын анықта.</p> <p>Қайтадан мәтінді оқып шық. Содан кейін тапсырмаларды орындауға кіріс.</p> <p><b>Сұрақтарға жауап бер</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бала Қорғанбаймен қайда ойнағанды жақсы көрді?</li> <li>2. Қорғанбай қандай қызық тәсіл көрсетті?</li> <li>3. Қорғанбай кімнен қорқып тығылды?</li> <li>4. Балалар неге жылады?</li> <li>5. Оларды қорададан кім шығарды?</li> </ol> <p><b>Қорғанбай неге көз жасын сүрте сала шымшықтарды босатты деп ойлайсың? Өз ойыңды жаз</b></p> <hr/> <hr/>

	<p>рет саусағымды шоқып ала ма деп қорқып, ұшырып жібердім.</p> <p>- Қопалсың! - деп ұрсады ол маған.</p> <p>Екеуміз бұл ойынның қызығына әбден берілген кезде, қораның сыртынан жөткірінген дауыс естілді.</p> <p>- Ойбай, атам келе жатыр! - деп, Қорғанбай зып беріп ақырдың ішіне тығылды. Мен де жасырынып қалдым.</p> <p>-Есікті ашық тастағандары несі түге! - деді Қорғанбайдың атасы. Сөйлей жүріп, есікті сыртынан іліп, жауып кетті.</p> <p>Сыртқа шығайық десек, есік тарс бекітілген. Қарнымыз ашып, ішегіміз шұрылдады. Күн де ыси бастады. Қораның іші қапырық. Борша-борша терлеп, мазамыз кетті. Тар қапаста қалғанымызға өкініп, жыламсырай бастадық. Қорғанбай «Апа, апа-а-а!» деп қанша айғайласа да, ешкім есікті ашпады. Енді ұятты былай қойып, екеуміз де бақырып жылауға көштік. Көзіміз қызарып, бұлаудай боп ісіп кетті. Бір кезде апасы даусымызды естіп келіп, есік ашты.</p> <p>- Апыр-ау, сендерді қораға қамап қойған кім? - деп таңғалып жатыр апасы. - Ал, кәне, шығындар!</p> <p>- Қазір, қазір, - деп, Қорғанбай көз жасын жеңімен асығып сүртті. Жүгіріп барып, аяқтарынан жіппен байлап қойған шымшықтарды босатып жіберді.</p> <p>Шымшықтар бостандық алғанына қуанып, аспанға қарай шарықтап ұша жөнелді. Біз де қапырық қорадан сыртқа шыққанымызға қуандық.</p> <p style="text-align: right;">(Нұрғали Оразов)</p>	<p><b>Қорғанбай қандай бала? Жауабынды мәтіндегі қосымша ақпараттармен түсіндір.</b></p> <hr/> <p><b>Теріп жазған мағынасы түсініксіз сөздерді қолданып «Менің досым» тақырыбында шағын әңгіме жаз</b></p> <hr/> <p><b>Өзіңнің досыңды Қорғанбаймен салыстыр</b></p> <div style="text-align: center;">  </div> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мағынасы түсініксіз сөздерді жазады;</li> <li>- сөздердің мағынасын анықтайды;</li> <li>- сұрақтарға жазбаша жауап береді;</li> <li>- әңгіме жазады;</li> <li>- Қорғанбаймен өз досының қасиеттерін салыстырады.</li> </ul>
--	--	--

Білім алушылардың оқығанын түсінбеуі көбіне сөздердің мағынасын түсінбеуден болып жатады. Осындай жағдайда сөздікпен жұмыстың мәтінмен жұмыста маңыздылығы көрінеді. Сіз түсінбейтін емес жеке білім алушы түсінбеген сөзбен жұмыс жасалуы керек. Кей кезде білім алушылар қарапайым сөздерді түсінбей жатады. Сондықтан білім алушыларға

өздері тізім құрып, сөздердің мағынасын өздері іздегендері тиімді болады. Бір білім алушысы білген сөзді басқа білім алушы білмеуі мүмкін осылайша олар бір-біріне көмектеседі. Күнделікті өмірде басқадан сұрауға қысылмайды.

Мәтін бойынша сұрақтар қойып, оларға жауап беру. Оқу сауаттылығын арттыруда білім алушының сұраққа толық жауап беруін қадағалаған жөн. Мәтін мазмұнына сай толық жауап берген жауаптарды ғана дұрыс деп қабылдау керек. Сұрақты қою барысында мұғалім сұрақты анық және маңызды тірек сөздерді интонациямен көрсете отырып қоюы керек.

Өз ойын мәтін мазмұнымен ұштастыру. Білім алушының келешекте құр сөзбен емес фактімен, дәлелдеумен сөйлеуіне көмектеседі.

Жаңа сөздерді қолданысқа бірден жұмсау керек. Ол сөздер сол кезде есте сақталады. Біріншіден білім алушы жаңа сөзді түсіне бастайды, екіншіден сол сөз орынды болатын сөйлемдер құрайды. Мағынасы түсініксіз болған сөздер білім алушы үшін түсінікті болып, сөздік қоры артады.

Венн диаграммасы білім алушының салыстыруына мүмкіндік береді. Білім алушы жекелеген ерекшеліктерін жазғанмен ортақ тұстарын іздеуде қиналады. Осы кезде педагог көмегі керек болады. Көмекші сөздер арқылы мұғалім білім алушы бағыттауы керек.

<b>Тыңдалым</b>															
<p>2.3.2.1* мұғалім көмегімен бойынша ертегілер, жұмбақтар немесе ұйқастарды қатыстырып шумақтар, санамақтар құрастыру</p>	<p><b>Қасқыр қысты қалай өткізеді?</b>          Ызылдап соққан суық жел. Аттының жолын, жаяудың ізін қар басқан. Көлдер мен өзендерде мұз толған. Аяз бен боран жан-жануардың бәрін де үйіне қуып тыққан.</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p>Далада суыққа дірдектеп, қарны ашып бұралып, көкшіл жүнді қасқыр жүр. Бір жерге де рақатпен жатқызбай, тоғайларды, мидай даланы кездіріп, мұны қуып жүрген - аштық. Сорлыға күндіз де, түнде де дамыл жоқ. Қалың қарда кейде аяңдап, кейде жортып, тістерін сақылдатып, қайдан бір тоятын тамақ табылар екен деп жүргені.</p>														
<b>Мәтінге сәйкес емес ақпараттарды анықта, дұрысын жаз</b>															
<table border="1" style="width: 100%;"> <thead> <tr> <th style="width: 70%;">Ақпарат</th> <th style="width: 30%;">Дұрысы</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Мәтінде көктем мезгілі сипатталған</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Мәтін қасқыр туралы</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Қоян қайдан бір тоятын тамақ табылар деп жүр</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Аю жазда семіріп алған. Қыста жылы үйшігіне кіріп, бекініп, ұзақ ораза ұстаған кісідей ұйықтап жатыр.</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Қоян астығы мол үйлерді сағалап, неше бөлме ін қазып алып, уайымды ұмытқан.</td> <td></td> </tr> <tr> <td>Қоян ақ тонын киіп алып, бұтақ кеміріп, шаттықта жүр.</td> <td></td> </tr> </tbody> </table>		Ақпарат	Дұрысы	Мәтінде көктем мезгілі сипатталған		Мәтін қасқыр туралы		Қоян қайдан бір тоятын тамақ табылар деп жүр		Аю жазда семіріп алған. Қыста жылы үйшігіне кіріп, бекініп, ұзақ ораза ұстаған кісідей ұйықтап жатыр.		Қоян астығы мол үйлерді сағалап, неше бөлме ін қазып алып, уайымды ұмытқан.		Қоян ақ тонын киіп алып, бұтақ кеміріп, шаттықта жүр.	
Ақпарат	Дұрысы														
Мәтінде көктем мезгілі сипатталған															
Мәтін қасқыр туралы															
Қоян қайдан бір тоятын тамақ табылар деп жүр															
Аю жазда семіріп алған. Қыста жылы үйшігіне кіріп, бекініп, ұзақ ораза ұстаған кісідей ұйықтап жатыр.															
Қоян астығы мол үйлерді сағалап, неше бөлме ін қазып алып, уайымды ұмытқан.															
Қоян ақ тонын киіп алып, бұтақ кеміріп, шаттықта жүр.															



	<p>Ормандағы үлкен аңның бірі - аю. Ол жазда семіріп алған. Қыста жылы үйшігіне кіріп, бекініп, ұзақ ораза ұстаған кісідей ұйықтап жатыр. Өзіне лайық жып-жылы іні бар түлкі куда тіпті қайғы жоқ. Көртышқандар да астығы мол үйлерді сағалап, неше бөлме ін қазып алып, уайымды ұмытқан. Бадырақ көз қорқақ қоянға шейін ақ тонын киіп алып, бұтақ кеміріп, шаттықта жүр. Жалғыз-ақ қасқырдың басына қыстың күні бар бәле орнаған. Мұның бір ғана үміті - бекітусіз қора, күзетсіз жылқы.</p> <p>(Міржақып Дулатов)</p>	<p>Қасқырдың бір ғана үміті – жылы үй тауып, төсек салып ұйқыға жату</p> <p><b>Жұмбақтарды шеш. Мәтінде кездеспеген анды тап, оның қысқы тіршілігі туралы айтып бер</b></p> <p>Сылдырдан қорқады, Шошынып жортады. (Қоян)</p> <p>Қыс бойына жатады, Тәтті ұйқыға батады. (Аю)</p> <p>Өзі ширақ, өзі қу, Жүрген жері айқай - шу. (Түлкі)</p> <p>Бір аң бар қайраты көп, болған күшті Басынан өткізеді әрбір істі. (Арыстан)</p> <p>Белестен шапқан бесті ат, Бүкір келген желісті ат. Бейғам елде іздейді, Малдан күдер үзбейді. (Қасқыр)</p> <p><b>Аңдар туралы ертегі құрастыр</b></p> <hr/> <p><b>Үй жануарлары мен жабайы жануарлардың қысқы тіршілігін салыстырып парталас досыңа түсіндір айт.</b></p> <hr/> <p><b>Мұның бір ғана үміті - бекітусіз қора, күзетсіз жылқы. Ауылдағы адамдар қасқырдан қорғану үшін не істеулері керек. Екі сөйлеммен жаз</b></p>	
--	--	--	--

		<hr/> <hr/> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтінге сәйкес емес ақпараттарды анықтайды,</li> <li>- мәтінге сай емес жауаптардың дұрысын жазады;</li> <li>- жұмбақтарды шешеді</li> <li>- мәтінде кездеспеген аңның қысқы тіршілігін баяндайды;</li> <li>- аңдар туралы ертегі құрастырады;</li> <li>- үй жануарлары мен жабайы жануарлардың қысқы тіршілігін салыстырады;</li> <li>- парталас досына түсіндіріп айтады;</li> <li>- ауылдағы адамдарға кеңес жазады.</li> </ul>
--	--	---

Бұл мәтінмен жұмыс барысында білім алушылар «Джигсо» әдісімен мәтінді оқиды. Алғашқы тапсырмада мәтінге сәйкес емес ақпаратты анықтайды, жай ғана анықтап қоймай қате ақпараттарды дұрыстап жазады. Бұл олардың қатені таба білу және дұрысын көрсете білуіне бағытталған. Мәтінмен толық жұмыс жасай отыра ғана бала мәтін мазмұнынан дұрыс жауапты тауып, дәлелдей алады.


Тақырыпқа сай түрлі форматтағы тапсырмаларды ұсыну білім алушыларды сын тұрғысынан ойлауға үйретіп, жан-жақты қарастыруға мүмкіндік береді. Білім алушы мәтін мен жұмбақтың айырмасын, қолдану аясын түсіне бастайды. Жұмбақтар шешу бала үшін өте қызық, яғни оның сабақтағы көңіл-күйіне де әсер етеді. Жұмбақты шеше отыра білім алушы жоқ ақпаратты анықтап, ол туралы қосымша мәлімет іздейді.

Ертегі құрастыру. Бастауыш сынып білім алушысының қиялына шек жоқ. Сол себептен осындай тапсырмалар олардың қиялын ұштап, сауаттылығын арттырады. Білім алушыларға ертегі құрастыруға бергенде нұсқа ретінде өзіңіз бір ертегі айтып немесе оқып беруге болады. Себебі, кейбір білім алушылар сюжет құруда қиналады. Сіздің берген мысалға ұқсас етіп жазу жеңіл болады. Немесе тірек сөздер, суреттер, карточкалар беру арқылы идея ұсыну.

Мәтін мазмұны білім алушыны ойландыруы мүмкін, егер үй жануарларына шабуыл жасамаса қасқыр қалай күн көреді, ал адамдар өз малдарын қалай аман сақтаса болады? Деген сұрақтар туындауы мүмкін. Осы сұраққа өздерінің ойын қозғауы керек және ақылдасу арқылы ортақ шешімдер шығарады.

Қала балалары үшін ауыл тіршілігі қызық болып келеді. Ауылға барғандар да, бармағандары да болуы мүмкін. Осындай жағдайда білім алушыларға бейне материалдар қолданып немесе сыныптағы бір білетін білім алушының әңгімелеп бергенін сұрауға болады. Осы жұмыстар жүргеннен кейін негізгі жеке жұмысқа кірісуге болады.

<b>Тыңдалым</b>														
<p>2.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беру;</p>	<p style="text-align: center;"><b>Несі айып?</b></p> <p>Тігіншінің қолындай Еркін ұстап иненді, Тірі жанға жалынбай, Қадай аламын түйемді! Жүретіндей миында Не үйрендің, не білдің? Тіге білу қиын ба? Кеткен жерді сөгіліп?! Кейінірек аңғардым, Айтсам достар сенер ме! Жейдең менен шалбарды Үтіктеу де өнер ме?! Адамдарды елгезек Жөні бөлек ұғудың. Несі қиын бір мезет Еден жуып шығудың? Жұмысбасты күндері Қанша дабыр, қанша шу! Қиын боп па су беріп, Тауықтарға жем шашу?! Кір жуамын, ілемін Оған әжем күлмейді Мен тоқи да білемін Оны кей қыз білмейді. <i>(Қадыр Мырза Әли)</i></p>	<p><b>1-тапсырма</b> 1.Өлеңнің кейіпкері қандай бала? а) жалқау в) еңбекқор с) еріншек</p> <p>2. Кейіпкердің қолынан келетін әрекеттерді жаз: 1) 2) 3) 4) 5)</p> <p>3. Дұрыс / бұрыс ақпаратты белгіле:</p> <table border="1" style="margin-left: auto; margin-right: auto;"> <thead> <tr> <th style="text-align: center;">Дұрыс ✓</th> <th style="text-align: center;">Бұрыс ✗</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td colspan="2" style="text-align: center;">Түйме қадай алады.</td> </tr> <tr> <td colspan="2" style="text-align: center;">Сөгілген жерді тіге алмайды.</td> </tr> <tr> <td colspan="2" style="text-align: center;">Жейде мен шалбарды үтіктейді.</td> </tr> <tr> <td colspan="2" style="text-align: center;">Тауықтардан қорқады.</td> </tr> <tr> <td colspan="2" style="text-align: center;">Кім тоқиды.</td> </tr> </tbody> </table> <p>4. Еңбекқор сөзіне антоним сөзді тап: а) қамқор в) жалқау с) елгезек</p> <p>5. Түйме қадау қадамдарын парталасыңмен ақылдаса отырып жаз:</p>	Дұрыс ✓	Бұрыс ✗	Түйме қадай алады.		Сөгілген жерді тіге алмайды.		Жейде мен шалбарды үтіктейді.		Тауықтардан қорқады.		Кім тоқиды.	
Дұрыс ✓	Бұрыс ✗													
Түйме қадай алады.														
Сөгілген жерді тіге алмайды.														
Жейде мен шалбарды үтіктейді.														
Тауықтардан қорқады.														
Кім тоқиды.														



**Дескриптор:**

- өлеңнің кейіпкерін табады; 1. в
- кейіпкердің қолынан келетін әрекеттерді жазады;
- дұрыс / бұрыс ақпаратты белгілейді;
- еңбекқор сөзіне антоним сөзді табады; 4. в
- түйме қадау қадамдарын жазады.

Бұл тапсырмада білім алушы берілген өлеңді оқиды. Білім алушы берілген сөздерге антонимдік қатар табу туралы ойлайды, еңбекқорлық туралы мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсінеді. Тапсырманы орындауда қолданатын әдістер қазіргі таңдағы ең тиімді жаңа технологияларының бірі ақпараттық коммуникациялық технологиялар және дамыта оқыту технологиялары қолданылады, себебі білім алушы берілген мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну және анықтау үшін ақпараттық коммуникацияны қолдануына болады, қосымша ақпаратты біліп, білімін дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы: «Мәтіндегі кейіпкер қандай бала?» сұрағына білім алушы берілген мәтіндегі сөйлемдерді оқып, негізгі ақпаратты алады, қосымша ақпаратты ғаламтор арқылы да алғысы келсе мүмкіндік беруге болады.

Мәтін бойынша сұрақтар қою және оларға жауап беру. Оқу сауаттылығын арттыруда білім алушының сұраққа толық жауап беруін қадағалаған жөн. Мәтін мазмұнына сай толық жауап берген жауаптарды ғана дұрыс деп қабылдау керек. Сұрақты қою барысында мұғалім сұрақты анық және маңызды кілт сөздерді интонациямен көрсете отырып қоюы керек.

Өз ойын мәтін мазмұнымен ұштастыру. Білім алушының келешекте құр сөзбен емес фактімен, дәлелдеумен сөйлеуіне көмектеседі. Жаңа сөздерді қолданысқа бірден енгізу керек, себебі ол сөздер сол кезде есте сақталады. Біріншіден білім алушы жаңа сөзді түсіне бастайды, екіншіден сол сөз орынды болатындай сөйлемдер құрайды. Мағынасы түсініксіз болған сөздер білім алушы үшін түсінікті болып сөздік қоры артады.

**Тыңдалым**

<p>2.1.2.1* шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау;</p>	<p style="text-align: center;"><b>Еңбекпен тапқан ақша</b></p> <p>Біреудің ерке ұлы болыпты. Өзі жалқау екен. Сөйтсе де әкесі оны бағып-қағып, киіндіріп жүріпті. Ақыры кәрілік жеңіп, сырқаты күшейген қарт әйеліне айтыпты:</p> <p>– Өмір бойы жинаған мүлкімді түгелдей басқа біреуге беремін. Ұлыма ештеңе қалдырмаймын. Ол – жалқау.</p> <p>Ұлын аяп анасы баласына он сомдық алтын береді:</p> <p>– Кешке дейін бір жерде бола тұр, – дейді ол баласына. – Қараңғы түскен соң үйге кел. Содан соң «Мынаны еңбегіме алған едім» деп әкеңе бер.</p> <p>Баласы шешесінің айтқанын орындайды. Алтынды шал жанып жатқан пешке лақтырып жіберіп:</p> <p>– Бұл сенің еңбектеніп тапқан ақшаң емес, – депті.</p> <p>Ұлы жымыып күліпті де, түк демей шығып кетіпті.</p> <p>Құлықтан ештеңе шықпайтынын білген анасы:</p> <p>– Біз әкенді алдай алмайтын көрінеміз, балам. Одан да ақшаны жұмыс істеп тап, – деп ақыл айтады.</p> <p>Анасының тілін алып, бала бір апта жұмыс істейді. Тапқан тиынын әкесіне береді.</p> <p>Қария тағы да алтынды отқа лақтырып жіберіп:</p> <p>– Жоқ, бұл да өз еңбегіңмен тапқан ақша емес, – депті.</p> <p>Оған ұлы шыдай алмай, шоқтан жалаңаш қолымен ақшаны суырып алады да:</p> <p>– Әке, мен бұл тиынды апта бойы шаршап-шалдығып жүріп таптым. Сіз оны отқа тастайсыз. Мұныңыз қалай? – деп айқай салыпты.</p> <p>Сонда әкесі тұрып:</p> <p>– Бұл ақшаны шынында да өз еңбегіңмен тапқан екенсің, балам. Көзім жетті, – депті.</p> <p>Жоспар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әке өсиеті</li> <li>2. Баланың еңбек етуі</li> <li>3. Еңбекпен тапқан ақша</li> </ol>	<p><b>1-тапсырма. Оқылған мәтін бойынша сұрақтар беру</b></p> <p>- Ертегі кім, не туралы? Әкесі не деді? Қандай оқиға болды?</p> <p>- Қарт әйеліне не деді?</p> <p>- Жаны ашыған анасы қандай әрекет жасады?</p> <p>- Бұл істің арты немен аяқталды?</p> <p>- Анасы баласына қандай кеңес берді?</p> <p>- Ал, баласы анасының тілін алды ма?</p> <p>- Әкесі баласына не деді?</p> <p><b>2-тапсырма</b></p> <p>1. Қарттың ұлы қандай бала</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>a) жалқау, ерке</li> <li>в) еңбекқор, тәрбиелі</li> <li>с) қамқор, елгезек</li> </ol> <p>2. Ұлын аяп анасы оған не дейді?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>a) анасы баласына он сомдық алтын береді;</li> <li>в) бала бір апта жұмыс істейді;</li> <li>с) анасы баласына зәулім үй алып береді;</li> </ol> <p>3. Әкесі баласына неге сенбеді?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>a) жалқау, ерке болғаны үшін;</li> <li>в) ата-анасының тыңдамағаны үшін;</li> <li>с) жұмыс жасамағаны үшін;</li> </ol> <p>4. Жалқау ұл бірінші жолы отқа түскен ақшаны неге алмады?</p> <p>5. Екінші жолы неліктен ақшаны оттан суырып алды?</p> <p>6. Еңбек туралы мақалды жалғастыр:</p> <p>Еңбек етсең ...</p> <p>Тояды қарнын ...</p> <p>Еңбексіз ...</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <p>- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;</p> <p>- тест жауаптарын белгілейді; 1.а, 2.а, 3.с</p> <p>- еңбек туралы мақалды жалғастырады.</p>
--	---	---

Бұл тапсырмада білім алушы берілген ертегіні оқиды. Білім алушы берілген ертегінің мазмұнын түсінеді, негізгі тірек сөздерді анықтайды, мәтін мазмұнын жеткізуде қолданылған тәсілдер туралы айтады. Мазмұнына сай жоспар құрады және әр азат жолдың мәнін түсінеді де негізгі ойды бөліп алуға үйренеді. Берілген тапсырмалар білім алушыны сыни тұрғыда ойлауға үйретеді. Қолданылған әдіс сын тұрғысынан ойлау сабақта балалардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасауға үйретеді. Білім алушыны педагогпен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулиды. Ертегі мазмұны бойынша мазмұнын айтуға дайындалады, рөлдерге бөліп, сахналауға дайындалады. Ертегінің негізгі ойын анықтап, күнделікті өмірдегі жағдайлармен салыстырып, негізгі құндылықтарды еске түсіреді. Еңбекқорлық пен жалқаулықтың зияны мен пайдасын ажыратады, қорытынды жасауға ұмтылады. Еңбек туралы мақал-мәтелдердің жалғасын табады, мағынасын түсіндіреді.

Мәтін бойынша сұрақтар қою және оларға жауап беру. Оқу сауаттылығын арттыруда білім алушының сұраққа толық жауап беруін қадағалаған жөн. Мәтін мазмұнына сай толық жауап берген жауаптарды ғана дұрыс деп қабылдау керек. Сұрақты қою барысында мұғалім сұрақты анық және маңызды кілт сөздерді интонациямен көрсете отырып қоюы керек.

Өз ойын мәтін мазмұнымен ұштастыру. Білім алушының келешекте құр сөзбен емес фактімен, дәлелдеумен сөйлеуіне көмектеседі.

Жаңа сөздерді қолданысқа бірден кірістіру керек. Ол сөздер сол кезде есте сақталады. Біріншіден білім алушы жаңа сөзді түсіне бастайды, екіншіден сол сөз орынды болатындай сөйлемдер құрайды. Мағынасы түсініксіз болған сөздер білім алушы үшін түсінікті болып сөздік қоры артады.

Мәтінді бөліктерге бөлу, бөліктерге ат қою. Көбіне балалар бөлікке бөлудің не үшін керек екенін түсінбей жатады. Бөліктерге ат қояды алайда оны тиімді қолдана алмайды. Осындай жағдайлар болмау үшін бұл процесті тиімді қолдану керек. Білім алушы жоспарды өзі үшін құрып жатқанын оның баяндағанда немесе мазмұндама жазғанда пайдасы бар екенін түсінуі керек. Мұғалім осы кезде нұсқаулықты дұрыс беріп түсіндіре алуы керек.

<b>Тыңдалым</b>		
2.1.3.1 шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиганың	<b>Сынып мақтанышы</b>	<b>1-тапсырма</b> <b>Мұғалім қандай жағдайды түсіндірді?</b> <b>а)</b> Көмек көрсетіп, батылдық танытқан досың туралы әңгіме жаз:
	Сабақ. Мұғалім соғыста санитар қыздың ауыр жаралы солдатты жау оғы астынан аман алып шыққанын оқып берді. Сосын әңгімені талдауға кірісті. Талдау өте тартымды болды. Шәкірттердің бәрі қол көтеріп, ұстаздың сұрағына жауап берді. - Адамның өмірінде	

соңын болжау;	<p>түрлі қиын-қыстау кезеңдер болып тұрады. Сол уақытта оған қол ұшын берген, көмектескен адам нағыз дос, батыр адам болып саналады. Мұндай жағдай өздерің сияқты балалардың өмірінде де кездесуі мүмкін. Ойлаңдаршы, сондай қызықты оқиғаға тап болғандарың бар ма? - деп, ұстаз ойлы көзімен сыныпты шолып өтті. Кішірек сары қыз қол көтерді. - Сара, сен не айтайын деп едің? - Мен өткен жазда бүлдірген теріп жүріп, орман алқабын- дағы ара ұясының үстіне барып қалыппын. Аралар маған жабыла кетпесі бар ма! Мен бетімді басып, қаша жөнелдім. Мені сол аралардың шабуылынан бір бала құтқарып қалды. - Ол баланың аты кім екенін білесің бе? - Білемін. Ол - өзімізбен бірге оқитын Серік. Балалардың бәрінің назары Серікке ауды. Серік құлағына дейін қызарып, төмен қарады. - Міне, бұл да - ерлік. Өзіміздің сыныпта да батыл, қиындық туған кезде жолдасына көмектесе алатын балалар бар екен. Серік - біздің сыныптың мақтанышы, - деді мұғалім.</p> <p style="text-align: right;">(Мәдіхат Төрежанов)</p>	<hr/> <p><b>2-тапсырма</b> Ерлік, батырлық туралы мақал-мәтелдерді жаз:</p> <hr/> <p><b>3-тапсырма</b> а) Мәтін кейіпкері Серікке мінездеме бер</p> <hr/> <p>б) Сенің сыныбыңда батыл бала бар ма? Ойланып көр.</p> <hr/> <p><b>Дескриптор:</b> - мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді; - ерлік, батырлық туралы мақал-мәтелдерді жазады; - мәтін кейіпкері Серікке мінездеме береді.</p>
---------------	--	--

Сұрақ қоя отырып, білім алушыларға болжалды жауаптарды ойлануға және зерделеуге мүмкіндік беру үшін, арасында «мүмкін» деген сөз орамын қолданады. Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіреді. Бұл тапсырмада білім алушы берілген мәліметтерді оқиды. Білім алушы берілген мәтіннің мазмұнын түсінеді, оқылым стратегияларын қолданып жалпы мазмұнын түсіну үшін оқиды, нақты ақпаратты табу үшін мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстырады, мәтін мазмұнын жеткізуде қолданылған тәсілдер туралы айтады. Мазмұнына сай тақырып тандайды және әр азат жолдың мәнін түсінеді де негізгі ойды бөліп алуға үйренеді. Тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге «иә» немесе «жоқ» деп өз көзқарасын білдіреді. Мәтін кейіпкеріне мінездеме беріп, бойындағы жақсы қасиеттерін атап көрсетеді. Кейіпкерге мінездеме беру басқаның бойынан қасиеттерді таба білу, жақсы қасиет пен жаман қасиетті ажыратуына мүмкіндік береді. Білім алушы басқаны жақсы адам деп сипаттай отыра өзімен салыстырады, өз бойынан сол қасиеттерді іздей бастайды жәнеде қарапайым өмірде өз басынан өткен жағдайларда сол кейіпкермен ұқсас тұстарын көре бастайды. Адамгершілік тәрбие алып, мәтіннің мәнісін, автордың жеткізгісі келген ойын мінездеме бере отыра түсінеді.

## Тыңдалым

2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу;

### Жетеліге жеті өсиет (аңыз)

Ұлықпан хакім мың жасаған екен. Күндердің күнінде ол қатты науқастанып, төсек тартып жатып қалады. Шәкірттері жиналып, емдеуге кіріседі. Ұлықпан оларға:

- Мені емдеп босқа әуре болмаңдар. Денсаулығымның қалпына келуінен әлдеқашан үміт үзгенмін. Мен көз жұмған соң қайғырмаңдар. Сендерге қалдырар жеті өсиетім бар. Сол өсиетімді өзгелерге де тарата жүріңдер, - депті.

- Құрметті ұстаз, айтыңыз өсиетіңізді, қалтқысыз орындаймыз! - дейді шәкірттері.

- Сендерге айтатын жеті өсиетімнің біріншісі - ерте тұру, екіншісі - орта тазалығын сақтау, үшіншісі - дене шынықтыру, төртіншісі - үнемі денені таза ұстау, бесіншісі - үнемі сергек жүру, алтыншысы - артық тамақ ішпеу, жетіншісі - көп ұйықтап, жалқау болмау. Міне, бұлардың барлығы - денсаулықты сақтаудың негізгі кепілі, - депті Ұлықпан хакім.

### Сөздік жұмыс

жетелі - ақылды, саналы;

ойлы өсиет - адамның ұрпағына айтқан жақсы тілек, ақыл сөзі;

### 1-тапсырма.

Ұлықпан хакімнің жеті өсиетін жаз:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_
6. \_\_\_\_\_
7. \_\_\_\_\_

### 2-тапсырма.

Екінші бағанның жауаптарына қарап, өзіңнің әдеттеріңе қорытынды жаса

Жеті өсиет	Матап орындау (оңай +), (қиын -)
Ерте тұру	
Орта тазалығын сақтау	
Дене шынықтыру	
Үнемі денені таза ұстау	
Үнемі сергек жүру	
Артық тамақ ішпеу	
Көп ұйықтап, жалқау болмау	

### 3-тапсырма.


Еңбекқор баланың бойында болуы керек қасиеттерді жаз:

### Дескриптор:

- Ұлықпан хакімнің жеті өсиетін жазады;
- екінші бағанның жауаптарына қарап, өзіңнің әдеттеріңе қорытынды жасайды;
- еңбекқор баланың бойында болуы керек қасиеттерді жазады.



Бұл тапсырмада білім алушы берілген мәліметтерді оқиды. Білім алушы берілген мәтіннің мазмұнын түсінеді, стильдік ерекшелігін анықтайды, мәтін мазмұнын жеткізуде қолданылған тәсілдер туралы айтады. Мазмұнына сай тақырып таңдайды және әр абзацтың мәнін түсінеді де негізгі ойды бөліп алуға үйренеді. Қолданылған әдіс сын тұрғысынан ойлау сабақта білім алушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойынды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, білім алушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға бағыттау өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасау. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Білім алушыны педагогпен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір - бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Берілген тапсырмалар білім алушыны сыни тұрғыда ойлауға үйретеді.

<b>Тыңдалым</b>	
<p>2.1.3.1 шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиганың соңын болжау;</p>	<p style="text-align: center;"><b>Асыл шөп</b></p> <p>Зылиқа мен Бәтима деген біреудің екі қызы төбелеріне бір-бір жәшік жеміс көтеріп, қалаға сатуға келе жатыпты. Зылиқа аһылап-уһілеп, шаршадым деп, жүре алмапты. Оған Бәтима күліп, әзілдеп келе жатыпты. Сонда Зылиқа Бәтимаға былай депті: - Сен қалай мәз болып, сонша қуанып келесің? Төбеңдегі жәшіктің ауырлығы менің басымдағыдан кем емес. Өзің де менен күшті емессің. - Мен жәшігімнің ішіне ауырды жеңілдететін бір асыл шөп салдым, - депті Бәтима. - Ай, ондай болса, шөбіңнің атын айтшы, мен де ауырым- ды жеңілдетейін, - дейді Зылиқа. - Ол шөп сенің қолыңа түспей ме деп қорқамын. Ал ол шөпті іздегің келсе, аты - «сабыр» деген шөп, - депті Бәтима.</p> <p style="text-align: right;">(Ыбырай Алтынсарин)</p>
	<p><b>1-тапсырма</b> Зылиқа мен Бәтиманы салыстыр.</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p><b>2-тапсырма</b> Мақалдың мағынасын түсіндір. <b>Сабыр түбі - сары алтын.</b></p> <hr/> <p>3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша жоспар құр:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.</li> <li>2.</li> <li>3.</li> </ol> <p><b>Дескриптор:</b></p>

		<ul style="list-style-type: none"> <li>- Зылиқа мен Бәтиманың іс-әрекетін салыстырады;</li> <li>- мақалдың мағынасын түсіндіреді;</li> <li>- мәтін мазмұны бойынша жоспар құрады.</li> </ul>
--	--	--

Білім алушылардың оқығанын түсінбеуі көбіне сөздердің мағынасын түсінбеуден болып жатады. Осындай жағдайда сөздікпен жұмыстың мәтінмен жұмыста маңыздылығы көрінеді. Сіз түсінбейтін емес жеке білім алушы түсінбеген сөзбен жұмыс жасалуы керек. Кей кезде білім алушылар қарапайым сөздерді түсінбей жатады. Сондықтан білім алушыларға өздері тізім құрып, сөздердің мағынасын өздері іздегендері тиімді болады. Бір білім алушысы білген сөзді басқа білім алушы білмеуі мүмкін осылайша олар бір-біріне көмектеседі. Күнделікті өмірде басқадан сұрауға қысылмайды.


Мәтін бойынша сұрақтар қою және оларға жауап беру. Оқу сауаттылығын арттыруда білім алушының сұраққа толық жауап беруін қадағалаған жөн. Мәтін мазмұнына сай толық жауап берген жауаптарды ғана дұрыс деп қабылдау керек. Сұрақты қою барысында педагог сұрақты анық және маңызды тірек сөздерді интонациямен көрсете отырып қоюы керек.

Өз ойын мәтін мазмұнымен ұштастыру. Білім алушының келешекте құр сөзбен емес фактімен, дәлелдеумен сөйлеуіне көмектеседі.

Жаңа сөздерді қолданысқа бірден кірістіру керек. Ол сөздер сол кезде есте сақталады. Біріншіден білім алушы жаңа сөзді түсіне бастайды, екіншіден сол сөз орынды болатындай сөйлемдер құрайды. Мағынасы түсініксіз болған сөздер білім алушы үшін түсінікті болып, сөздік қоры артады.

Венн диаграммасы білім алушының салыстыруына мүмкіндік береді. Білім алушы жекелеген ерекшеліктерін жазғанмен ортақ тұстарын іздеуде қиналады. Осы кезде мұғалім көмегі керек болады. Көмекші сөздер арқылы мұғалім білім алушы бағыттауы керек.

<b>Тыңдалым</b>		
<p>2.2.1.1 шығарманы дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу</p>	<p><b>Тәуелсіздік алған күн</b></p> <p>Он алтыншы желтоқсан – Тәуелсіздік алған күн. Мерекеге ел тосқан Атамменен барғанмын. Мерекеге шығады Бүкіл халық, біліп қой. Отандастар ұғады</p>	<p><b>Өлеңді «Дирижер» әдісімен бөліп оқы</b></p> <p><b>Сұрақтарға жауап бер</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тәуелсіздік алған күн?</li> <li>2. Неліктен он алтыншы желтоқсан тойланады?</li> <li>3. Өлеңде қандай батыр туралы айтылған?</li> </ol>

	<p>Тәуелсіздік - ұлық той.          Аралаймын алаңды          Тәуелсіздік күні мен.          Батыр Қайрат ағамның          Суретіне үңілем.          Он алтыншы желтоқсан          Тәуелсіздік алған күн.          Мерекеге ел тосқан          Шырқатып ән салған күн.</p> <p style="text-align: right;">(Қайрат Әлімқұлов)</p>	<p><b>Өлеңде аталып кеткен батыр Қайрат туралы ақпаратты іздестіріп «Ақыл ой картасын» жаса</b></p> <div style="display: flex; align-items: center;">  <div style="margin-left: 10px;"> <p><a href="https://youtu.be/93FFx07IDhk">https://youtu.be/93FFx07IDhk</a>              Видео материалды қара  <b>Видео материал және өлең мазмұны бойынша «Тәуелсіздік күні» тақырыбында сурет сал, сынып алдында қорға</b></p> </div> </div> <p><b>Тәуелсіздік сөзін қатыстырып 3 сөйлем құрап жаз.</b></p> <hr/> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- өлеңді оқиды;</li> <li>- сұрақтарға жауап береді;</li> <li>- ақыл-ой картасын жасайды;</li> <li>- сурет салады;</li> <li>- сөйлем құрастырады.</li> </ul>
--	---	---

«Дирижер» әдісі білім алушылардың оқу жылдамдығын арттыруға, бір-бірін тыңдай білуге, ритмді бақылауға мүмкіндік беретін әдіс. Білім алушылар бұл кезде жай ғана оқып қоймайды олар назар қойып оқиды, басқаның оқығаннан тыңдай отырып көзбен жүгіртіп оқып отырады. Себебі, кезек кез-келген уақытта өзіне келуі мүмкін. Білім алушының кез келген мәтіннен кейінгі іс - әрекеті мәтін мазмұнына бағытталған сұрақтар болуы тиіс. Сұрақтарды оқу алдында беріп қоюға болады. Бұл олардың детальды оқуына бағыттайды. Ойлау сөз арқылы көрініс табатын процесс. Білім алушының ойын, оның қаншалықты деңгейде мәтінді ұққанын ауызша жауап кезінде көре аламыз. Ауызша жауап білім алушылардың ортада қысылмай сөйлеу дағдысын қайрай түседі.

«Ақыл ой картасы» ақпаратты жүйелеуге, визуалды ақпаратты тез қабылдауға мүмкіндік береді. Оқу сауаттылығын арттыруда білім алушыға түрлі мәтін түрін, өзара жақын тақырыптарды біріктіру, мәтінге қатысы бар сұрақтармен өзара байланыс орнату білім алушының толық картина көруіне өте пайдалы. Осы арқылы олар жан-жақты ойлай бастайды.

АКТ қолдану, бұл білім алушының оқығанын көзімен көруіне мүмкіндік беретін құрал. Бейнематериалды көргеннен кейін білім алушы шығармашылықпен айналысады. Көргенімен оқығанына ойша талдау жасайды, ортақ тұстарын іздейді. Салған суретінің мәнін түсініп тұрады. Тақырып мән-мағынасын есінде сақтайды.

Қорытынды ретінде білім алушының өлең мазмұнын, сабақта талқыланған тақырыпты сөйлем арқылы жазбаша берген дұрыс. Білім алушы оқыды, айтты, сурет салды, ендігі қорытынды өз ойын қағаз бетіне түсіру. Ол тағы жинақталады, сөздің мағынасына үңіледі, жазады. Үш сөйлем арқылы беру, білім алушыға тым көп те емес аз да емес орташа көлем. Нақты санын беру, уақытты жоспарлауға және білім алушылардың нұсқаулықты дұрыс түсінуіне көмектеседі.

<b>Тыңдалым</b>		
<p>2.1.2.1* шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау</p>	<p style="text-align: center;"><b>Аппақ бала</b></p> <p>Асан ойыннан асығып келді. Оның аппақ жүзі анардай қызарыпты. Анасына тартқан танауы таңқиып, тершіп тұр.</p> <p>- Апа, тамақ ішем! - деді ол аптығып. - Ас дайын, балам. Жуынып кел, - деді Ақжарқын ана. - Беті-қолымды кеше жуғанмын! - деді Асан абыржып.</p> <p>Асыл ана Асанның шашының өскенін, тырнағының алынбағанын енді байқады. «Кеше жуғанмын» деп кергіп тұрған баласын аяп:</p> <p>- Балам, үсті-басыңды таза ұста, - деді ана. - Тазамын ғой, апа! - Балам, таза болсаң, денің сау болады. - Денім сау ғой, апа...</p> <p>Ақ жүзді ананың қабағына кірбің пайда болып, ол жай күрсінді.</p> <p>- Асантай, «ерте тұр, шынық, жуын» деп едім ғой саған. - Мақұл, апатай! Енді ерте тұрам, шынығам, жуынам! - Міне, мұның дұрыс. Шынықсаң, сымбатты жігіт боласың. - Сымбат деген не, апа?</p>	<p><b>Мәтін бойынша жоспар құр</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.</li> <li>2.</li> <li>3.</li> </ol> <p><b>Дұрыс жауаптарды белгіле</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Асан даладан келе сала анасынан не сұрады?             <ol style="list-style-type: none"> <li>а) Телефон беруін өтінді</li> <li>в) Кітап оқып беруін сұрады</li> <li>с) <i>тамақ ішкісі келетінін айтты</i></li> </ol> </li> <li>2. Анасының бетінді жу деген ескертуіне Асан қалай жауап берді?             <ol style="list-style-type: none"> <li>а) <i>Беті-қолымды кеше жуғанмын!</i></li> <li>в) Жақсы, анашым!</li> <li>с) Жұмаймын, осылай жей беремін!</li> </ol> </li> <li>3. Сымбатты деп қандай адамды айтады?             <ol style="list-style-type: none"> <li>а) Жұмыс жасамай, салақ болып жүретін адамды</li> <li>в) <i>Шынығатын, таза жүретін адамды</i></li> <li>с) тамақты көп жеп, жуынбайтын адамды</li> </ol> </li> <li>4. Асан неліктен ұялды?             <ol style="list-style-type: none"> <li>а) Оған сыныптастары қарап тұрды</li> <li>в) Анасы қатты ұрысты</li> <li>с) <i>Танауындағы кір-қожалақты көрді</i></li> </ol> </li> </ol>

	<p>- Шынықсаң, таза жүрсең, бойың түзу, өзің сұлу жігіт боласың.</p> <p>Асан қабырғадағы шарайнаға қарап, өзінің таңқиған танауындағы кір-қожалақты көрді. «Ұят-ай! - деді ішінен.</p> <p>- Тырнағым өсіп, шашым қобырап, не болып кеткем!?! Нағыз жігіт осындай бола ма?»</p> <p>- Апатай, кешіріңіз! Қазір жуынам, - деді ол. Олақтық пен салақтықтың жаман нәрсе екенін енді сезген ол жуынып-шайынып келді.</p> <p>- Өстіп әдепті де әдемі бала бол! - деп шешесі қуанып қалды.</p> <p>Асан енді күнде шынығып, таза жүретін болды. Анасы оны «аппағым» дейді. Ал ағайындар Асанды «Аппақ бала» деп жүр.</p> <p style="text-align: right;">(Әдібай Табылды)</p>	<p>5. Асан енді күнде не істейтін болды?</p> <p>а) күнде шынығып, таза жүреді</p> <p>в) достарымен футбол ойнайды</p> <p>с) үйде анасымен бірге тамақ пісіреді</p> <p><b>Мәтінді рөлге бөліп оқындар.</b></p> <p><b>Мәтін бойынша құрылған жоспарың бойынша мәтінді мазмұндап айт</b></p> <p><b>Досына сымбатты болу үшін сақтау керек 5 ереже жаз</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.</li> <li>2.</li> <li>3.</li> <li>4.</li> <li>5.</li> </ol> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін бойынша жоспар құрады;</li> <li>- тест сұрақтарының дұрыс жауабын белгілейді; 1.с, 2.а, 3.в, 4.с, 5.а</li> <li>-мәтінді рөлге бөліп оқиды;</li> <li>-жоспар бойынша мазмұндайды;</li> <li>-ереже жазады.</li> </ul>
--	---	--

Білім алушыға қызықты болу үшін және олардың өмірде қолдана алатындай білімді ұсыну үшін біз білім беру процесінде осы принциптерге сай материалды таңдауымыз керек. Білім алушы оқылған мәтіннен өзін немесе қоршаған ортада болып жатқан жағдайды көре алса ол білімді мақсатты алады. Ол өзін салыстырады, артықшылықтарымен кедергілерін көре алады. Оқу процесін ұйымдастыруда оның ішінде мәтінмен жұмыста функционалды сауаттылыққа бағытталған тапсырмалар ұсынған жөн. Мәтін қаншалықты әдеби немесе фантастикалық болса да оның білім алушы үшін бір білім алатын қырын ашып көрсеткен абзал.

Жоспар құру, білім алушының жүйелеуге, ойын жинақтауға көмектеседі. Жоспар құру барысында тек бір білім алушының жоспарын емес, бірнеше немесе әрбір білім алушыға өз құрған жоспар негізінде жұмыс жасатқан дұрыс. Бұл

олардың жеке ойларының, көзқарастарының маңыздылығын көрсетеді. Егер жоспар құруда қиналатын білім алушылар болса оларға жетелеуші сұрақ қою арқылы көмектесу керек.

Жабық сұрақтар білім алушының мәтінді тағы бір еске түсіруіне және деталды оқуына бағыттайды. Сұрақтар тек бір жауаппен берілетін немесе ойлануды қажет етпейтін болмауы тиіс. Сұрақты тек маңызды мәтін бөліктерінен алыңыз. Жауап нұсқаларын құрастырғанда да мағына жағынан ұқсас, көлемі мен құрылымы ұқсас болуы керек.

Білім алушылардың сахна мәдениетін, өзін ұстау білуін, әдемі сөйлеуін дамытуда рөлге бөліп оқу өте үлкен көмек береді. Білім алушылар рөлге кіру, интонация арқылы есте сақтайды, бір-бірінің орындауын, сөз саптауын бақылайды.

Білім алушылардың өздері құрған жоспар бойынша мазмұндауы өте пайдалы. Білім алушылар жоспарды құрастыруда белгілі бір мәтін бөліктерін өзі ойымен жинақтайды, ол бөлімге ат қою үшін ол бөлімдегі оқиғаларды таразылайды. Өзі құрғандықтан мазмұндауда оңай болады. Ал, ойланбастан құрған білім алушылар келешекте жоспарды сапалы құруға тырысады.

Келесі тапсырмада білім алушылар кеңес береді. Білім алушы өзінің бұрынғы білімі мен оқыған мәтінді негізге ала отырып жаза бастайды. Бұл оның жеке ойының, өмірлік принциптерінің пайда болуына әсерін тигізеді.

<b>Тыңдалым</b>		
<p>2.1.3.1 шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау;</p>	<p style="text-align: center;"><b>Метро</b></p> <p>Абзал жазғы каникулда Алматыда тұратын ағасының үйіне қыдырып келді. Оның бұл қалаға алғаш келуі болатын. Ол сол күні-ақ ағасымен қаланы аралауға шықты.</p> <p>- Алматыда бір миллионнан астам халық тұрады. Мұнда түрлі зауыттар мен фабрикалар бар, - дейді ағасы. - Алматы - ғылым мен өнердің де орталығы.</p> <p>Бір кезде бұлар мінген троллейбус Абай даңғылымен келе жатып, Әуезов көшесіне жете бере қызыл жарыққа тоқтай қалды. Абзалдың көзі оң жақтағы құрылыс алаңына түсті. Бұл өзі әдеттегіден өзгеше құрылыс екен. Әсіресе, анау мұнарасы қызық. Қаланың ортасынан мұнай шығаратын сияқты.</p> <p>- Аға, мынау не? - деді Абзал әлгі жерді саусақпен нұсқап.</p> <p>- Естіген боларсың, Алматыда метро салынып жатыр ғой. Мынау - соның бастамасы.</p> <p>- Аға, метро деген не? - деді.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Сұрақтарға жауап бер</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мәтін не туралы?</li> <li>2. Абзал қандай қалаға қыдырып келді?</li> <li>3. Абзалдың ағасы Алматы қаласы туралы қандай ақпарат берді?</li> <li>4. Метро деген не?</li> <li>5. Алғашқы метро қайда пайда болды?</li> </ol> <p>Метроның машинадан қандай айырмашылығы бар? Жауабыңды жаз</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p style="text-align: center;">Метроның адамға несімен пайдалы?</p> <p>Жауабыңды жаз</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>Мәтін кейіпкері Абзалдың ағасына мінездеме бер</p>

	<p>- Е, сен оны білмеуші ме едің? Онда мен саған метро жайында толығырақ айтып берейін. Метро - үлкен қалаларда ғана болатын қатынас жолы. Жер астымен жүретін метро пойызына бағдаршам да, қаптаған көліктер мен жүргіншілер де кедергі жасай алмайды.</p> <p>- Аға, сіз метроны көрдіңіз бе?</p> <p>- Көргенде қандай! Алғашқы метро бұдан жүз жылдан астам уақыт бұрын, 1860-1863 жылдары Англияның астанасы Лондонда салынған. Қазір жер жүзіндегі отыздан астам қалада метрополитен жұмыс істейді. Метро пойызы - жолаушылар үшін қала көлігінің ең ыңғайлы, әрі шапшаң, әрі сенімді түрі.</p> <p>Абзал ағасының метро туралы айтқан әңгімелерін қызыға тыңдады.</p> <p style="text-align: right;">(Әбубәкір Қайран)</p>	<p>Абзалдың ағасы сияқты көп білу үшін не істеу керек деп ойлайсың? Ойыңмен бөліс</p>
--	---	---


«Метро» мәтіні тәрбиелік және ақпараттық мәтін түріне жатады. Бұл білім алушыларың аға мен іні арасындағы қарым қатынастың көрінісін және өмірде қажет болатын қызық ақпараттың қосындысы. Білім алушылар аға деген ақылшы екенін, кез келген уақытта көмек пен ақыл бере алатынын түсінуі керек. Сол себептен сұрақтарда тапсырмалар да соған бағытталғаны жөн. Ақпараттық бөлімі бойынша білім алушыларды ол жердегі ақпарат қызық екенін оның маңызды екендігіне бағытталуы тиіс.

Бірінші тапсырма бойынша білім алушы ашық сұрақтарға жауап береді, басқалардың жауабын тыңдайды. Ары қарай білім алушы талдауға, салыстыруға өтеді. Мәтіндегі метроның сипатталуымен өзі күнделікті көріп жүрген машинаны арасындағы айырмашылықты іздей бастайды, ойланады. Ашық сұрақ арқылы метро керек пе жоқ па, адамға пайдасы бар ма деп ойланып тұжырым жасап шешімін ұсынады. Бұл баланың терең ойлануына көмектеседі.

Ағасына мінездеме беру арқылы. Үлгілі аға портретін жасайды. Өзінің сондай болуы керек екеніне мұғалімнің сөзімен жетеді.

Көп білу үшін не істеу керек? Әрине білім алушы көп оқу керек деп жауап жазады. Бұл жерде мұғалім көп оқығанмен қоса көп көру керек, адамдармен араласу керек, еңбек ету керек деген сөздер арқылы білім алушының ойлау шеңберін кеңейте алады.

Қорытындылай келе, мәтінмен жұмыс ол жай ғана оқуға ғана емес оның мазмұнын түсініп, болашақта қолдана алуына бағытталуы тиіс. Осының арқасында алған білімнің нәтижесі көрінеді. Ол нәтижеге жету үшін мұғалімнің сөзі, тапсырмасы, іс-әрекеті жүйелі әрі мақсатқа бағытталған болуы тиіс. Білім алушының өз ойын айтуға, көзқарасымен бөлісуге, ашық сөйлеуге жағдай жасалуы тиіс. Талдау арқылы білім алушы талдау, жинақтау процестерін іске қосу керек.

<b>Тыңдалым</b>			
<p>2.1.1.1 мазмұны берілген жауап беру</p>	<p>шығарманың бойынша сұрақтарға жауап беру</p>	<p style="text-align: center;"><b>Ақбөкен-киелі жануар</b></p> <p>Ақбөкендер – Қазақстан даласында мекендейтін дала бөкендері. Еліміздегі олардың саны 1992 жылдан 2003 жылға дейін 50 есе азайды, шамамен 1 миллионнан 20 мыңнан астамға дейін. 2002 жылы киіктерді жойылып кету қаупі бар түрлерге жатқызды. 2004 жылдан бастап түрді қорғау бойынша қабылданған шаралардың арқасында олардың саны біртіндеп өсті. 2021 жылы Қазақстанның экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі ақбөкендер популяциясының саны соңғы екі жылда екі есеге – 334 мыңнан 842 мыңға дейін өскенін мәлімдеді. Ақбөкен – жұп тұяқты ұсақ жануар. Оның денесінің ұзындығы 110-146 см, салмағы 23–40 кг. Түгі сары қызыл, қыста түлеп, ашық сұр түске боялады. Имек мұрнынан оңай тануға болады. Аталығының ғана мүйізі болады, ұзындығы 30 см. Ақбөкен – ұзақ қашықтыққа жүре беретін қоныс аударатын жануар. Шағын су қоймаларынан жүзіп өте алады. Ең алдымен олардың ерекше тұмсықтары көзге түседі. Олардың мұндай болуы жайдан-жай емес: тұмсықтарын түк жауып тұрады, ол дала шаңын сүзгіден өткізеді. Ақбөкендерге мұндай танаудың пайдасы зор, себебі олар шаңды бастарына көтеріп далада көшіп-қонып жүреді. Ақбөкендер азық табу мақсатында даланы әрлі-берлі кезеді. Осындай ұзақ сапарларда шаршамас үшін артқы аяғының жамбас буыны аяқты маятник тәрізді алдыға-артқа қозғалтып отырады. Ақбөкендерді суатта жыртқыштар – қасқырлар, түлкілер және қаңғыбас иттер торуылдап жүреді. Табынды</p>	<p><b>Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Ақбөкен қайда мекендейді?</li> <li>2) Олардың саны қаншаға өсті?</li> <li>3) Оның салмағы қанша?</li> <li>4) Жауынан қалай қорғанады?</li> <li>5) Тұмсықтарының ерекшеліктері неде?</li> <li>6) Аталықтарының өзгешелігі неде?</li> <li>7) Ақбөкеннің жылдамдығы қандай?</li> <li>8) 1992 және 2003 жылдары неше есеге азайып кетті?</li> <li>9) Олардың саны қалай өсті?</li> <li>10) Жұп тұяқты ұсақ жануар?</li> </ol> <p><b>2-тапсырма. Ақбөкенді сипаттап жаз?</b></p> <div style="text-align: center;">  </div> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <p style="text-align: center;"><b>Дұрыс жауапты тап</b></p>



	<p>шабуылдан қорғау үшін ақбөкендердің кейбірі суаттың маңында күзетке қалады. Олар жағдайды бақылайды. Сақ тұрған ақбөкендер қауіпті көргенде, аспанға секіру арқылы дабыл қағады. Секіру толқыны табын арасында жайылып, бәрі қашып кетеді. Ақбөкеннің жылдамдығы 80 км/сағ жетуі мүмкін.</p>	<p>1. Ақбөкендер қандай жерлерді мекендейді?  а) таулы  б) шөлді  с) далалы</p> <p>2. Олар қандай жануарлардан қорғанады?  а) арқар, елік  б) қасқыр, түлкі  с) қоян, тиін</p> <p>3. Ақбөкендердің ерекшелігі?  а) тұмсықтары  б) көздері  с) терісі</p> <p>Мәтін бойынша 3 сұрақ құрастыр, парталас досына қой</p> <p>1.  2.  3.</p> <p><b>Дескриптор:</b>  - мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;  - ақбөкенді сипаттап жазады;  - дұрыс жауапты табады; 1.с, 2.б, 3.а  - мәтін бойынша 3 сұрақ құрастырады.</p>
--	---	--

Бұл тапсырмада білім алушы мәтінді «Дирижер» әдісі арқылы оқиды. Оқылған мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақтар білім алушының ашық, сын тұрғысынан ойлай отырып жауап беруіне бағытталған. Келесі тапсырмада баланың функционалды сауаттылығын арттырып, өмірмен байланысты тұстарын анықтауға, алған білімді қолдана алуға итермелейді.

Дұрыс жауапты көрсету арқылы білім алушы мәтіннен ақпаратты іздеу және табу қабілеттерін жетілдіреді. Мақалдар арқылы көркем әдебиетке қызығушылығы туып, мақалдардың өмірде маңызын түсіне алады. Оқу процесінде қарым-қатынас, коммуникация маңызды рөл атқарады. Сол себепті білім алушылардың оқу процесі барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасауға арналған жұмыстарды ұсыну керек.


## Тыңдалым

2.1.1.1 шығарманың мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беру

### Киіз үй – ежелгі сәулет өнері

Киіз үй — мал баққан көшпелі халықтардың қысы-жазы отыратын өте қолайлы және төзімді баспанасы. Ол тез құрылып, тез жиналады. Қыста жылы, жазда салқын болады. Көлеміне және сыртқы кейпіне қарай әр түрлі болып келеді. Киіз үйді құрайтын негізгі қаңқасын киіз үйдің сүйегі деп атайды. Оларға кереге, уық, шаңырақ, есік немесе сықырлауық жатады. Сүйектері көлеңкеде кептірілген талдан, жіңішке қайыңнан немесе теректен жасалады. Киіз үй жасаудың өзіндік ерекшеліктері бар. Оны тек шебер-үйші жасайды. Керегені құрып болған соң шаңырақты көтереді. Қазақ халқы шаңырақты кие тұтады. Шаңырақ — отан, әулет мағынасында да қолданылады. Шаңырақты көтерген кезде оның жан-жағынан уықтарды шаншыған. Уықтың шаңырақты ұстайтын жағы үшкір, кереге басына байланатын жағы жалпақтау болып келеді, жалпақ жағын тесіп бау өткізеді, оны «уық бау» деп атайды. Осы бау арқылы уық пен керегенің басын біріктіріп байлайды. Шаншылып біткен уықтың сыртынан айналдыра басқұрмен шалмалап таңады. Шаңырақтан кейінгі ерекше қастерленетін бөлшегі — босаға. Ол табалдырық пен маңдайшадан тұрады. Оның екі жақтау ағашын «таяныш» дейді. Оған сықырлауық орнатылады. Сықырлауық — киіз үйдің өте әшекейленіп жасалатын сәнді есігі. Бұл ортасынан ашылып-жабылатын жарма есіктерге ұқсас. Ол екі таянышқа ілмек арқылы ұстасады, ашып-жапқанда сықырлап тұрады, сондықтан оны сықырлауық деп атайды. Осыдан кейін үйдің сыртынан киіз жабады. Киіздің төрт түрі бар. Олар: туырлық, үзік, түндік, киіз есік. Алдымен туырлықты керегеге керіп, ұзын баулары арқылы уыққа бекемдеп байлайды. Сонан соң бақанның көмегімен үзік пен түндікті жабады. Үзік шаңырақ шеңберінен кереге басына дейінгі аралықты қамтиды. Түндік — шаңырақты жауып тұратын

### Киіз үй бөліктерін жаз:




1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_

### Мәтін бойынша сұрақтарға жауап бер

1. Қазақ халқының ежелден келе жатқан баспанасы?
2. Киіз үйдің қандай ерекшеліктерін білесіңдер?
3. Киіз үй неше бөліктен тұрады?
4. Ағаш бөліктеріне не жатады?
5. Киіз бөліктеріне не жатады?
6. Бау-кұрларына не жатады?
7. Киіз үйдің қандай бұйымдары мен жиһаздарын білесіңдер?
8. Қазақ халқы киіз үйдің ішін қандай ұлттық аспаптармен безендірген?

### Дұрыс жауапты тап

1. Тез құрылып, тез жиналатын. Қыста жылы, жазда салқын болатын баспана?
  - а) ағаш үй
  - б) киіз үй
  - с) сабан үй
2. Шаңыраққа не шаншылады?
  - а) кереге
  - б) уық
  - с) есік

	<p>төрт бұрышты шағын киіз, Түндік арнаулы бау арқылы оңай ашылып-жабылады.</p>	<p>3. Киіз үйдің неше есігі болады?  а) 4  б) 6  с) 2</p> <p><b>«Венн диаграммасы» қолдану. «Киіз үй» мен «Қазіргі кездегі үйлермен» салыстыру. Оның айырмашылығы мен ұқсастығын табындар.</b></p> <p>Киіз үй                      Қазіргі кездегі үй</p>  <p><b>Дескриптор:</b>  - киіз үй бөліктерін жазады;  - мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;  - дұрыс жауапты табады;  - «Киіз үй» мен «Қазіргі кездегі үйлермен» салыстырады.</p>
--	---	---

Бұл тапсырмада білім алушы мәтінді «Дирижер» әдісі арқылы оқиды. Оқылған мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді. Сұрақтар білім алушының ашық, сын тұрғысынан ойлай отырып жауап беруіне бағытталған. Келесі тапсырмада баланың функционалды сауаттылығын арттырып, өмірмен байланысты тұстарын анықтауға, алған білімді қолдана алуға итермелейді.

Дұрыс жауапты көрсету арқылы білім алушы мәтіннен ақпаратты іздеу және табу қабілеттерін жетілдіреді. Мақалдар арқылы көркем әдебиетке қызығушылығы туып, мақалдардың өмірде маңызын түсіне алады. Оқу процесінде қарым-қатынас, коммуникация маңызды рөл атқарады. Сол себепті білім алушылардың оқу процесі барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасауға арналған жұмыстарды ұсыну керек.

<b>Тыңдалым</b>		
2.1.1.1 шығарманың	<b>Сағаттар тарихы</b>	<b>Сұрақтарға жауап бер</b>

мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беру

Кейде адамдар сағаттарды ойлап таппағанда бүгінгідей реттілікке қалай жететін едік деп ойлаймын. Сағаттардың арқасында уақытты реттеп үйрендік. Дүниедегі тәртіп пайда болды. Қазақ уақытты өзінше есептеген, көзді-ашып жұмғанша шамамен 1 секунд, сүт пісірім уақыт – 15 минут, бие сауым уақыт – 1 сағат, сәске түс, ұлы түс т.б. Түнде уақытты жұлдыздарға қарап, әтештің шақырған кезімен анықтаған.



3,5 мың жыл бұрын Вавилондықтар күн сағаты – Гномонды қолданысқа енгізді. Қиғаш шеңбер тас ортасына жіңішке ағашты орнату арқылы уақытты біліп отырды. Бірақ күн сағатының кемшілігі уақытты Вавилондықтар тек, күндіз ғана есептеді, оған бұлтты күндері күннің болмай қалуы қиындықтар туғызды. Құм сағаты туралы алғашқы деректер Париж қаласынан табылды. Құм сағатты теңізде де көп пайдаланған. 30 секундтық кемең жылдамдығын білдіретін не 4 сағаттық бір вахтаның уақытын білдіретін құм сағаттар жиірек қолданылған. Еуропада құм сағаттар 3 сағат не 1 сағаттық уақытты көрсететін болыпты. Қазіргі күнде құм сағаттар медицинада кейбір дәрігерлік рәсімдерді өткізу үшін ғана пайдаланады.

Алғашқы су сағаттарының отаны – Египет. Александрия қаласында су сағаттар жасайтын өнеркәсіп өте жақсы дамыған. Су сағатын – Клепсидра яғни су ұрлаушы деп атаған. Су сағаты күн сағатынан қолайлы, от сағатынан да уақытты дәлірек көрсететін болған. Механизмі

1. Сағаттардың арқасында адам неге үйренді?
2. Қазақтар бұрын сағатты қалай есептеген?
3. Күн сағатының қандай кемшілігі болды?
4. Еуропада құм сағаттар қандай уақыттарды көрсететін болған?
5. Су сағаты туралы айтып бер?

**Сағаттың адам өміріне қандай пайдасы тиді? Өз ойыңды жаз**

---

---

---


---

<https://youtu.be/GVJsyWngSr8>

**Видеомен таныс. Видео не туралы? Сағаттың қандай түрімен таныстың? Ол туралы қосымша ақпарат ізде топ болып ақпаратты сыныппен бөліс.**

**«Венн диаграммасы» қолдану. «Механикалық сағаттар» мен «Ежелгі сағаттарды» салыстыру. Оның айырмашылығы мен ұқсастығын табындар.**

Механикалық сағаттар      Ежелгі сағаттар



**Телефонындағы сағатты қолданып, бір күнінжі жоспарла, әр сағатқа жоспарла**

	<p>қарапайым, бір ыдыстағы су екінші ыдысқа ақырындап құйылып отырған.</p> <p><a href="https://massaget.kz/tehno/51489/">https://massaget.kz/tehno/51489/</a></p>	<hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сұрақтарға жауап береді;</li> <li>- өз ойымен бөліседі;</li> <li>- видеомен танысады;</li> <li>- видео бойынша сұрақтарға жауап береді;</li> <li>- топтық жұмыс жасайды;</li> <li>- Венн диаграммасын толтырады;</li> <li>- күн тәртібін жазады.</li> </ul>
--	---	--

Тұтас емес мәтінмен жұмыс білім алушыны өмірдегі жағдайға дайындайды. Оның күнделікті қолданып жүрген заттарының, іс-әрекетің мағынасын ашады. Тұтас емес мәтінге тапсырма құрастыруда оның білім алушының күнделікті тіршілігімен байланыстырған жөн. Білім алушы алдымен сұрақтарға жауап береді, негізгі мәтінмен ақпаратпен танысады. Мәтінді қорытады. Кейін алынған мәтін негізінде сұрақ туады. Ол сұраққа білім алушы өз тәжірибесі, алдыңғы білімі негізінде жауап жазады. Ауызша жауап білім алушыны сөйлеу мәнеріне дағдыландырса, жазбаша жауап ой қорытындысын жасауға, өз жұмысының нәтижесін көруге дағдыландырады. Бейне материал білім алушыны қосымша ақпаратқа жетелейді. Бастауыш сынып білім алушысы визуалды ақпаратты жақсы қабылдағандықтан бұл тиімді ресурс.

Топпен жұмыс тақырыпты терең зерттеуге мүмкіндік береді. Алайда барлық топ мүшелерінің жұмысқа араласуын қадағалау керек.

«Венн диаграммасы» қолдану арқылы алынған, талданған ақпаратқа қорытынды жасау жеке жұмысты ұйымдастыру керек.

Бұл тапсырма функционалды сауаттылыққа бағытталған. Білім алушы сағаттың пайдасын нақты көру үшін, оның қандай жағдайда қолданылатынын көрсетуге мүмкіндік жасайды және де телефонның сағатының басқаша екендігін байқайды.

*Маңғыстау облысының білім басқармасының Маңғыстау ауданы бойынша білім бөлімінің «Алшын Меңдалыұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бастауыш сынып мұғалімі  
Оразбаева Айжан Зорбаевнаның тәжірибесінен*

**Ана тілі  
1-сынып**

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері										
<b>Тыңдалым</b>												
<p>1.2.5.1. мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру;</p>	<p style="text-align: center;"><b>Ағаштар</b></p> <p>Ағаштардың ауа тазартудан басқа да пайдасы көп. Олар көптеген құстар мен жәндіктерге қорек береді. Аң құстарды ыстық күннен, қатты желден, жауыннан қорғайды. Олардың түбінде саңырауқұлақтар өседі.</p> <p>Кейбір ағаштар суықтан қорықпайды. Қысы жазы калпында сақталады. Сондай ағаштың бірі - шырша.</p> <p>Ағаштардың көп өскен жерін орманды алқап дейді. Олар Жер бетінің көп бөлігін алып жатыр.</p>	<p><b>Мәтінмен жүргізілетін жұмыстар:</b></p> <p>1 Білім алушылардың назарын сюжетті суретке аудару</p> <p>2. Сұрақ жауап алу</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ағаштардың қандай пайдасы бар?</li> <li>- Шырша қандай ағаш?</li> <li>- Осы ағаштардың бізге қандай қажеттілігі бар?</li> <li>- Суреттегі ағаш түрлерімен танысып, білімдерін ортаға салу</li> </ul> <p>2. Мәтінді мәнерлеп оқу</p> <p>«+,» әдісі арқылы мәтінді оқып шығып, түсінбеген сөздеріне – қойып шығады. Сөздік жұмысын жүргізеді.</p> <p>Мысалы: орманды алқап.</p> <p>«Кубизм» әдісі «Не? Қайда? Не істейді? Не дейді?»</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін бойынша сұрақ қояды;</li> <li>- сұрақтарға жауап береді.</li> </ul>										
<p>1.2.1.2. оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану</p>	<p style="text-align: center;"><b>Қыс</b></p> <p>Өзенді, көлді мұз жапты. Қалың қардан шөптің басы көрінбейді. Орман ішінен құстарды көре алмайсың. Қоян күндіз жасырынады. Түнде ғана жас ағаштарды кеміріп жүр.</p> <p>Қыстыгүні үй жануарларына да бапсыз. Иелері жылы қораға шөп салып, барып қағады. Адамның өзі де суықтан қорғанады. Үйіне от жағады. Жылы киім киеді.</p>	<p>1. Мәтін түрін ажырату.</p> <p>2. Тақырып арқылы мәтінге болжау жасау.</p> <p>3. Мәтінді мәнерлеп оқу.</p> <p>4. Суретін салу</p> <p><b>«Шульте кестесі»</b></p> <table border="1" data-bbox="1220 1337 2063 1415"> <tr> <td>са</td> <td>бұлт</td> <td>парта</td> <td>ра</td> <td>сөмке</td> </tr> <tr> <td>бе</td> <td>кұрт</td> <td>тақта</td> <td>ша</td> <td>кітап</td> </tr> </table>	са	бұлт	парта	ра	сөмке	бе	кұрт	тақта	ша	кітап
са	бұлт	парта	ра	сөмке								
бе	кұрт	тақта	ша	кітап								

		<table border="1"> <tr> <td>та</td> <td>жұрт</td> <td>алма</td> <td>қа</td> <td>қалам</td> </tr> <tr> <td>ше</td> <td>сарт</td> <td>айна</td> <td>на</td> <td>асық</td> </tr> <tr> <td>ке</td> <td>тарт</td> <td>шеге</td> <td>жа</td> <td>есік</td> </tr> </table>	та	жұрт	алма	қа	қалам	ше	сарт	айна	на	асық	ке	тарт	шеге	жа	есік
та	жұрт	алма	қа	қалам													
ше	сарт	айна	на	асық													
ке	тарт	шеге	жа	есік													
<p>1.2.5.1 мұғалімнің қолдауымен мәтіннің, сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру.</p>	<p align="center"><b>Мен дәрігер боламын</b></p> <p>Ақ халатты киемін, Аппақ болып жүремін. Аппақ болып жүргенді, Өзім жақсы көремін. Дәрігермін мен деймін, Кәрі әжемді емдеймін. Көп-көп ішіп дәріні, Кәрілікті жең деймін.</p>	<p><b>«Жалған-ақиқат» әдісі</b></p> <table border="1"> <thead> <tr> <th></th> <th>иә</th> <th>жоқ</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Қалың қардан басы көрініп тұр</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Қоян күндіз жасырынады</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Қыста үй жануарларына жағдайы жақсы</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Қыста адамдар суықтан қорғанбайды</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор: - мәтінді тұтас оқиды; - сөйлемдерді дұрыс белгілейді.</p> <p>«Сикырлы қобдиша» арқылы тақырыпты ашу, сабақ мақсатын қою. «Қай мамандық иесі?» Қобдиша ішінде дәрігерге қатысты заттар салынған. «Артығын тап» ойыны топтық жұмыс арқылы дәрігерге қажетті заттармен танысу. Өлеңді мәнерлеп оқу «Өлең жолдарын сөйлемге айналдыру» әдісі Ақ халатты киіп, аппақ болып жүремін. Бұлай аппақ болып киінген өзіме ұнайды. Мен дәрігер болғандақтан, үлкендерді емдеймін. Уақытымен дәрі ішіп, ауырмауын тілеймін. Суреттермен жұмыс «Сәйкестендір» әдісін беру жұптық жұмыс Кубизм әдісі «Не? Қайда? Қашан? Не үшін?» сұрақтарға жауап беру, дәрігерге қатысты құралдардың атын табу, не үшін қолданатынын, қай уақытта қолданатынын т.б айту Дескриптор: Әр мамандық иелеріне қажетті құралдардың суреті мен артық құралдың суретін іріктейді . Мәтін мазмұны бойынша сұраққа жауап береді.</p>		иә	жоқ	Қалың қардан басы көрініп тұр			Қоян күндіз жасырынады			Қыста үй жануарларына жағдайы жақсы			Қыста адамдар суықтан қорғанбайды		
	иә	жоқ															
Қалың қардан басы көрініп тұр																	
Қоян күндіз жасырынады																	
Қыста үй жануарларына жағдайы жақсы																	
Қыста адамдар суықтан қорғанбайды																	

**Әдебиеттік оқу**  
**4-сынып**

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
<b>Тыңдалым</b>		
<p>4.2.1.1 шығарманы дауыстап түсініп, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, теріп оқу, шапшаң оқу</p> <p>4.2.9.1 түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу және тұжырым жасау, себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету</p>	<p style="text-align: center;"><b>Ғарыштық өмір</b></p> <p>Әр ғарышкер үшін ғарышқа ұшқан Жерге қайтып оралған күн-ерекше күндер. Осы аралықты жеке «ғарыштық өмір» деп атауға болады.</p> <p>Талғат Мұсабаев – бір жылды құрайтын үш ғарыштық өмір сүрген адам. Қазақтың маңдайына біткен батыр ғарышкер .Алматы облысы Жамбыл ауданының Қарғалы ауылында дүниеге келген.</p> <p>Салиха анасы соғыс жылдары Сталинградтан Берлинге дейін барып, дәрігер ретінде қызмет еткен. Тұңғыш ұлы – Талғат дүниеге келгенде «Талғат Бигелдинов ағасындай батыр болсын!»-деп атын ырымдап қойған екен. Бала Талғат та ағасы сияқты батыр, одан кейін Юрий Гагарин сияқты ғарышкер болуды армандап өседі. Тіпті мектепте «Ғарышта - Мұсабаев Талғат!»-деп айқайлағаны бар. Бір жағынан, өз арманына, өзіне деген сенімі болды ма екен, ғарышкер болатынына еш күмәнданмапты. Сол арманына 43 жасында қол жеткізеді.</p> <p>«Талай қиындық көрдім», - дейді ғарышкер.</p> <p>Талғат Мұсабаевтың ғарышқа ұшу арманы кейін, Қазақстан тәуелсіздік алған соң жүзеге асады.</p> <p>Талғат Мұсабаев - қазақтың екінші, ал әлемнің 309-ыншы ғарышкері.</p> <p>«Ғарышта ажалдың аузынан қалған кездерім болды. Біреуін ғана айтайын. Ашық ғарышқа шыққан кезімде мені кемеге бекітіп, ұстап тұратын тетік ажырап кетті. Біртіндеп тұңғыыққа батып бара жатым. Айтары жоқ, сұмдық еді. Көз алдымнан</p>	<p><b>«Төңкерілген сабақ»</b> моделі бойынша оқу (білу, түсіну) <a href="https://youtu.be/MCIuCeXcyn4?si=q">https://youtu.be/MCIuCeXcyn4?si=q</a></p> <p>Балаларға арналған танымдық энциклопедия, қосымша ақпараттар іздеу, сөздікпен жұмыс</p> <p>Мәтінді мәнерлеп оқу</p> <p>Топпен жұмыс</p> <p>1-топ. Талғат Мұсабаев қай жерде дүниеге келді? (мәтін ішінен тауып оқу)</p> <p>2-топ. Анасы туралы жазылған тұсын тауып оқу</p> <p>3-топ. Ғарышкер ғарышқа өзімен бірге нелер алып жүрді?</p> <p><b>«Мозайка» әдісі</b> арқылы мәтін бөліктерін құрастырады, шынжырлап бөліктерді мәнерлеп оқу.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтіннен берілген жерді тауып оқиды;</li> <li>- дереккөздерден қажетті ақпаратты табады.</li> </ul> <p><b>«Кіру билетін»</b> толтырады</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сіз бүгін нені білдіңіз келеді?</li> </ul> <p><b>«Сұрақтар тақтасы»</b> әдісі (Талғат Мұсабаевқа қандай сұрақтар қояр едіңдер?)</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ғарышқа не үшін ұшады?</li> <li>- Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?(Ашық сұрақтар)</li> </ul> <p><b>«Шығу билеті»</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сіз бүгін не білдіңіз?</li> <li>- білім алушылар ізденіп келген қосымша ақпараттарымен, дереккөздерімен бөліседі.</li> <li>- сіз үшін не қиын болды?</li> </ul>



	<p>жалт-жұлт ойнап, әп-сәтте бүкіл ғұмырым өте шықты. Бұрын сонды ескерілмеген, ескерілмек түгіл, ойға келмеген хал. Ауа қоры 8 сағатқа жетеді. Одан әрі – қапысыз, бұлтартпайтын, жалтартпайтын ажал. Міне ,осы сәтте адам айтса нанғысыз таңғажайып оқиға болды. Қайтадан зулап бара жатқан ғарыш кемесінің үстінен бір-ақ шықтым. Денеме ештеңе тимей –ақ, жұғысып, итермей –ақ, әлдебір күдірет құрдымнан суырып алды. Ешқандай қисынға келмейді, түсінікке сыймайды!» деп еске алады ғарыштағы қатерлі сәттердің бірін Мұсабаев.</p> <p>Ғарышта бірге болған әріптес Юрий Маленченконның айтуынша, Талғат Мұсабаевпен ашық ғарышқа шыққанда тура Қазақстанның үстінен өтіп бара жатқанда -«Менің Қазақстаным!»-деп айқай салыпты. Ғарышкерлер қатпар-қатпар Алатау сілемдері мен Балқаш көлінің көрінісін ғарыштан көріп, тәнті болыпты.</p> <p>Талғат Мұсабаев ғарышқа Қазақстанның туын, топырағын, «Құранды» өзімен ала барып, елге деген жерге деген құрметін бірнеше мәрте көрсеткен.</p>	<p><b>«ББҮ» кестесі арқылы қортындылау.</b></p> <table border="1" data-bbox="1220 225 2063 304"> <tr> <td>Білемін</td> <td>Білгім келеді</td> <td>Үйрендім</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Білемін	Білгім келеді	Үйрендім							
Білемін	Білгім келеді	Үйрендім										
<p>4.2.6.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау.</p> <p>4.2.9.1.түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу және тұжырым жасау және себеп-салдарлық</p>	<p><b>Құралай</b></p> <p>Жұмабек тұра сала атасына барып, тұз тағысы туралы сұрай бастады.</p> <p>-Ата, ата қорғансыз бөкен кімді пана тұтады?</p> <p>-Е, балам, «Аңды иесі қорғайды немесе киесі қорғайды» деген бар...</p> <p>Сен табиғатты сүйген сайын онымен тілдесе алатын жағдайға жетесің. Сондықтан мынау дархан даланың тілін ұқ, сырын сезінуге тырыс. Күн батқан соң сені аспан әлемімен таныстырайын.</p> <p>Алтын арайлы күн ұясына қызара қонып, төмендеп барады. Үп еткен жел де жоқ, төтеннен</p>	<p>Мәтінді аудио тыңдау</p> <p>Сөздік жұмыс «Түртіп алу жүйесі»</p> <p><b>«Сәйкестендіру» wordwall платформасы</b></p> <table border="1" data-bbox="1220 1038 2063 1262"> <tr> <td>Атасы мен немересінің әңгімесі</td> <td>Оқиғаның басталуы</td> </tr> <tr> <td>Адасқан құралай</td> <td>Оқиғаның байланысы</td> </tr> <tr> <td>Бір тамшы жас</td> <td>Оқиғаның дамуы</td> </tr> <tr> <td>Құралайды еркіндікке босату</td> <td>Оқиғаның шарықтау шегі</td> </tr> <tr> <td>Қолға үйренген құралай</td> <td>Оқиғаның шешімі</td> </tr> </table> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтіндегі кейіпкерлердің іс әрекетін ретімен сәйкестендіре алады;</li> <li>- сұраққа жауап береді.</li> </ul>	Атасы мен немересінің әңгімесі	Оқиғаның басталуы	Адасқан құралай	Оқиғаның байланысы	Бір тамшы жас	Оқиғаның дамуы	Құралайды еркіндікке босату	Оқиғаның шарықтау шегі	Қолға үйренген құралай	Оқиғаның шешімі
Атасы мен немересінің әңгімесі	Оқиғаның басталуы											
Адасқан құралай	Оқиғаның байланысы											
Бір тамшы жас	Оқиғаның дамуы											
Құралайды еркіндікке босату	Оқиғаның шарықтау шегі											
Қолға үйренген құралай	Оқиғаның шешімі											

<p>байланысын сызба түрінде көрсету</p>	<p>тына қалды. Міне, осы мезгілде атасы немересін қасына алды.</p> <p>-Жұмабекжан, Құдай қаласа, ертең ауа райы жылы болады. Күн қызарып батса, осы болжамға сүйене бер, шырағым. Міне, көк жүзінде жұлдыздар оянды. Қандай керемет десеңші! Көне заманнан бері бабалар осы жұлдызға арқа сүйеп, жүрер жолын жобалап тапқан. Анау-Темірқазық. Ол солтүстік жақта тұрады. Адасқан адам оған қарап, бағытын табады.</p> <p>Аспаннан мыңдаған жұлдыз жарқырайды. Мысалы, Жетіқарақшы. Көпшілік оған сеніп, адасып жатады. Өйткені Темірқазық секілді тұрақты орны жоқ, алмасып тұрады. Таң алдында Шолпан шығады.</p> <p>Ол да уақыттың шамасын білдіреді. Енді жата ғой. Ертең маған сенің көмегің керек, -деп атасы көрпесін қымтап, көзі ілінгенше немересінің қасында отырды...</p> <p>Күн ұясынан көтерілмей жатып салдыр-гүлдір басталып кетті. Әжем қой сауып жүр ме екен әлде атам су тартып жатыр ма? Бұл-не шу?</p> <p>Жұмабек басын жастықтан көтеріп, айналаға қарады. Көзіне ілінгені қораның бұрышында тұрған түр-тұрпаты өзгеше, қоңқақ тұмсық сұр аң болды. Ол орнынан атып тұрды. Мәссаған мынауың – құралай ғой. Қайдан, қалай келген?</p> <p>-Ата-ау, қайдасыз, құралайды сіз бе әкелген?</p> <p>- Жұмабекжан, «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деген. Сенің құрметіңе құралайдың өзі келді. Анасынан көз жазып қалса керек. Бейкүнә жануар ғой, сен бағып-қақ. Ертең қатарға қоссаң, аңның да адамға аңсары ауады.</p> <p>- Неткен көзі мөлдір, сүйкімді, момақан?</p>	<p><b>«Стоп кадр» әдісі мәтін бөліктерін кадрдан оқып, мәтін бөліктеріне сай тақырып таңдау</b></p> <p>«Даланың аңы қолға үйренбейді» деген – бос сөз екен. Құралай қараша үйге ілесе кіріп, ілесе шығып, соңынан бір елі қалмайды. Киімінен иіскелеп, сүт сұрайды. Сөйткенмен де еті ен дүниеге жаралған тұз тағысы ауық-ауық адырға қарай алаңдап, анасын іздегендей аласұрып қоятын сияқты.</p> <p>а. Қолға үйренген құралай в. Қолға үйренбеген құралай с. Сүт сұраған құралай</p> <p>Басынан ноктасын сыпырған бойда құралай безектеп әрі бері шапты да ,алысқа бет алды. Құйындай жүйткіген жануар биік шағылдың төбесінен бізге бір қарап, ық бетке түсті де ылдилап кете берді</p> <p>а. Еркіндікті, даланы аңсауы в. Шөпті аңсауы с. Қораны аңсауы т.б</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін бөліктерін мәнерлеп оқиды;</li> <li>- мәтін бөлігіне сай тақырып таңдай алады.</li> </ul> <p>Қорытынды: киікке сипаттама беру «Кластер» әдісі</p> <div style="text-align: center;"> <p><b>Киік</b></p> </div> <p><b>Дескриптор :</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін мазмұнын біледі;</li> <li>- киікке сипаттама жасайды.</li> </ul>
---	---	---

	<p>-Шырағым, қай нәрсе де шақалақ шағында періште болады. Сен де маған сондайсың. Бейкүнә бала әрқашан тәтті ғой, осы қалпыңнан аумасаң, менің атыма жаман сөз айтылмайды. Жақсылық үшін ұмтылған ұл ертең елдің де үмітін ақтайды. Сондықтан жақсы оқып, тәртібіңе өзің сын көзбен қарап дағдылан.</p> <p>-Айтқаныңызды орындаймын ,ата...</p> <p>«Даланың аңы қолға үйренбейді» деген – бос сөз екен. Құралай қараша үйге ілесе кіріп, ілесе шығып, сонынан бір елі қалмайды. Киімінен иіскелеп, сүт сұрайды. Сөйткенмен де еті ен дүниеге жаралған тұз тағысы ауық-ауық адырға қарай алаңдап, анасын іздегендей аласұрып қоятын сияқты.</p> <p>Бір күні жанарынан бір тамшы жас домалап түсті. Денесі суық су құйып жібергендей дір етті. Мұны байқаған атам:</p> <p>-Енді мұны еркіндікке босатқан жөн. Әркім өз ортасын, өз өлкесін аңсайды. Бұлар енді Арқаға ауады. Алла жазса, келесі жылы жазғы демалыста келсең осы атыраптан кездестіріп қаларсың, -деді.</p> <p>Басынан ноктасын сыпырған бойда құралай безектеп әрі бері шапты да, алысқа бет алды. Құйындай жүйткіген жануар биік шағылдың төбесінен бізге бір қарап ,ық бетке түсті де ылдилап кете берді.</p>	
--	---	--

**Қазақ тілі**  
**4-сынып**

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
<b>Тыңдалым</b>		
4.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған	<p align="center"><b>Апатты табиғи құбылыстар</b></p> <p>Жер қыртысы тау жыныстарының қат - қабат қатталған аса ірі текше тастарынан тұрады. Жер</p>	<p>Сұраққа жауап :</p> <p>- Жер сілкінісі жағдайында не істейтіндерің туралы диалог құрыңыздар.</p>

<p>сұрақтар құрастыру және жауап беру</p>	<p>қойнауындағы жайнап тұрған тау жыныстары баяу сырғып, төменгі қатпар жарықтарының жігіне құйылады. Соның салдарынан тас қабаттары қозғалады да ,біріне- бірі соқтығысады. Сол жойқын қозғалыстардың себебінен жер астындағы қатты қабаттар қопарылады. Соның әсерінен жер сілкінеді. Қатты сілкіністен жер жарылады, үйлер құлап, жердің астына түсіп кетеді.</p>	<p>Ситуациялық сұрақтар (ашық сұрақтар)  - Анар, сен жер сілкінгенде сыртқа шыға алмай қалсаң, не істейсің?  - Үстел астына тығыламын.  - Ол қаншалықты қауіпсіз әрекет? т.б  Бір бірімен диалог құра отырып, сұраққа жауап беру  Мәтінді мәнерлеп оқу.</p> <p><b>«Мнемотехника» әдісі</b>  Басқа да табиғи құбылыстарының бірнеше суреті беріліп, 1 минутта есте сақтап алып, сурет бойынша бір -біріне сұрақ құрастыра отырып, қалай қорғану жөнінде жауап беру</p> <p>Дескриптор:  - сұрақ құрастыра алады;  - сұраққа жауап бере алады.</p>
<p>4.2.1.1 мәтін түрлерін (әңгімелесу /сипаттау/пайымдау) және олардың құрылымдық бөліктерін анықтау</p>	<p>Атаулары бойынша мәтін түрлеріне ажырат.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Біздің сынып</li> <li>2. Татулығы жарасқан сынып</li> <li>3. Неліктен сыныпты таза ұстаймыз?</li> </ol>	<p>Мәтін түрлерімен жұмыс :  «Сөздерді сөйлемге, сөйлемді мәтінге толықтыр» ойыны  А тобы: «Неліктен сыныпты таза ұстаймыз?» атты тақырыпта берілген мәтін бөліктерінен пайымдау мәтінін құрастыру  В тобы: «Татулығы жарасқан сынып» атты тақырыпта мәтінді бөлек - бөлек қиылған қағаздардағы сөйлемдерден құрастыру  С тобы: «Біздің сынып» атты тақырыптағы мәтінді кеспе сөздерден сөйлем, сөйлемдерден шағын мәтін құрату.</p> <p>Дескриптор:  - топпен бірігіп жұмыс жасай алады;  - постер қорғай біледі.</p> <p>«Ақылды қорапша» ойыны  А тобының білім алушыларына сандықшадан сөйлем жазылған қағаз қиындыларын оқып, сұрақ қойып, дәлелдеу.</p>

		<p>В тобының білім алушыларына заттың атауы жазылған сөздерді сипаттау.</p> <p>С тобының білім алушыларына етістік жазылған сөздерге сұрақ қою.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін түрлерін ажырата алады;</li> <li>- мәтіннің құрылымын, бөліктерін анықтайды.</li> </ul>
--	--	---

### Әдебиеттік оқу 3-сынып



Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
<b>Тыңдалым</b>		
<p>3.2..8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка, күй, мультфильм) нұсқасымен салыстыру</p>	<p style="text-align: center;"><b>Адам –балық</b></p> <p>Ихтиандр бақ ішіндегі құм төселген сүрлеу жолмен жүріп келеді. Белбеуіне қыстырылған қанжары салақтап аяғына соғылады. Көзілдірігі, қолға және аяққа киетін биялайы-«көлбақа табандары» көрінеді.</p> <p>Ол үйіне келе жатыр. Үйі шағын ғана, небары төрт бөлмеден тұратын. Соның асүйге жапсарлас біреуіне Кристо орналасқан. Оған таяу асүй, сосын кітапхана болатын. Ихтиандр испан және ағылшын тілдерін білетін. Сосын ең соңғы шеткісі – Ихтиандрдың жатын бөлмесі. Сол жатын бөлменің тап ортасында хауыз бар еді. Кереуеті қабырғаға тақап қойылған. Ихтиандр кейде сол керуетте демалатын, бірақ көбінесе хауызда жатқанды ұнататын.</p> <p>Сальватор тауға Ихтиандрға қызметімен жаққан Кристоны ертпей, жалғыз кетуді ұйғарған. Жол жүрерде Сальватордың Кристоға былайша мықтап тапсырғаны бар: «Ихтиандр аптасына ең кемі үш түн кәдімгі кереуетте жатып, ұйықтауға тиіс».</p>	<p><b>Мәтінмен жұмыс:</b></p> <p>-Адам құрлықта да ,суда да өмір сүре ала ма? Егер өмір сүре алса, қалай тіршілік етер еді? Бір сәт болжап, қиялдап көрейік.</p> <p>Фантастика – ежелгі грек тілінен аударғанда «көзге елестету өнері» деген мағынаны білдіреді. Фантастикалық шығармада өмір шындығына қиял қосылып суреттеледі.</p> <p>Мәтінді мәнерлеп оқып, суретпен салыстыру («Адам-балық» кітабынан суреттерін алып, видео ролик әзірлеу).</p> <p>Мәтін бөліктеріне тақырып қою, топтық жұмыс :<b>«Ойлан, жұптас, пікірлес»</b></p> <p>1. Ихтиандр бақ ішіндегі құм төселген сүрлеу жолмен жүріп келеді. Белбеуіне қыстырылған қанжары салақтап аяғына соғылады. Көзілдірігі, қолға және аяққа киетін биялайы-«көлбақа табандары» көрінеді.</p> <p>Ол үйіне келе жатыр. Үйі шағын ғана, небары төрт бөлмеден тұратын. Соның асүйге жапсарлас біреуіне Кристо орналасқан. Оған таяу асүй, сосын кітапхана болатын.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ихтиандр үйі неше бөлмелі? (Шағын үй төрт бөлмеден тұрады).</li> <li>- Бұл бөлімге қалай ат қойсақ болады?</li> </ul> <p><b>1-бөлім Ихтиандр</b></p>

	<p>- Ал маған суда жатқаным көбірек ұнайды, жаныма жайлы,-деп қарсылық білдіреді Ихтиандр.</p> <p>-Доктор сені кереуетте жатсын деп бұйырған, әкеңнің тілін алу керек.</p> <p>Кристының енді Ихтиандрдың бұған белгісіз бір материалдан тігілген ,қабыршақты костюмі ұдайы жауып тұратын денесін көргісі келді-ақ.</p> <p>- Сен не, киімді түнде жатарда да шешпейсің бе?-деп сұрады ол бірде жігіттен.</p> <p>- Неге шешем? Менің қабыршағымның еш кедергісі жоқ, қайта оңтайлы. Желбезекпен тыныс алуыма әрі терімнің тыныстауына түк зияны тимейді және сонымен бірге ол бар пәледен қорғайды: мұны акуланың өзі де, тіпті өткір пышақтың жүзі де кесе алмайды, - деп жауап қатты Ихтиандр.</p> <p>- Ал көзілдірік пен биялайды не үшін киесің?-деп сұрады Кристо кереуеттің қасында жатқан таңғажайып биялайды қарағыштап отырып.</p> <p>- Биялай менің шапшаң жүзуіме септігін тигізеді. Ал көзілдірік теңіз түбінен дауыл суырған топырақтан қорғануға қажет. Мен оны ұдайы киіп жүрмеймін. Бірақ көзілдірік кисем, су астындағы дүниені жақсырақ көремін. Көзілдірігің болмаса, су астында өзінді тұманда жүргендей сезінесің,-деді де ,бір жымыып қойды Ихтиандр. Сосын сөзін қайта жалғап:</p> <p>-Сенің менімен бірге су астында жүзе алмайтының өкінішті-ақ! Мен саған небір ғаламаттарды көрсетер ем. Неге бұл адамдардың бәрі бірдей су астында өмір сүре алмайды екен ,ә?</p>	<p>2. Сальватор тауға Ихтиандрға қызметімен жаққан Кристыны ертпей, жалғыз кетуді ұйғарған. Жол жүрерде Сальватордың Кристоға былайша мықтап тапсырғаны бар: «Ихтиандр аптасына ең кемі үш түн кәдімгі кереуетте жатып, ұйықтауға тиіс».</p> <p>- Ал маған суда жатқаным көбірек ұнайды, жаныма жайлы,- деп қарсылық білдіреді Ихтиандр.</p> <p>- Доктор сені кереуетте жатсын деп бұйырған, әкеннің тілін алу керек.</p> <p>Кристының енді Ихтиандрдың бұған белгісіз бір материалдан тігілген, қабыршақты костюмі ұдайы жауып тұратын денесін көргісі келді-ақ.</p> <p>- Сен не, киімді түнде жатарда да шешпейсің бе?-деп сұрады ол бірде жігіттен.</p> <p>- Ихтиандр неше түн кереуетте жатуы керек еді? (Аптасына ең кемі үш түн кәдімгі кереуетте жатып, ұйықтауы тиіс).</p> <p><b>2-бөлім Кристыны қызықтырған сұрақ</b></p> <p>3. -Неге шешем? Менің қабыршағымның еш кедергісі жоқ, қайта оңтайлы. Желбезекпен тыныс алуыма әрі терімнің тыныстауына түк зияны тимейді және сонымен бірге ол бар пәледен қорғайды: мұны акуланың өзі де, тіпті өткір пышақтың жүзі де кесе алмайды,-деп жауап қатты Ихтиандр.</p> <p>- Ал көзілдірік пен биялайды не үшін киесің?-деп сұрады Кристо кереуеттің қасында жатқан таңғажайып биялайды қарағыштап отырып.</p> <p>- Биялай менің шапшаң жүзуіме септігін тигізеді. Ал көзілдірік теңіз түбінен дауыл суырған топырақтан қорғануға қажет. Мен оны ұдайы киіп жүрмеймін. Бірақ көзілдірік кисем, су астындағы дүниені жақсырақ көремін. Көзілдірігің болмаса, су астында өзінді тұманда жүргендей сезінесің,-деді де, бір жымыып қойды Ихтиандр</p> <p>-Ихтиандрға көзілдірік не үшін керек еді? (Теңіз түбінен дауыл суырған топырақтан қорғануға қажет).</p> <p><b>3-бөлім Көзілдірік пен Биялай</b></p>
--	---	---

		<p>«Тарсия» әдісі арқылы білім алушылар сұраққа жауап береді</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- оқиғалар желісіне сүйеніп, сюжеттің дамуын болжай алады;</li> <li>- көркем шығарманың иллюстрациямен салыстыра біледі.</li> </ul>						
<p>3.2.3.1. шығарманың тақырыбын анықтау және ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді анықтау</p>	<p style="text-align: center;"><b>Ақ жаңбыр</b></p> <p>Ақ жаңбыр бір тамбайды, бір басталса, тәулік бойы тынбайды. Үнсіз тұрып, төге береді, төге береді. Мұны көрген Өткінші жаңбыр Ақ жаңбырға «Жалқау жаңбыр» деп ат тақты.</p> <p>-Бұл не?!-деді ол. -Болбырап, ыбылжисың да тұрасың. Ішің де пыспайды екен. Жаусаң, астан-кестенің шығару керек қой! Міне, былай! -деді де, сатырлатып құя жөнелді. Көшедегі арықтарға су толып, лайланып аға бастады. Жүргіншілер ықты паналап жүгірісті. Өлгінде ғана бір қалыпты тыптыныш тіршіліктің астан-кестені шыққандай болды. Оған қарап жатқан Өткінші жаңбыр жоқ, өз-өзіне мәз болып, «Әне, солай!» дегендей болып, қырқадан асып та кетті. Іле-шала бұлт ыдырап, жарқырап күн де шықты. Жаңбыр суы сай-саламен ағып кетті. Самал есіп, өсімдіктерді тербетті. Шөп біткен бастарын шайқап:</p> <p>- Шөліміз қанбай қалды- ау! Өткіншінің мұнысы несі? Ұшып-қонып келді де, кетті!-деп ренжісті.</p> <p>Сонда бір кәрі Қурай тұрып:</p> <p>- Қиналып қайтесіндер?! Одан да Ақ жаңбырға жайларыңды айтыңдар,-деді. «Әй ,бұл да дұрыс екен-ау!» деп, шалғындар Ақ жаңбырға бұйымтайларын айтты.</p> <p>Ол тыңдап болып:</p> <p>- Мақұл,-деді.</p>	<p><b>Мәтінмен жұмыс:</b></p> <p><b>«Бір айналым сұхбат» ойыны</b></p> <p>- Бізге жаңбырдың пайдасы қандай?</p> <p>Мәтінді тыңдау «<b>Narakeet.com</b>» мәтінді дыбыстауға арналған платформа арқылы қосу (аудио)</p> <p>«Дудлинг» әдісі арқылы білім алушыларға өз түсінгендері бойынша мәтіндегі ақпаратқа байланысты шимайлап сурет салғызу, әңгімелету.</p> <p><b>«Оқиға картасы»</b></p> <table border="1" data-bbox="1249 778 2042 906"> <tr> <td>Мәтін атауы →</td> <td>Кейіпкерлер →</td> <td>Ахуал ↓</td> </tr> <tr> <td>Шешім ←</td> <td>Туындаған мәселе ←</td> <td>Оқиға ↓</td> </tr> </table> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін тақырыбын анықтайды, оқиға желісін бейнелей алады;</li> <li>- білім алушылар кестені толтыртып, мазмұнын әңгімелейді.</li> </ul>	Мәтін атауы →	Кейіпкерлер →	Ахуал ↓	Шешім ←	Туындаған мәселе ←	Оқиға ↓
Мәтін атауы →	Кейіпкерлер →	Ахуал ↓						
Шешім ←	Туындаған мәселе ←	Оқиға ↓						

	<p>Сол –ақ екен, Ақ жаңбыр аспай-саспай, тәулік бойына жауып еді, жер үсті еркін сусындап, көк жайқалып, құлпырып сала берді.</p>													
<p>3.2..8.2 мұғалімнің көмегімен көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка, күй, мультфильм) нұсқасымен салыстыру.</p>	<p style="text-align: center;"><b>Батырдың мінезі</b></p> <p>-Шайқас кезінде жауынгерлерге жігер беретін ең күшті жебеуші нәрсе не, Бауке?- деп сұрадым батырдан.</p> <p>- Командирдің жеке басының қайраты - деді Баукең.</p> <p>- Осыған байланысты өз майдан жолыңыздан бір әңгіме айтып беріңізші, Бауке</p> <p>-Немене, мақтануым керек пе?</p> <p>-Жоқ, болған оқиғаны айтып беруіңізді сұраймын.</p> <p>-Тыңда, ендеше. Бір жолы біздің батальон қалың орманға қарай бет алды. Орманға жүз елу-екі жүз метрдей таянып қалдық. Оқ бойы алдымызда бара жатқан екі шолғыншы жауынгердің біреуі көмілген минаға ұрынып, аспанға ұшты. Екінші шолғыншы да алға қарай бір-екі аттап қалғанда, минаға соғылды. Бәріміз де тоқтай қалдық. Мина көмілген алаңға киліккенімізді түсіндік. Енді ілгері жүру қауіпті. Бірақ кейін шегінуімізге болмайды. Қайткенде де орманға кіруіміз керек. Бекініс жасар жер алдымызда. Жауынгерлеріме қарадым. Бәрі тым-тырыс. Аяқтарын бір қадам ілгері аттап басуға ешбіреуінің де батылдары жетпей тұрғанын өңдерінен таныдым. Енді не амал табуым керек?</p> <p>Менің астыма мінген атым бар болатын. Тәуекелге бел байладым да, атпен алға тура жүріп кеттім. Орманға жеткен соң бұрылып, кейін қайырылдым. Осылай ерсілі –қарсылы екі рет жүріп өтіп, із салдым. Сонан соң жауынгерлерге:</p>	<p><b>Мәтінмен жұмыс:</b>  <a href="https://www.youtube.com/watch?v=qVJ9lva13rw">https://www.youtube.com/watch?v=qVJ9lva13rw</a>  Бейнебаян көру (Бауыржан Момышұлының өз даусы)  <b>«Ой қозғау» әдісіне</b> сүйеніп Ұлы Отан соғысына қатысты ерлік туралы сөздерге ,өз аулымыз бен тумаластарымыздан қандай батырлар шыққанын әр топ өз ойларымен бөліседі.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- әр топ тұжырымды ойларын постерге түсіріп, топтық жұмысын қорғайды;</li> <li>- тапсырманы орындау кезеңінде әр топ бірін-бірін толықтырады.</li> </ul> <p>Мәтінді тізбектей оқу.</p> <p><b>Сұраққа жауап береді</b></p> <table border="1" data-bbox="1220 783 2063 1126"> <tr> <td>Білу</td> <td>Бауыржан Момышұлы кім?</td> </tr> <tr> <td>Түсіну</td> <td>1941-1945 жылдары қандай оқиға болды?</td> </tr> <tr> <td>Қолдану</td> <td>Полк командирі барлық командирлерді жинау себебі неде?</td> </tr> <tr> <td>Талдау</td> <td>Қазақ баласы –ар мен намыс иесі дегенді қалай түсінесіңдер?</td> </tr> <tr> <td>Жинақтау</td> <td>ҰОС Батырларының ерлігі қандай деп ойлайсың?</td> </tr> <tr> <td>Бағалау</td> <td>Өзіңді жас батырмен деп есептейсің бе?</td> </tr> </table> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- батыр ата портретін, іс әрекетін сипаттап, дәлелдей алады;</li> <li>- сұраққа жауап береді.</li> </ul> <p>Бауыржан Момышұлы туралы ақпаратты пайдалана отырып, <b>«кластер»</b> қорғау</p>	Білу	Бауыржан Момышұлы кім?	Түсіну	1941-1945 жылдары қандай оқиға болды?	Қолдану	Полк командирі барлық командирлерді жинау себебі неде?	Талдау	Қазақ баласы –ар мен намыс иесі дегенді қалай түсінесіңдер?	Жинақтау	ҰОС Батырларының ерлігі қандай деп ойлайсың?	Бағалау	Өзіңді жас батырмен деп есептейсің бе?
Білу	Бауыржан Момышұлы кім?													
Түсіну	1941-1945 жылдары қандай оқиға болды?													
Қолдану	Полк командирі барлық командирлерді жинау себебі неде?													
Талдау	Қазақ баласы –ар мен намыс иесі дегенді қалай түсінесіңдер?													
Жинақтау	ҰОС Батырларының ерлігі қандай деп ойлайсың?													
Бағалау	Өзіңді жас батырмен деп есептейсің бе?													



	<p>- Еріңдер соңымнан! Бір ғана қатармен, біріңнің артыңнан бірің менің ізіммен тұп-тура жүріп отырыңдар! - деп бұйрық бердім.</p> <p>Қозғалып кеттік. Орманға жеткенше еш жағыма бұрылып қарағаным жоқ. Екі көзім тек алда болды. Соңымнан жігіттердің көздерін менен айырмай, аяқтауын батыл басып келе жатқандарым ішімнен сезіндім.</p> <p>Қауіпті зонада бәріміз аман өттік.</p> <p>- Мина көмілген жерді кесіп жүріп келе жатқаныңызда қатерге ұшырармын деп қауіптенбедіңіз бе?</p> <p>- Тәуекелге бел буған адамды қорқыныш билемейді.</p> <p>-Соғыста ең қауіпті нәрсе не?</p> <p>-Паника. Қазақшалап айтқанда – үрей.</p>	<div style="text-align: center;">  </div> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәтін мазмұнын біледі;</li> <li>- Бауыржан Момышұлын сипаттайды.</li> </ul>
<p>3.2.5.1 көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау; 3.2.8.1-эпизодтарды салыстыру</p>	<p style="text-align: center;"><b>Аққұс туралы аңыз</b></p> <p>Шәмшінің шырқап салатын әдемі дауысы болмаса да, әннің табиғатын түсініп, оны тыңдаушысына жеткізе білетін әсем үні бар еді. Оның дауысы кейде қырылдай шығып, биіктей алмаса да, тыңдар құлақты еріксіз елітіп, қай жүректі болмасын баурап әкететін.</p> <p>-Саған қай қасиет бұрын дарыды-ән салу ма, әлде ән шығару ма?-деп сұрағанымда, Шәмші сәл ойланып :</p> <p>-Бетховен тас керең болса да, ғажап музыка жазған. Байқадамов қазақ әндерін айтуға олақ болғанымен, нағыз қазақи әндер жазған. Өйткені бәрінің көкірегінде сайрайтын бір-бір Аққұс бар,- деген еді ол.-Анамнан естіген хикая еді. Сол Аққұс туралы әңгімемді тыңда .</p> <p>Алыстағы бір асқар таудың басын армандай сұлу Аққұс мекендесе керек. Ол төгілте ән шырқағанда</p>	<p><b>Мәтінмен жұмыс:</b></p> <div style="display: flex; align-items: center;">  <div> <p><b>Шәмші Қалдаяқов-</b> аса көрнекті сазгер, ән өнерінің әйгілі майталманы, қазақ эстрадасының негізін салушылардың бірі</p> <p><b>Людвиг ван Бетховен-</b> неміс халқының ұлы композиторы, дирижері және пианисті.</p> <p>Бақытжан Байқадамов ән хор өнерінің өркендеуіне зор үлес қосқан қазақтың көп қырлы, талантты музыкант.</p> <p><i>Эпизодта қандай өнер аты бар.</i></p> <p>Шәмшінің шырқап салатын әдемі дауысы болмаса да, әннің табиғатын түсініп, оны тыңдаушысына жеткізе білетін әсем үні бар еді. Оның дауысы кейде қырылдай шығып, биіктей алмаса да, тыңдар құлақты еріксіз елітіп, қай жүректі болмасын баурап әкететін.</p> <p>- Саған қай қасиет бұрын дарыды-ән салу ма, әлде ән шығару ма?-деп сұрағанымда, Шәмші сәл ойланып:</p> <p>- Бетховен тас керең болса да, ғажап музыка жазған. Байқадамов қазақ әндерін айтуға олақ болғанымен, нағыз</p> </div> </div>

<p>тау мүлгіп, көл тынып, аспан егіледі екен дейді. Оның әсем әнін аңсаған пенделер осы тауға ағылып, Аққұстың ұядан ұшуын апталап, айлап күтіп жатады. Өзінің әніне ынтық болған жұрт мол жиналған шақта Аққұс аспандап ұшып, тау асып, бел асып, махаббат жайлы мұңлы да қуанышты әнін шырқайды. Ол небір қайғылы жүректің мұңын басып, сөнуге айналған үмітке от жағады екен дейді.</p> <p>Аққұстың ел жұртты тамсандырған осы даңқы Қарақұсқа жетіпті Өзіңнен басқаның жақсы болуын қаламайтын Қарақұс кәріне мініп ,оның көзін жоюға бел байлапты. Аққұстың аңғырт ,бейбіт шағын аңдыған ол бір күні шап беріп ұстай алып, қанды тырнағымен бүріп өлтіруге айналады.</p> <p>Ақтық шағы тақалғанда көзі жеткен Аққұс: «Ең болмаса бір ән айтып өлейін», -деп жалынған екен дейді. Қарақұс сәл ойланып: «Бір әнде тұрған не бар дейсің, айтсаң, айт», -деп рұқсат береді.</p> <p>Аққұс екі иығынан ауыр дем алып, биік аспанға мұңая көз салып, бұл дүниеде бұрын - соңды ешкім естімеген бір әнді шырқай жөнеледі. Бұл әнді естігенде азынаған жел де тына қалады. Қаратаудың көкірегі қарс айырылып, аһ ұрады. Өзен ағысын тоқтатады. Ағаштар жапырағын жайып, қайғыға оранады. Бар дүниені түн басады. «Бұл не боп қалды?» деп ,Қарақұс жан –жағына қараса ,өзі де егіліп, еңкілдеп жылап отыр екен дейді.</p> <p>-Бар, ұш! Сен азатсың! -деп айқай салыпты ол Аққұсқа.</p> <p>-Бірақ ендігәрі тырнағыма іліксең, ән айтқызбай өлтіруге ант етемін.</p> <p>-Әннің құдіреті, міне осында, - дейтін Шәмші сөзін аяқтап, сәл күрсініп</p>	<p>қазақи әндер жазған. Өйткені бәрінің көкірегінде сайрайтын бір-бір Аққұс бар,-деген еді ол.-Анамнан естіген хикая еді. Сол Аққұс туралы әңгіме.</p> <p><b>Эпизод шығарманың бір бөлігі</b> Эпизодта қандай өнер аты аталады?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ән өнері</li> <li>- би өнері</li> <li>- сән өнері</li> </ul> <p>Алыстағы бір асқар таудың басын армандай сұлу Аққұс мекендесе керек. Ол төгілте ән шырқағанда тау мүлгіп, көл тынып, аспан егіледі екен дейді. Оның әсем әнін аңсаған пенделер осы тауға ағылып, Аққұстың ұядан ұшуын апталап, айлап күтіп жатады. Өзінің әніне ынтық болған жұрт мол жиналған шақта Аққұс аспандап ұшып, тау асып, бел асып, махаббат жайлы мұңлы да қуанышты әнін шырқайды. Ол небір қайғылы жүректің мұңын басып, сөнуге айналған үмітке от жағатын мекен дейді?</p> <p><b>Үзіндіден Аққұс бейнесін тап</b> Ұлпадай нәзік Армандай сұлу Жүндей мамық</p> <p>Аққұстың ел жұртты тамсандырған осы даңқы Қарақұсқа жетіпті. Өзіңнен басқаның жақсы болуын қаламайтын Қарақұс кәріне мініп, оның көзін жоюға бел байлапты. Аққұстың аңғырт, бейбіт шағын аңдыған ол бір күні шап беріп ұстай алып, қанды тырнағымен бүріп өлтіруге айналады.</p> <p>Ақтық шағы тақалғанда көзі жеткен Аққұс: «Ең болмаса бір ән айтып өлейін», - деп жалынған екен дейді. Қарақұс сәл ойланып: «Бір әнде тұрған не бар дейсің, айтсаң, айт», -деп рұқсат береді.</p> <p><b>Қарақұс Аққұсты неге өлтіргісі келді ?</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- аққұспен қорекке таласып қалды;</li> <li>- аққұстың әрекетіне ренжіп қалады;</li> <li>- аққұстың жақсы болғанын қаламады.</li> </ul>
--	---

		<p>Аққұс екі иығынан ауыр дем алып, биік аспанға мұңая көз салып, бұл дүниеде бұрын - соңды ешкім естімеген бір әнді шырқай жөнеледі. Бұл әнді естігенде азынаған жел де тына қалады. Қаратаудың көкірегі қарс айырылып, аһ ұрады. Өзен ағысын тоқтатады. Ағаштар жапырағын жайып, қайғыға оранады. Бар дүниені түн басады. «Бұл не боп қалды?» деп, Қарақұс жан –жағына қараса, өзі де егіліп, еңкілдеп жылап отыр екен дейді.</p> <p>-Бар, ұш! Сен азатсың!-деп айқай салыпты ол Аққұсқа.</p> <p>-Бірақ ендігәрі тырнағыма іліксең, ән айтқызбай өлтіруге ант етемін.</p> <p>-Әннің құдіреті ,міне осында,-дейтін Шәмші сөзін аяқтап, сәл күрсініп.</p> <p><b>Неге Қарақұс Аққұстың көзін жоймақ ойынан айнып, босатады?</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- аққұстың әнінің құдіреті әсер етеді;</li> <li>- аққұстың жылағаны қатты әсер етті.</li> </ul> <p><b>«Қызыл жалау» ойыны</b></p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- кейіпкерлердің портретін сипаттап, оның іс-әрекетінің өзгеру себептерін дәлелдеп келтіріп бағаламайды.</li> <li>- сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтайды.</li> </ul>
--	--	--

**Жаратылыстану  
1-сынып**

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
<b>Тыңдалым</b>		
1.2.2.2 жабайы және үй жануарларын ажырату	<p style="text-align: center;"><b>Жабайы және үй жануарларының айырмашылығы</b></p> <p>Суреттерді салыстыр. Қандай жануарлар адамның күтімін қажет етеді? Қандай жануарлар өздігінен тіршілік етеді?</p>	<p><b>«Серпілген сауал» әдісі</b></p> <p>- Қазақстанда тіршілік ететін қандай жануарларды білесің?</p> <p>Топтық жұмыс. <b>«Суреттерді салыстыр, жинақта»</b> Үй жануарлары мен жабайы жануарлар аралас суреттері беріледі,</p>

		<p>білім алушылар топтасып, ақылдасып бөлек екі топқа жинақтайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қандай жануарлар адамның күтімін қажет етеді?</li> <li>- Үй жануарларына адамның күтімі қажет.</li> <li>- Қандай жануарлар өздігінен тіршілік етеді? (Жабайы, дала жануарлары өздігінен тіршілік ете алады).</li> </ul> <p><b>«Кім тапқыр?» ойыны</b>  Білетін үй жануарларына сипаттама беру  Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- топпен бірігіп жұмыс жасай алады, постер қорғап біледі.</li> <li>- үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажырата біледі</li> </ul>
--	--	--

### Жаратылыстану 4-сынып

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
<b>Тыңдалым</b>		
<p>4.2.1.5 төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктерді ажырату;</p>	<p><b>Төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктер</b>  Өсімдіктер жоғары сатыдағы және төменгі сатыдағы өсімдіктер болып бөлінеді. Төменгі сатыдағы өсімдіктердің мүшелері болмайды. Олар сулы ортада тіршілік етуге бейімделген. Бұл топтағы өсімдіктерге балдырлар жатады.  Жоғарғы сатыдағы өсімдіктердің мүшелері толық жетіледі. Олардың тамыры, гүлі, сабағы, жапырағы және жемісі болады. Мысалы: қарағай, арша, терек, итмұрын жоғарғы сатыдағы өсімдіктерге жатады.</p>	<p><b>Мәтінмен жұмыс:</b>  <b>«Кезектескен интервью» әдісі топтық жұмыс</b>  Әр топқа өткен сабақтардан сұрақтар беріледі. Микрофон қолдану</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Өсімдік қандай мүшелерден тұрады?</li> <li>- Олардың әрқайсысы қандай қызмет атқарады?</li> <li>- Мүшелері болмайтын өсімдік болуы мүмкін бе?</li> </ul> <p><a href="https://e-oqulyq.nis.edu.kz/">https://e-oqulyq.nis.edu.kz/</a>  аудио тыңдау  Ширату тапсырмасы: Жұптық жұмыс: «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Төменгі сатыдағы өсімдіктерге нелер жатады?</li> <li>- Жоғарғы саты өсімдіктеріне нелер жатады?</li> <li>- Өсімдіктерді неге бұлай топтастырады? Ойларыңмен бөліс.</li> </ul>

		<p><b>«Жалған-ақиқат» әдісі</b></p> <table border="1" data-bbox="1223 188 2074 611"> <thead> <tr> <th></th> <th>ИӘ</th> <th>ЖОҚ</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Өсімдікті топыраққа бекітетін тамыры емес</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Сабақ өсімдік мүшелеріне минерал мен суды жеткізуші</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Тұқым орнына жеміс түзілмейді</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Балдыр төменгі саты өсімдігі</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Итмұрын, шыршы жоғарғы саты өсімдіктері емес</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Мүк төменгі сатыдағы өсімдік</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Жоғарғы сатыдағы өсімдіктер тез таралады</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Төменгі сатыдағы өсімдік тез таралмайды</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескриптор:  - өсімдіктердің қандай топтарға бөлінетінін біледі;  - төменгі және жоғарғы сатыдағы өсімдіктерді ажыратып үйренеді.</p> <p><b>«ББУ» кестесі арқылы қортындылау.</b></p> <table border="1" data-bbox="1223 831 2074 906"> <thead> <tr> <th>Білемін</th> <th>Білгім келеді</th> <th>Үйрендім</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>		ИӘ	ЖОҚ	Өсімдікті топыраққа бекітетін тамыры емес			Сабақ өсімдік мүшелеріне минерал мен суды жеткізуші			Тұқым орнына жеміс түзілмейді			Балдыр төменгі саты өсімдігі			Итмұрын, шыршы жоғарғы саты өсімдіктері емес			Мүк төменгі сатыдағы өсімдік			Жоғарғы сатыдағы өсімдіктер тез таралады			Төменгі сатыдағы өсімдік тез таралмайды			Білемін	Білгім келеді	Үйрендім			
	ИӘ	ЖОҚ																																	
Өсімдікті топыраққа бекітетін тамыры емес																																			
Сабақ өсімдік мүшелеріне минерал мен суды жеткізуші																																			
Тұқым орнына жеміс түзілмейді																																			
Балдыр төменгі саты өсімдігі																																			
Итмұрын, шыршы жоғарғы саты өсімдіктері емес																																			
Мүк төменгі сатыдағы өсімдік																																			
Жоғарғы сатыдағы өсімдіктер тез таралады																																			
Төменгі сатыдағы өсімдік тез таралмайды																																			
Білемін	Білгім келеді	Үйрендім																																	
<p>4.2.2.3 өсімдікқоректі және жыртқыш жануарларды ажырату</p>	<p><b>Неліктен әр жануардың қорегі әртүрлі болады?</b></p> <p>Жер бетіндегі жануарлардың бәрі бірдей қорекпен қоректенсе, не болатынын елестете аласың ба? Онда барлық жануарға қорек жетер ме еді? Бұл жағдайда тірі ағзалар қорек тапшылығынан жойылып кетер еді.</p> <p>Табиғатта әрқашан белгілі бір тепе –теңдік сақталады. Жануарлардың әрқайсысы әртүрлі қоректенеді. Мысалы: даланы мекендейтін тышқан өсімдік дәнін ,ал суыр шөпті қорек етеді. Өз кезегінде жылан тышқанды ,ал сұңқар суырды жейді. Яғни жануар белгілі бір қорек түріне</p>	<p><b>Мәтінмен жұмыс:</b> <a href="https://e-oqulyq.nis.edu.kz/">https://e-oqulyq.nis.edu.kz/</a> аудио тыңдау  Топпен жұмыс: «Елші» әдісі бойынша оқу оқиды, көрші топқа әңгімелеп береді.</p> <p><b>«Қызыл жалау» ойыны</b>  Білім алушыларға тест беріледі, әр қатардағы білім алушылар кезекпен орындап, бұрын болған қатардың оқушылары туды тақтаға іледі.</p> <p>1.Өсімдіктерді қорек ететін жануарлар тобын қалай атар едің?  Өсімдікқоректілер  Жыртқыштар</p> <p>2.Қорегі өсімдіктің тамыры, жапырағы, шырыны, қабығы, тұқымы, жемісі болатын жануарлар:</p>																																	

	<p>бейімделеді. Қоректену арқылы олар өз тіршілігін сақтап қалады.</p> <p>Жануарлар қоректену түріне байланысты өсімдікқоректілер мен жыртқыштарға бөлінеді. Өсімдікқоректілерге жеміс-жидек, гүл шірнесі, жапырақ, бұтақ, сабақ, тамыр, гүл сияқты өсімдік мүшелерімен қоректенетін жануарлар жатады.</p> <p>Ал жануарларды қорек ететін ,яғни етпен қоректендіретіндерді жыртқыштар дейді.</p> <p>Жануарлардың қоректенуге бейімделуіне байланысты өз ерекшеліктері болады. Мысалы, жыртқыш аңдар қорегін жұлып, кеміріп жейтіндіктен, олардың өткір әрі үшкір тісі мен мықты тырнағы болады. Жылан қорегінің мөлшеріне қарай аузын үлкейтіп, тұтастай жұта алады. Тоқылдақ ағаш діңіндегі құрттармен қоректену үшін үшкір әрі берік тұмсығы мен ұзын жабысқақ тілін пайдаланады.</p>	<table border="0"> <tr> <td>үкі</td> <td>көбелек</td> <td>түлкі</td> </tr> <tr> <td>тиін</td> <td>тоқылдақ</td> <td>тышқан</td> </tr> <tr> <td>жұлдызқұрт</td> <td>қоян</td> <td></td> </tr> </table> <p>3.Өзге жануарларды аулайтын жануарлар тобын қалай атар едің?</p> <p>4.Жылқыны сипаттауға жарамайтын тұжырымды белгіле: Азу тісі үшкір емес Тырнағы өте өткір Қалың ерні мен тісі шөпті үзуге, тістеуге икемді Мықты тұяғы қарды теуіп, шөпті аршып алуға бейімделген</p> <p>5.Сілеусінді сипаттауға жарамайтын тұжырымды белгіле Ит тісі үшкір, сойдыған, азу тісі өте өткір Қалың ерні мен тісі шөпті үзуге, тістеуге икемді Тырнағы өте өткір, ұзын, мықты Қатты жүгірген кезде бұрылу үшін құйрығын қолданады.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- мәнерлеп оқып, мазмұнын түсінеді;</li> <li>- қоректенуіне қарай жануарлардың өсімдікқоректі және жыртқыш болып бөлінетінін ажырата біледі.</li> </ul>	үкі	көбелек	түлкі	тиін	тоқылдақ	тышқан	жұлдызқұрт	қоян	
үкі	көбелек	түлкі									
тиін	тоқылдақ	тышқан									
жұлдызқұрт	қоян										

## Қазақ тілі 2-сынып

Оқу мақсаттары	Мәтін	Жүргізілетін жұмыс түрлері
<b>Тыңдалым</b>		
<p>2.2.4.1. Мұғалімнің көмегімен мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау</p>	<p>Суретпен жұмыс</p> 	<p><b>Мәтінмен жұмыс</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Балалар не істеп жатыр?</li> <li>Әр топ іс- қимылын білдіріп тұрған сөздерді жазып алып келу</li> <li>Отырғызды, суарды, жасады, қопсытты, қуанды т.б</li> </ul> <p><b>«Суретті әңгімеле» әдісі</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Суретте қай мезгіл бейнелеген?</li> <li>- Қимыл атауларын білдіретін сөздерді ата (отырғызды, суарды, жасады, қопсытты, қуанды т.б)</li> </ul>

		<p>-Қандай сұрақтарға жауап береді? <b>Мәтінмен жұмыс «Ойлан, жұптас, талқыла»</b> - Әр топ сөйлем құрастыра отырып, мәтін шығарады. Мәтін ішіндегі етістіктердің астын сызу Дескриптор : - берілген суреттегі негізгі ақпаратты табады; - сурет бойынша әңгіме құрастырады; - сұрақтарға жауап бере алады.</p>
--	--	---

## Қорытынды

Бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар оқу процесін тиімді және нәтижелі ұйымдастыруға бағытталған.

Білім алушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттыру үшін оқу материалдары мен тапсырмалары әртүрлі, қызықты және баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес, мотивацияны арттыру мақсатында ойын элементтері, интерактивті әдістер мен заманауи технологиялар қолданылуы тиіс.

Оқу жылдамдығын арттыру және оқу кезінде мәнерлеп оқуды қалыптастыру маңызды. Бұл мақсатқа жету үшін арнайы жаттығулар мен әдістер қолданылады. Оқу техникасын жетілдіру арқылы мәтіннің мағынасын түсіну және мазмұндау дағдылары да дамиды.

Оқу дағдыларын қалыптастыру процесінде сөздік қорын байытуға ерекше көңіл бөлу қажет. Білім алушылардың сөздік қорын кеңейту үшін арнайы лексикалық жаттығулар, сөздік диктанттар, мәтіндерді талдау және жаңа сөздерді пайдалану ұсынылады. Сонымен қоса жаңа сөздерді білім алушылардың күнделікті өмірде қолдануына жағдай жасау маңызды.

Бастауыш сынып білім алушыларының оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында отбасымен бірлесе жұмыс жасау қажет. Ата-аналар мен мұғалімдердің бірлескен іс-әрекеті ғана білім алушылардың оқу дағдыларын тиімді дамытуға ықпал етеді. Білім алушыларға кітап оқуды насихаттау және бос уақытында кітапханаға бару мәдениетін үйрету маңызды.

Әрбір білім алушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу дағдыларын қалыптастыру әдістерін бейімдеу қажет. Бұл дифференциацияланған және жеке тәсілді қамтамасыз етеді. Жеке оқыту әдістері білім алушылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандырып, олардың оқуға деген қызығушылығын арттырады.

Оқу дағдыларын қалыптастыру барысында білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға көңіл бөлу қажет. Бұл мақсатқа жету үшін топтық жұмыс, пікірталас, және рөлдік ойындар қолданылады. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту білім алушылардың өз ойын еркін жеткізуге және өзара түсіністікті арттыруға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар оқу процесін жан-жақты және тиімді ұйымдастыруға бағытталған. Білім алушылардың оқу дағдыларын дамытуда мұғалімдер, ата-аналар және олардың өздері бірлесе әрекет етуі маңызды болып табылады. Бұл әдістемелік ұсынымдар білім алушылардың оқу мәдениетін қалыптастырып, олардың болашақ білім алу жолында табысты болуына негіз қалайды.



## Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

- 1) Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;
- 2) «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат
- 3) С. Рахметова. «Қазақ тілін оқыту методикасы» Алматы: Ана тілі. 1991ж-184б
- 4) Интернет ресурсы: [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/meetings\\_and\\_sittings/kasym-zhomart-tokaev-ulttyk-kogamdyk-senim-kenesinin-tortinshi-otyrysyna-katysty](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/meetings_and_sittings/kasym-zhomart-tokaev-ulttyk-kogamdyk-senim-kenesinin-tortinshi-otyrysyna-katysty)
- 5) Ш. Сәтиева. Оқушылардың оқу техникасын дамыту. Ұлағат.-2004№4.
- 6) О.А. Андреев. Техника быстрого чтения. Ростов-на-Дону, 2003.
- 7) Constitution of the Republic of Kazakhstan. Article 30. (1995). Retrieved from [https://www.akorda.kz/ru/official\\_documents/constitution](https://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitution)
- 8) The Law on Education of the Republic of Kazakhstan. Article 5. (2007). Retrieved from [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_)
- 9) Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. (2021). Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан [National report on the state and development of educational system of the Republic of Kazakhstan]. Nur-Sultan: JSC Information and Analytical Center. Retrieved from [https://iac.kz/?page\\_id=4238&lang=ru](https://iac.kz/?page_id=4238&lang=ru)
- 10) The Law on Education of the Republic of Kazakhstan. Article 12. (2007). Retrieved from [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_)
- 11) UNPFD. (2015). Partnership framework for development, Kazakhstan, 2016-2020. Nur-Sultan: Office of the UN Resident Coordinator in Kazakhstan.
- 12) The Law on Education of the Republic of Kazakhstan. Article 56. (2007). Retrieved from [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319_)
- 13) Интернет ресурсы: <https://portalrasvitie.ru/216872/219592.html>
- 14) Интернет ресурсы: <https://cloud.mail.ru/attaches/>
- 15) Интернет ресурсы: [https://bilim-all.kz/article/1887-SHul\\_te-kesteleri](https://bilim-all.kz/article/1887-SHul_te-kesteleri)

## Мазмұны

Кіріспе	3
1 Бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдыларын дамыту жолдары	5
2 Бастауыш сынып білім алушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар	32
Қорытынды	80
Пайдаланылған дереккөздердің тізімі	81

**«БАСТАУЫШ СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ  
ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК  
ҰСЫНЫМДАР»**

Басуға 10.06.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.

Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.

Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа таба